РУССКО-КАЗАХСКИЙ СЛОВАРЬ

ТОМ
II

ҚАЗАҚ ССР-нің ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ, ӘДЕБИЕТ ИНСТИТУТЫ

ОРЫСША-ҚАЗАҚША СӨЗДІК

РЕДАКЦИЯ:
М. БАЛАҚАЕВ,
С. ЖИЕНБАЕВ,
С. КЕНЕСБАЕВ
Н. САУРАНБАЕВ
(жауапты редактор)

II
ТОМ
(ПА — ЯЩУР)

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
БАСПАСЫ
АЛМАТЫ—1946

СОСТАВИТЕЛИ:
АДАЙХАНОВ Х., АМАНЖОЛОВ С.,
АСПАНДИАРОВ Б., БЕГАЛИЕВ Г.,
ЖИЕНБАЕВ С., КЕНЕСБАЕВ С.,
МУСАБАЕВ Г., Ю. ЦУНВАЗО

Принимали участие в составлении словаря:

БАЛАКАЕВ М., БУКЕЙХАНОВ Р.,
ИСКАКОВ А., КОКУМБАЕВ Ш.,
НУРТАЗИН Т., САУРАНБАЕВ Н.,
СЕБЕПОВ Г., СИДДИКОВ А.

РУССКИЙ АЛФАВИТ

Аа Бб Вв Гг Дд Ее Жж Зз Ии Йй Кк Лл
Мм Нн Оо Пп Рр Сс Тт Уу Фф Хх Цц Чч
Шш Щщ Ъъ Ыы Ьь Ээ Юю Яя

СПИСОК СОКРАЩЕНИЙ

авиац. — авиация
анат. — анатомия
арифм. — арифметика
архит. — архитектура
астрон. — астрономия
безл. — безлично
биол. — биология
бот. — ботаника
бухг. — бухгалтерия
вводн. — вводное слово
вин. — винительный п.
возвр. — возвратная форма
воен. — военный термин
вр. — время
вульг. — вульгарное выражение
геом. — геометрия
геол. — геология
гл. — глагол
грам. — грамматический т.
дат. — дательный п.
деепр. — деепричастие
дипл. — дипломатический т.
д. м. — деген мағнада
доревол. — дореволюционный т.
д. с. — деген сөз
ед. — единственное число
ж. — женский род
живоп. — живопись
зоол. — зоология
им. п. — именительный п.
ирон. — иронический
истор. — история
канц. — канцелярский т.
книжн. — книжный язык
кратк. — краткий
кулин. — кулинарный т.
ласк. — ласкательная форма
лингв. — лингвистика
лит. — литература
л. — лицо (глагола)
матем. — математика
маг. — мағнасында
мед. — медицина
междом. — междометие
мин. — минералогия
мест. — местоимение
метеор. — метеорология
миф. — мифология
мн. — множественное число
мор. — морской т.
м. — мужской род
муз. — музыка
мыс. — мысалы
нар. — наречие
нар.-поэт. — народно-поэтическое
наст. вр. — настоящее время
науч. — научный т.
нескл. — несклоняемое слово
несов. — несовершенный вид
обл. — областное
офиц. — официальный т.
п. — падеж
педаг. — педагогика
перен. — переносное значение
погов. — поговорка
послов. — пословица
поэт. — поэтическое выражение
пр. ст. — превосходная степень
прил. — прилагательное
прич. — причастие
предл. — предложный п.
полит. — политика
простореч. — просторечие
прош. — прошедшее время
психол. — психология
прям. — прямое
разг. — разговорный язык
религ. — религиозный т.
род. п. — родительный п.
рыбол. — рыболовство
сапож. — сапожное
с.-х. — сельскохозяйственный т.
сказ. — сказуемое
слав. — славянизм
собир. — собирательное имя сущ.
сов. — совершенный вид
спец. — специальный
спорт. — спортивный
ср. ст. — сравнительная степень
ср. — средний род
старин. — старинное
страд. — страдательная форма
суд. — судебный т.
сущ. — существительное
твор. — творительный п.
театр. — театральный т.
техн. — технический т.
тип. — типографский т.
т. — туралы, турасында
увелич. — увеличительное
уменьш. — уменьшительное
устар. — устаревшее слово
фигур. — фигурное выражение
физ. — физика
физиол. — физиология
филол. — филология
филос. — философия
фин. — финансовый т.
фот. — фотография
хим. — химия
церк. — церковный т.
числ. — числительное
школ. — школьное
юрид. — юридический т.

П

ПА *нескл. ср.* па (бидің аяқты ерекше тастап қыймыл жасайтын бір түрі); **сделать несколько па** бидің бірнеше пасын (қыймыл түрін) билеп шығу.

ПА́ВА тотының ұрғашысы; *перен.* келбетті, жүрісі әсем әйел.

ПАВИА́Н павиан (маймылдың итке ұқсас түрі).

ПАВИЛИ́КА *см.* **повилика.**

ПАВИЛЬО́Н павильон: 1) баудың ішіне әсемдеп салынған кішкене үйшік; 2) көрмелерде экспонат қоятын орын; 3) кино-картиналар түсіру жұмысына арналған үй (орын).

ПАВИЛЬО́ННЫЙ 1) *прил. к* **павильон**; 2) павильонда істеліп (түсіріліп) жатқан (кино).

ПАВЛИ́Н тоты құс.

ПАВЛИ́НИЙ *прил. к* **павлин**; **п. глаз** (зоол.) үлкен ала көбелек; **ворона в павлиньих перьях** боома, қу адам (мәдениетті, үлкен кісі болып көрінуге тырысатын қу адам).

ПА́ВОДОК, дка бөгеттелген су (сельдің суынан я қардың, мұздың еруінен пайда болып бөгеттеліп қалған су).

ПА́ВУШКА *уменьш.-ласк. к* **пава.**

ПА́ВШИЙ *прич. от* **пасть** құлаған, құлап қалған; *в знач. сущ.* **па́вшие**, их *мн.* өлген (соғыста, майданда) қаза тапқан.

ПАГИНА́ЦИЯ пагинация (кітап беттерін нөмірлеу).

ПА́ГОДА пагода (будда дініндегілердің пұтқа табынатын үйі).

ПА́ГОЛЕНОК, нка қоныш (басы жоқ байпақ, чулки т. б.), етік қонышы.

ПА́ГУБА қаза, қатер, қатты зиян, әлеге; **постоянное недосыпание — п. для здоровья** ұдайы ұйқы қанбаушылық — ден саулыққа өте зиян.

ПА́ГУБНЫЙ, бен қазалы, пәлелі, қатерлі; **пагубное влияние** аса зиянды әсер; **пагубно** *нар.*

ПА́ДАЛЬ *ж.* 1) өлексе, өлімтік, жемтік; 2) (обл.) ағаштан үзіліп түскен жеміс.

ПА́ДАНЕЦ, нца *м.* үзіліп түскен жеміс (пісуі жетіп сабағынан үзіліп түскен жеміс).

ПА́ДАТЬ *несов.* 1) жығылу, қыйрау; 2) жауу (жаңбыр, қар); 3) түсу, төмендеу; 4) мал қырылу; 5) жұлыну, түсу; **тень падает** көленке түседі; **ударение падает на последний слог** екпін сөздің соңғы буынына түседі; **температура падает** температура төмендейді; **п. духом** енжиғасы түсу (жабырқау); **п. морально** азу, жамандық жолына салыну; **п. в обморок** есінен тану.

ПАДЕ́Ж (лингв.) септік; **родительный п.** ілік септік.

ПАДЕ́Ж малдың індеті, мал қырылу, мал өлімі.

ПАДЕ́ЖНЫЙ *прил. к* **падеж** (лингв.); **падежные окончания** септік жалғаулар.

ПАДЕ́НИЕ түсу, көшу, азаю, төмендеу, жығылу, құлау. **п. цен** бағаның төмендеуі.

ПАДИША́Х падишах (кейбір шығыс елдерінде—бұрын түркияда, кәзір Ауғанстанда, монархтың мәнсәп атағы).

ПА́ДКИЙ, док құмар, көрсе қызар; **падок на деньги** ақша құмар.

ПАДУ́ЧИЙ: **падучая болезнь** қояншық ауру.

ПА́ДЧЕРИЦА өгей қыз.

ПАДЬ *ж.* (обл.) терең сай, аңғар, алап.

ПАЕВО́Й жарналы, жарнамалы; **паевая сумма** жарнама ақшасы.

ПАЁК, пайка́ паек; үлес (азық);

красноармейский п. қызыләскер паегі (үлесі, азығы).

ПАЖ[1] паж (орта ғасырларда ұлық әйелге, я құзырлы ақсүйек әйелге қызмет істейтін дворян баласы).

ПАЖ[2] паж (әйелдердің ұзын юпкасын көтеріп байлайтын белбеуі).

ПА'ЖЕСКИЙ *прил. к* **паж**[1]; ✦ **п. корпус** (доревол.) дворяндар тұқымдары оқыйтын әскери оқу орны.

ПА'ЖИТЬ *ж.* жайлым (жер), мал өрісі.

ПАЗ (техн.) қуыс саңлау (бір-бірінe қыйыстырыла салынған тақтайдың, бөренеңің, плитаның, я қаңылтырдың мығым қабыспауынан пайда болатын қуыс, саңлау).

ПАЗИ'ТЬ, пажу *несов.* ұңғылау, ұңгу, қуыс қалдыру, қуыстау.

ПА'ЗУХА 1) қойын; 2) жапрақтың сабаққа біткен жеріндегі қуысы; ✦ **камень за пазухой держать** бір ұртында қаны, бір ұртында майы жұру.

ПА'ИНЬКА, *род. мн.* нек *м.* и *ж.* тіл алғыш, зерделі, сөз қайтармас (бала).

ПАЙ жарна, үлес.

ПАЙКО'ВЫЙ *прил. к* **паёк.**

ПА'ЙЩИК[1], *ж.* **пайщица** жарнашы, үлес иесі.

ПА'ЙЩИК[2] дәнекерші, қалайышы.

ПАК (спец.) пак (терістік мұхитта көп жыл жатқан қалың мұз); **полярный п.** терістіктегі мәңгі мұз.

ПАКГА'УЗ пакгауз (зат қоятын қойма); **железнодорожный п.** темір-жол пакгаузы.

ПАКГА'УЗНЫЙ *прил. к* **пакгауз; п. сторож** пакгауз күзетшісі.

ПАКЕ'Т пакет (жабық хат); **завернуть в п.** пакет қылып бүктеу.

ПАКЕ'ТИК *уменьш. к* **пакет** кішкене пакет.

ПА'КЛИТЬ, лю *несов.* мүктеу, тығындау; **п. дом** үйдің қабырғасын тығындау.

ПА'КЛЯ қыйқым-сыйқым (шүберектен, кендірден түсетін үй мүктеуге, машина сүртуге қолданылатын қыйқым-сыйқым).

ПАКОВА'ТЬ, кую *несов.* орау, теңдеп буу, буып-түю.

ПАКО'ВКА *см.* **упако'вка.**

ПАКО'ВОЧНЫЙ: п. материал орағыш заттар.

ПА'КОВЫЙ *прил. к* **пак.**

ПА'КОСТИТЬ, кощу *несов.* (простореч.) 1) қый тастау, нәжістеу; 2) былғау, ластау, бұлдіру; 3) қаскүнемдік істеу.

ПА'КОСТНИК, *ж.* **пакостница** 1) бұлдіргіш, қаскүнем; 2) бұзық, құлықсыз.

ПА'КОСТНЫЙ, тен 1) жаман, жүрек айныйтын; **п. запах** жаман иіс; 2) қаскүнем, қараниет.

ПА'КОСТЬ 1) қасастық, біреуге істелетін қастық; 2) лас, былғаныш, былық.

ПАКТ пакт, келісім (мемлекеттердің арасындағы ірі саяси маңызды шарт).

ПАЛ (обл.) 1) далада, тоғайда болатын өрт; 2) өртенген жер (өрттің орны).

ПАЛАДИ'Н 1) (истор.) паладин (патша сарайындағы мырза, орта ғасырларда болған); 2) *перен.* (устар.) бір идеяға жан-тәнімен берілген, соны қуған, я біреуді жан-тәнімен жақтаған адам.

ПАЛАНКИ'Н паланкин (шығыс елдерде бай, я хүрметті адамды отырғызып алып жүретін үсті жабық сембіл).

ПАЛА'ТА палата: 1) салтанатты сарай; 2) бірдемеге арнап, безеп салған зор үй (қазна палатасы, сот палатасы, зеңбірек палатасы т. б.); **п. мер и весов** өлшеуіштер палатасы; **книжная п.** шыққан кітаптардың сан, сапасын есептеп отыратын орын; 3) ауруханалардағы аурулар бөлмесі; **больничная п.** ауру адам жататын бөлме; 4) заң шығаратын жоғарғы мекемелер; 5) кейбір буржуазия мемлекетінде уәкілдер палатасы; **нижняя п. (п. общин)** Англияда бұқаралар палатасы; **верхняя п.** жоғарғы палата (лордтар палатасы).

ПАЛАТАЛИЗИ'РОВАТЬСЯ, руюсь *сов. и несов.* дыбыстардың жіңішкеруі, жіңішкелеиуі.

ПАЛАТА'ЛЬНЫЙ (лингв.) жіңішке (дыбыстар т.); **палатальные звуки** жіңішке дыбыстар.

ПАЛА'ТКА шатыр.

ПАЛА'ЦЦО *нескл. ср.* дворец, сарай.

ПАЛА'Ч 1) жендет қанкешпе; 2) *перен.* қанішер.

ПАЛА́Ш палаш, наркескен (екі жүзді ұзын қылыш).

ПА́ЛЕВЫЙ сары қоңыр.

ПАЛЕ́НЫЙ үйтілген, күйдірілген, күйген.

ПАЛЕО́ГРАФ палеограф (палеографиямен шұғылданған ғалым).

ПАЛЕОГРА́ФИЯ (филол.) палеография (ерте замандардағы жазулар, қолжазбалар туралы ғылым).

ПАЛЕОНТОЛО́ГИЯ палеонтология: 1) жер қабатында қатып тасқа айналған қазып алынатын жәндіктер мен өсімдіктерді зерттейтін ғылым; 2) (лингв.) **лингвистическая п. или п. языка** ертеде болған тіл түрлерінің осы кездегі тілдердегі қалдықтарымен салыстырып зерттейтін ғылми әдіс.

ПА́ЛЕЦ, льца саусақ; **большой п.** басбармақ; **указательный п.** сұққол; **средний п.** ортанқол; **безымянный п.** атыжоқ қол; **в п. толщиной** қалыңдығы бір елі; ✦ **смотреть сквозь пальцы** нем құрайды қарау; **п. о п. не ударить** шөптің басын сындырмау (түк істемеу); **знать как свои пять пальцев** бес саусағындай білу.

ПАЛИСА́Д шарбақ.

ПАЛИСА́ДНИК палисадник (үй жанында қоршалған кішкене бау-бақша).

ПАЛИ́ТРА палитра (суретшілердің бояу салатын кішкене қол жәшігі).

ПАЛИ́ТЬ[1], лю *несов.* 1) үйту, өртеу; 2) қыздыру, жандыру, күйдіру.

ПАЛИ́ТЬ[2], лю *несов.* зеңбірекпен атқылау я бірнеше мылтықпен оқтың астына алу.

ПА́ЛИЦА күрзі, шоқпар: кір жуатын қалақша.

ПА́ЛКА таяқ, сойыл; ✦ **п. о двух концах** пайдасы мен зияны бірдей іс.

ПАЛЛА́ДИУМ палладиум (қорған тірек).

ПАЛЛИАТИ́В паллиатив, далбаса, ілдалда (толық нәтиже бере алмайтын шала әрекет).

ПАЛЛИАТИ́ВНЫЙ *прил. к* **паллиатив.**

ПАЛО́МНИК, *ж.* **паломница** 1) хажы (дінге беріліп, «қасиетті» орындарға бара беретіндер) (мұсылмандар Мекеге, христиандар Иерусалимге баратын сияқты); 2) *перен.* біреуді, бір орынды кәдірлеп көп келушілер.

ПА́ЛОЧКА 1) кішкене таяқ, шыбық; 2) аурудың құрты; **п. Коха** туберкулез құрты.

ПА́ЛОЧНЫЙ: *прил. к* **палка; палочные удары** таяқпен соғу; ✦ **палочная дисциплина** ұру-соғумен тәртіпке үйрету.

ПА́ЛУБА палуба (кеменің үсті).

ПА́ЛЫЙ 1) арам өлген (мал); 2) *прил. к* **палец; однопалый** бір саусақты; **шестипалый** алты бармақ.

ПАЛЬБА́ атыс (үсті-үстіне ату).

ПА́ЛЬМА пальма құрма (ыстық жерде өсетін жапырағы ұшар басына бітетін сидам ағаш; ✦ **получить пальму первенства** жарыста, бәсекеде бірінші орын алу.

ПАЛЬМИ́РА пальмира (типографиялық әріптердің гарнитурасы).

ПАЛЬНУ́ТЬ *сов.* атып, атқылап жіберу.

ПАЛЬТО́ *нескл. ср.* пальто.

ПА́ЛЬЧИК *уменьш.* бармақ, саусақ; **мальчик с п.** бармақтай бала (ұл бала).

ПА́ЛЬЩИК пальщик (шахтада, кен орындарында дәрімен кенді босатып жұмысты оңайлатушылар).

ПАМПА́СЫ *мн.* пампасы (түстік Американдағы шөбі мол жазық жер).

ПАМФЛЕ́Т памфлет, кісіге, әлеуметтік я саяси уақыйғаларға қарсы күнделік шығарма—мақала, кітапша).

ПА́МЯТКА 1) әдеби ескерткіш; 2) қысқаша нұсқау, ереже нұсқау.

ПА́МЯТНИК 1) ескерткіш; 2) қабыр басындағы тас; 3) ертеде болған мәдениет нұсқаларының қалдығы, жұрнағы.

ПА́МЯТНО есте, есте бар.

ПА́МЯТНЫЙ, тен: **памятная книжка** ескерткіш кітапша.

ПА́МЯТОВАТЬ, тую *несов.* еске алу, есте тұту ұмытпау.

ПА́МЯТЬ *ж.* 1) хатер, ес; 2) белгі, ескерткіш; **знать на п.** жатқа білу (бір нәрсені); **потерять п.** ұмытшақ болу, хатерсіз болу.

ПАН[1] пан 1) Польшаның алпауыт жер иелері; 2) ақсүйек; 3) *перен.* тәуелсіз, өзінше өзі не адам.

ПАН² (греч. книж.) біріккен сөздердің бірінші жартысы (барлық, жалпы *д. м.*).

ПАНА́МА (орталық Американың астанасы).

ПАНА́МА панама, етекті қалпақ.

ПАНАМЕРИКАНИ́ЗМ (полит.) панамериканизм (Солтүстік Америка Құрама Штаттарының жетекшілігімен барлық Америка халықтарын біріктіру идеясы).

ПАНАЦЕ́Я панацея жалған химиктердің айтуынша барлық ауруға ем дәрі; 2) *перен.* бәріне ем, бар іске қонымды.

ПАНЕГИ́РИК панегирик (есепе, етіп сөйлейтін)

ПАНЕ́ЛЬ *ж.* панель (көшенің екі жағындағы адам жүретін жол).

ПАНИБРА́Т («за» шылауымен қосылып айтылады) жан дос, жан жолдас, жан серік.

ПА́НИКА паника, қос үрейлік, байбалам шығындық, дүрбелең; **впасть в панику** құты қашу.

ПАНИКЁР, *ж.* **паникёрша** жүрексіздер, дүрбелең салушы (қорқыныш хабар таратқыш кісі).

ПАНИСЛАМИ́ЗМ панисламизім ислам дініндегі елдердің мұсылман феодалдары—буржуазиялары арасындағы барлық ислам дініндегі елдердің басын қосып, бір мұсылман мемлекетін құру дейтін реакциялық ағым).

ПАНИХИ́ДА (церк.) жаназа (өлікті жерлеуге арналған жыпылық).

ПА́ННА бикеш (полякша).

ПАНОРА́МА панорама (жердің әсем көрінісі, сол көріністің үлкен суреті).

ПАНСИО́Н пансион (қасында жатақханасы бар орта оқу орны).

ПАНСИОНЕ́Р, *ж.* **пансионерка** пансионер (пансионда жағып сылайтын оқушы).

ПАНСЛАВИ́ЗМ панславизм (Ресей патшалығымен барлық славян елдерін біріктіреміз деп тырысқан Ресейдің және басқа славян халықтарының монархиялық буржуазиясының XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезіндегі ағымы).

ПАНТАЛО́НЫ *мн.* панталон 1) шалбар (устар.); 2) әйелдің іш киімі.

ПАНТЕИ́ЗМ пантеизм (құдай мен жаратылыс екеуі бір дейтін идеалистік ағым).

ПАНТЕИ́СТ пантеист, пантеизмді жақтаушы.

ПАНТЕО́Н пантеон (атақты адамдардың сүйегін сақтау үшін салынған үй).

ПАНТЕ́РА пантера (барыс сияқты шұбар аң).

ПАНТОМИ́МА пантомима (ымдап түсіндіру), осындай ойынға арналған пьеса.

ПАНТЮРКИ́ЗМ панмюркизм (түркияның қол астына барлық түрік тілдес елдерді қосып, байшыл-феодалшыл мемлекет құруды көксеген ұлтшыл-байшыл ағым).

ПА́НЦЫРНЫЙ панцырлы (тас қабықты, қатты қабықты, сауытты).

ПА́НЦЫРЬ *м.* 1) батырлар киетін сауыт; 2) тас қабық, құрыш қабық); тас бақаның қабығы; сушылардың су өтпейтін киімі.

ПА́ПА 1) әке; 2) **папа римский** Рим папасы, Рим қаласындағы бүкіл католик дінінің бастығы.

ПАПА́ХА папақ (бас киім).

ПАПА́ША, **папенька** әкетай.

ПАПИРО́СА папирос (жасаулы шылым).

ПАПИРО́СНЫЙ: папиросная бумага шылым қағазы.

ПАПИ́РУС папирус (жапрағы жарғақ сияқты өсімдік), папирус жапрағы.

ПА́ПКА папка, мұқаба.

ПА́ПОРОТНИК папоротник (өсімдіктің бір түрі).

ПА́ПОЧКА *уменьш.* 1) папатай, әкетай, 2) кішкене мұқаба.

ПАПЬЕ́-МАШЕ́ *некл. ср.* папьемаше; бор, гипс қосқан қамыр қағаз.

ПАР бу.

ПА́РА жұп, пар әріптес.

ПАРА́БОЛА парабола (доға сияқты сызық).

ПАРАГВА́Й Парагвай (түстік Американдағы бір мемлекет).

ПАРА'ГРАФ параграф, бап.

ПАРА'Д парад, сәулет (сәулетті жүріс, салтанатты жүріс); **первомайский п.** бірінші май парады.

ПАРАДИ'ГМА парадигма сөздердің жалғаулар арқылы құбылып өзгеруін көрсететін кесте, үлгі).

ПАРАДИ'РОВАТЬ, рую *несов.* сәулет құру, парад өткізу (парадқа қатынасу).

ПАРА'ДНЫЙ, ден сәнді, салтанатты; **парадная сторона дела** істің көз тартар жағы; **п. вход** көшеден кіретін есік; **п. костюм** сәулет, сәнді костюм; **парадно** *нар.*

ПАРАДО'КС парадокс (дағдылы ұғымға қайшы, соны сөз, пікір).

ПАРАЗИ'Т паразит (арам тамақ, жатып ішер, тоғышар).

ПАРАЗИТИ'ЗМ паразитизм, тоғышарлық.

ПАРАЛИЗОВА'ТЬ, зую *сов. и несов.* дененің жанын кетіру, дене мүшесін семдіру; 2) *перен.* берекесін кетіру, әлсірету.

ПАРАЛИ'ТИК параличпен ауырған кісі.

ПАРАЛИ'Ч паралич (адам мүшесін жансыздандыратын, семдіретін ауру).

ПАРАЛЛЕЛИ'ЗМ параллелизм, қатар сызық (арасының алыстығы бірдей қатар сызық), жарыспалы қатар екі зат, қатарластық.

ПАРАЛЛЕ'ЛЬ *ж.* параллель (қатар сызық).

ПАРАПЕ'Т парапет: 1) қоршау, жақтау, таяныш; 2) жаудан қорғану үшін жасалған пана, қалқан.

ПАРАФИ'Н парафин (мұнайдан шыққан ақ түсті май тектес қою зат).

ПАРАФРА'З (парафраза) 1) парафраз (бір сөзді я сөйлемді басқаша құру); 2) мұзыкалық фантазия.

ПАРАФРАЗИ'РОВАТЬ, рую *сов. и несов.* бір ұғымды өз сөзімен басқаша беру, айту.

ПАРАШЮ'Т парашют (жоғарыдан я аэропланнан секіріп түсуге керекті шатыр).

ПАРАШЮТИ'СТ, *ж.* **парашютистка** (авиац.) парашютист (аэропланнан парашютпен секіруші).

ПАРЕНЁК, нька бала жігіт, бозбала.

ПА'РЕНИЕ булау, бұлаулау.

ПАРЕ'НИЕ жоғарыда қалықтау; **п. орла** бүркіттің қалықтауы; **парение в небесах** аспанда шырқтау.

ПА'РЕНЫЙ буға піскен.

ПА'РЕНЬ, парня *м.* жігіт, ер азамат.

ПАРИ' *нескл. ср.* бәстесу; **держать п.** бәс тігу.

ПАРИ'ЖСКАЯ ЗЕ'ЛЕНЬ астық дәрісі (тұқымдық дәнді дәрілейтін көк у).

ПАРИ'ЖСКАЯ КОММУ'НА Париж коммунасы (1871-жылы болған бірінші пролетариат диктатурасы).

ПАРИ'К парик (басқа киетін жасама шаш).

ПАРИКМА'ХЕР, *ж.* **парикмахерша** парикмахер, шаш тараз (сақал—шаш алумен-кәсіп етуші).

ПАРИКМА'ХЕРСКАЯ *род. п.* ой, *сущ.* шаштараз (сақал-шаш алатын орын).

ПАРИ'ЛЬНЯ моншадағы шабынатын бөлме.

ПАРИТЕ'Т паримет, тең праволық, (книжн.) екі нәрсенің тең болуы, тең праволылығы); 2) ел-елдің алтын ақшасының салыстырма құны (экон.),

ПА'РИТЬ, рю *несов.* 1) булау, қыздыру, бұлықтыру; 2) моншада шабыну; **курица парит яйца** тауық жұмыртқа басады.

ПА'РИТЬ, рю *несов.* 1) қалықтау, жоғарыда парлап ұшу.

ПА'РИТЬСЯ буға шабыну, буланып терлеу.

ПАРК парк (қаладағы саяхат орны); **тракторный п.** трактор жыйыны.

ПАРКЕ'Т паркет (иденге төсейтін қыйықша тақтай).

ПАРКЕ'ТНЫЙ *прил. к* **паркет;** п. пол паркетті иден.

ПАРЛА'МЕНТ парламент (Конституциялы мемлекеттердегі заң шығаратын халық уәкілдерінің жоғарғы жыйылысы).

ПАРЛАМЕНТАРИ'ЗМ парламентаризм (конституциялы буржуазия елдерінің мемлекеттік құрылысының системасы)

ПАРЛАМЕНТА'РИЙ парламент мүшесі, парламентизмды жақтаушы.

ПАРЛАМЕНТЕР парламентер бітімге жіберген елші.

ПАРНИ́К парник (ерте өсетін гүлдерді, жемістерді суықтан қорғап өсіретін жылы орын).

ПАРНИКО́ВЫЙ: парниковое растение парниктегі өсімдік.

ПАРНО́Й: парное молоко жаңа сауған сүт.

ПАРНОКОПЫ́ТНЫЙ *род. п.* ых, *сущ.* айырықша тұяқтылар.

ПА́РНЫЙ жұп қос: **парные дрожки** қос ат жеккен жеңіл арба.

ПАРОВИ́К (бу қазан, бу қазанды машина).

ПАРОВО́З паровоз.

ПАРОВО́Й *прил. к* **пар.**

ПАРОДИ́ЙНЫЙ пародиялы (мысқыл шығарма).

ПАРОДИ́РОВАТЬ, рую *сов. и несов.* мысқылдау, сықақтау.

ПАРОДИ́СТ мысқыл түрде жазатын жазушы.

ПАРО́ДИЯ пародия, сықақ шығарма.

ПАРОКСИ́ЗМ пароксизм (қоянның сыяқты үстемалы ауру).

ПАРО́ЛЬ *м.* пароль (құпия белгі, сөз).

ПАРО́М паром (арқанмен жүріп судан өткізетін кепір қайық).

ПАРООБРАЗОВА́НИЕ пардың жасалуы.

ПАРООТВО́ДНЫЙ: пароотводная труба пар жүретін труба.

ПАРОХО́Д пароход, кеме.

ПАРОХО́ДСТВО кеме қатынасы (кеме жұмысын басқаратын мекеме).

ПА́РТА парта (мектеп партасы).

ПАРТАКТИ́В партия актив, белсенділері.

ПАРТВЗЫСКА́НИЕ партия жазасы.

ПАРТДИСЦИПЛИ́НА партия тәртібі.

ПАРТЕ́Р партер (театрдағы төменгі орын); **в пятом ряду партера** партердің бесінші ретінде.

ПАРТИЕ́Ц, ийца партия мүшесі.

ПАРТИЗА́Н, *ж.* **партизанка** партизан: **партизанское движение** партизандар қозғалысы; **партизанский отряд** партизан жасағы.

ПАРТИ́ЙНОСТЬ *ж.* партияда барлық, партия жолына ниетіне сәйкес.

ПАРТИ́ЙНЫЙ и партийная *род. п.* ого *и* ой, *прил. к* **партия; п. билет** партия билеті; **п. комитет** партия комитеті.

ПА́РТИЯ партия (бір таптың мүддесін көздейтін саяси ұйым).

ПАРТНЁР, *ж.* **партнёрша** жұбай әріптес.

ПА́РУС желкен (кеменің желкені).

ПАРУСИ́НА кенеп (тоқылған кенеп).

ПА́РУСНЫЙ *прил. к* **парус; парусная лодка** желкенді қайық.

ПАРФЮМЕ́РИЯ парфюмерия (иісті сабын, опа т. б.).

ПАРЧА́ қамқа (алтын, күміс, оқа араластырып тоқылған қалың жібек).

ПАРША́ 1) таз; 2) малдың қотыры (просторeч.). **паршивый,** шив таз; қотыр; оңбаған; **паршиво** *нар.*; **дела идут паршиво** іс оңға баспай жүр.

ПАС пас (карта ойынында «тұрдық» *д. м.*).

ПА́СЕКА *ж.* 1) бір топ ағаш (кесуге арналған); 2) ара ұялары.

ПА́СЕЧНИК ара асырауши; ара бағушы, арашы.

ПА́СКВИЛЬ *м.* пасквиль (біреуді өсектеп қорлап жазылған шығарма).

ПАСКВИЛЯ́НТ пасквиль жазушы, жалақор жазушы.

ПАСКУ́ДА *м. и ж.* оңбаған, бұзақы (адам).

ПА́СМУРНЫЙ, рен, п. день бұлықсыр күн, буылдыр күн, жауын шашынды күн; **пасмурно** *нар.*

ПАСОВА́ТЬ, сую *несов.* ойынға қатынаспау; 2) тартыну.

ПАСПАРТУ́ *нескл. ср.* паспарту; 1) кілт; 2) портрет, сурет қыстырылатын оймыш қағаз.

ПА́СПОРТ паспорт.

ПАСПОРТИЗА́ЦИЯ паспорттандыру (тиісті адамдарға паспорт беру).

ПАССА́Ж пассаж, жайма дүкендер.

ПАССАЖИ́Р, *ж.* **пассажирка** пассажир (пойыз, пароход т. басқамен жүріп бара жатқан жолаушы).

ПАССАЖИ́РСКИЙ: *прил. к* **пассажир; п. поезд** пассажир поезы (кісі мінетін пойыз).

ПАССИ́В пассив: 1) шаруашылық мекемелер борышының, жыйнағы; 2) істің келісімсіз, кемістік жағы; 3) (грам.) *страд. залог* (ырықсыз етістік).

ПАССИ́ВНОСТЬ керенаулық, енжарлық, әрекетсіздік.

ПАССИ́ВНЫЙ, вен керенау, енжар; **пассивно** *нар.*

ПА́СТА паста, тіс тазартқыш; **зубная п.** тіс пастасы (тіс тазалайтын зат).

ПА́СТБИЩЕ жайылым, өріс.

ПАСТЕ́ЛЬ *ж.* 1) пастель (сурет салатын жұмсақ қарындаштар); 2) қарындашпен салынған суреттер.

ПАСТЕРИЗА́ЦИЯ пастеризация (сүйық нәрселерді жабық сауытта қайнатып, зиянды микробтардан аман сақтау (Пастер 19-ғасырдағы Француз ғалымы).

ПАСТИ́, пасу *несов.* мал бағу, мал жаю.

ПАСТИЛА́ жент (қант қосып қайнатқан тәтті тамақ); **вишневая п.** шие жент.

ПАСТИ́СЬ жайылу, жайылып жүру.

ПА́СТОР (церк.) пастор (протестанттар тобы).

ПАСТУ́Х бақташы, малшы.

ПА́СТЫРЬ *м.* діни хызметкер, поп.

ПАСТЬ[1], паду *сов.* 1) жоғарыдан құлау; **п. духом** ынжырғасы түсу.

ПАСТЬ[2] *ж.* ауыз, аранды ауыз (жыртқыш аңдардың).

ПАСТЬБА́ бағу, мал бағу, жаю.

ПА́СХА (церк.) пасха (қызыл жұмыртқа мейрамы).

ПА́СЫНОК, нка 1) өгей бала; 2) *перен.* шет қақпай болу, көз түртті болу.

ПАТЕ́НТ патент (сауда я кәсібін істеу правосы).

ПАТЕНТО́ВАННЫЙ: патентованное лекарство патентті дәрі.

ПА́ТЕР (церк.) католик побы.

ПАТЕТИ́ЧЕСКИЙ әсерлі, лебізді, рухты; **патетическая речь** әуезді (лебізді) сөз; **патетически** *нар.*

ПА́ТИНА қоланың тоты.

ПА́ТОКА патока, тәтті зат.

ПАТО́ЛОГ патолог (аурудың негізгі себебін зерттеуші дәрігер); **патологическая анатомия** патологиялық анатомиясы!

ПАТОЛО́ГИЯ патология (аурудың себебін және белгісін айыратын ғылым).

ПАТРИА́РХ 1) ақсақал; 2) ең жоғарғы дін басы.

ПАТРИАРХА́ЛЬНЫЙ патриархалдық (патриархат қалпымен байланысты); **п. быт** ескі аталық дәуірдің салттық қалпы.

ПАТРИМО́НИЙ, патримониум мал мүлік, мұра.

ПАТРИО́Т, *ж.* **патриотка** отаншыл, отанын сүйетін.

ПАТРИОТИ́ЗМ патриотизм, отанын сүюшілік.

ПАТРИОТИ́ЧЕСКИЙ отанын сүйгіштік, ел сүйгіш.

ПАТРО́Н патрон: 1) бұрынғы Римде өзіне меншікті құлын азат еткен адам; 2) *перен.* жақтаушы, қорғаушы; 3) (механ.) мылтық патроны, электр патроны, станок патроны.

ПАТРОНИ́РОВАТЬ, рую *несов.* паналату, бағуға таратып орналастыру.

ПАТРО́ННИК патрон ұясы, (атылатын құралдарда).

ПАТРОНТА́Ш оқшантай (оқ салатын сумка).

ПА́ТРУБОК, бка, патрубок (түпкі трубадан тармақтанып кеткен қысқа трубалар, труба).

ПАТРУЛИ́РОВАТЬ, рую *несов.* патрулдау (тәртіпті бақылау қызметін атқару).

ПАТРУ́ЛЬ *м.* патруль (қарауылға тәртіп сақтау үшін шыққан топ әскер, күзетші топ).

ПАТРУ́ЛЬНЫЙ; *прил. к* **патруль; п. начальник** патрул бастығы.

ПА́УЗА пауза, тыныс (үзіліс).

ПАУ́К өрмекші.

ПАУПЕРИ́ЗМ пауперизм, жоқшылық (капитал елдерінде қанаудың күштілігінен халықтың кедейленуі).

ПАУТИ́НА өрмекшінің ұясы, өрмегі.

ПА́ФОС пафос (әсерлі сезім шаттылығы, жалынды рух).

ПАХ шап; **боль в паху** шаптың ауруы.

ПА́ХАРЬ *м.* жер жыртушы, (егінші).

ПАХА́ТЬ, пашу, пашешь *несов.* жер жырту, жер айдау.

ПАХВИ́, пахвы́, вей *мн.* құйысқан.

ПА́ХНУТЬ *несов.* иісі шығу, аңқу, иістену.

ПАХОВО́Й и ПА́ХОВЫЙ: *прил. к* **пах; паховая железа** шап безі.

ПА́ХОТА айдау, жер айдау.

ПА́ХОТНЫЙ: егін егуге жарайтын; **пахотная земля** егіндік (егістік) жер.

ПА́ХТАНЬЕ 1) май былғау; 2) майдың сары суы.

ПА́ХТАТЬ *несов.* май былғау.

ПАХУ́ЧЕСТЬ *ж.* иістілік, иіс.

ПАХУ́ЧИЙ, хуч иісті, иісі шығып тұрған.

ПАЦИЕ́НТ, *ж.* **пациентка** пациент (емделіп жүрген адам).

ПАЦИФИ́ЗМ пацифизм (империалистік соғыстардың эпохасында бейбітшілікке үгіттеу, пропагандалау, буржуазиялық құрылысты қолдату үшін және империалистік үкіметтерге қарсы белсенді түрде революциялық күреске шақырмай, тек бітім, бейбітшілік болсын деп үгіт жүргізу, жұмысшы табын революциялық жолдан тайдырудың бір әдісі).

ПАЦИФИ́СТ, *ж.* **пацифистка** пацифизмді жақтаушы.

ПА́ЧЕ *в знач. ср. ст.* көбірек, берірек, артығырақ; тем п. соғұрлым, сондықтан да.

ПА́ЧКА пашке (топ); **п. папирос** бір пошке шылым; **п. писем** бір топ қат.

ПА́ЧКАТЬ *несов.* ластау, былғау.

ПА́ЧКАТЬСЯ ластану, былғану.

ПАЧКОТНЯ́ былапыт.

ПАЧКУ́Н, *ж.* **пачкунья** нас, былапыт; іске олақ адам.

ПАША́ *м.* паша (түріктің әскери және әлеуметтік үлкен чині).

ПА́ШНЯ айдалған жер, айдау; **выехать на пашню** егін басына шығу.

ПАШТЕ́Т паштет (қара еттен, бауырдан, құс етінен ұнтақталып істелген тамақ, арасына ет салып пісірген нан).

ПАЮС паюс (балықтың ішіндегі уылдырықты қаптап тұратын қағанақ).

ПАЮСНЫЙ *прил.* **к паюс; паюсная икра** қағанақтағы қатты уылдырық.

ПАЯ́ЛЬНИК дәнекер аспабы.

ПАЯ́ЛЬНЫЙ: паяльная лампа дәнекерлеу лампасы (дәнекерлеуге қолданылатын лампа).

ПАЯ́ЛЬЩИК дәнекерші.

ПАЯ́ТЬ *несов.* дәнекерлеу.

ПАЯ́Ц масқарапаз (күлдіргіш, күлдіргі адам); *перен.* қылжақ адам.

ПЕВЕ́Ц, вца, *ж.* **певица** әнші, өлеңші.

ПЕВУ́ЧИЙ, вуч лебізді, үнді; **п. голос** лебізі әдемі дауыс.

ПЕ́ВЧИЙ сайрайтын, ән салатын, әнші, өлеңші; **певчие птицы** сайрайтын құс.

ПЕ́ВЧИЙ *род. п.* его, *сущ.* шіркеу әншісі.

ПЕГА́С қанатты ат, пырақ.

ПЕ́ГИЙ жылқының шабдары.

ПЕДАГО́Г педагог, оқытушы, тәрбиеші.

ПЕДАГО́ГИКА педагогика (баланы тәрбиелеу, оқыту, оған білім беру туралы ғылым).

ПЕДА́ЛЬ *ж.* педаль, табан темір, үзеңгі.

ПЕДА́НТ тақуа, қазымыр; болмашыны тәпіштеуші.

ПЕДАНТИ́ЗМ тақуалық.

ПЕДИА́ТР педиатр (бала ауруына маман, жетік дәрігер).

ПЕДИАТРИ́Я педиатрия (бала емдеу ғылымы).

ПЕЙЗА́Ж пейзаж (жаратылыстың әсем суреті, әсем көрінісі т. б.).

ПЕЙЗАЖИ́СТ жаратылыстағы әсем суретті жазушы, жаратылыс суретін салушы.

ПЕКА́РНЯ нан пісіретін жер, пекарни.

ПЕ́КАРЬ *м.* нан пісіруші, наубай.

ПЕКЛЕВА́ННЫЙ: пеклеванная мука майда еленген ұн.

ПЕ́КЛО 1) қызу, ыстық, күншуақ; 2) тозақ оты (дін).

ПЕЛЕНА́ жамылғы, бүркеншік.

ПЕЛЕНА́ТЬ *несов.* бөлеу, жөргектеу (баланы).

ПЕЛЕНКА жаялық, жөргек.

ПЕЛИКА́Н 1) бірқазан (құс); 2) қос ауызды шыны сауыт; 3) тіс суырғыш.

ПЕЛЬМЕ́НИ *мн.* түшпәра (арасына үнтақталған ет салып пісірген тамақ).

ПЕ́МЗА пемза (бірдемені өңдейтін я киімге жұққан дақты кетіретін жеңіл зат).

ПЕ́НА көбік.

ПЕНА́Л пенал (қалам — қарындаш салатын сопақ жәшік).

ПЕНЁК, нька *уменьш.* түбір (кесілген ағаштың орнында қалған түбірі).

ПЕ́НИЕ ән салу, өлең айту.

ПЕ́НИСТЫЙ көпіршіген, көбікті.

ПЕ́НИТЬ, ню *несов.* көпіршіту, көбіктендіру.

ПЕ́НКА 1) қаймақ; **снять пенку с молока** қайнаған сүттің бетінен қаймағын алу; 2) клегей (суый бастаған, суын я сұйық заттың бетінде пайда болатын қабыршық); **уже пенки сняты** (еншіден) үлестен құры қалу.

ПЕНСИОНЕ́Р, *ж.* **пенсионерка** пенсионер (пенсия алатын адам).

ПЕ́НСИЯ пенсия (еңбек, соғыс жарымжандарына берілетін жәрдем).

ПЕНСНЭ́ *нескл. ср.* пенснэ (мұрын қырына қыстырып киетін көзілдірік).

ПЕНЬ, пня, *мн.* пни, *м.* кесілген ағаштың түбірі.

ПЕНЬКА́ кендірдің талшығы; **канаты и шпагат из пеньки** кендір арқан, кендір жіп.

ПЕ́НЯ пеня: 1) өсім салық; 2) бетке салық, кінә.

ПЕНЯ́ТЬ *несов.* кінәлау, өкпелеу; **нечего на зеркало п., коли рожа крива** (Крылов) бетің қыйсық болса, айнаға өкпелеме.

ПЕ́ПЕЛ, пла күл.

ПЕПЕЛИ́ЩЕ күл-қоламса, өрттің күйігі.

ПЕ́ПЕЛЬНИЦА күл сауыт (шылым күлін салатын сауыт).

ПЕ́РВЕНЕЦ, нца түңғыш (бала).

ПЕ́РВЕНСТВО бірінші орын, озық.

ПЕРВИ́ЧНЫЙ бастапқы, алғашқы, бірінші.

ПЕРВОБЫ́ТНЫЙ алғашқы, ертедегі; **п. коммунизм** алғашқы коммунизм; **п. человек** тағылық дәуірдегі адам.

ПЕРВОИСТО́ЧНИК негізгі қор (мәліметтің бірінші шыққан жері; ғылыми, теориялық бастапқы шығарма).

ПЕРВОКЛА́ССНЫЙ *прил. к* **первый класс** бірінші дәрежедегі; **п. мастер** бірінші дәрежедегі шебер.

ПЕРВОКУ́РСНИК, *ж.* **первокурсница** бірінші курста оқушы.

ПЕРВОНАЧА́ЛЬНЫЙ алғашқы, бастапқы ең әуелгі; **первоначальное накопление** ең алғашқы қор.

ПЕРВООЧЕРЕДНО́Й бірінші реттегі, бірінші кезектегі.

ПЕРВОПРИЧИ́НА бастапқы себеп, бірінші себеп.

ПЕРВОПУ́Т, первопуток, тка бірінші жол; алғашқы жауған қарға жаңа түскен шана ізі.

ПЕРВОСО́РТНЫЙ бірінші сортты, таңдамалы.

ПЕРВОСТЕПЕ́ННЫЙ ең мәндай алды, ең маңызды; факт первостепенной важности ең маңызды жұмыс.

ПЕРВОЦВЕ́Т 1) наурыз шешегі (өсімдік); 2) көктемде ең алдымен шығатын өсімдіктер.

ПЕРГА́ перга (ара тасыған гүлдің тозаңы).

ПЕРГА́МЕНТ пергамент: 1) жарғақ; 2) жарғақ қағазға жазылған ертедегі жазу.

ПЕРЕАДРЕСОВА́ТЬ, сую *сов.* басқа әдреске жіберу.

ПЕРЕАРЕСТОВА́ТЬ, тую *сов.* сыпыра тұтқынға алу.

ПЕРЕБЕГА́ТЬ *см.* **перебежать**.

ПЕРЕБЕЖА́ТЬ, бегу *сов.* 1) жүгіріп өту; 2) жау жағына шығып кету; 3) басып озу.

ПЕРЕБЕ́ЖКА жүгіріс (шоршып-шоршып жүгіру).

ПЕРЕБЕ́ЖЧИК, *ж.* **перебежчица** жау жаққа өтіп кетуші.

ПЕРЕБЕЛИ́ТЬ, белю *сов.* қайта ақтау; **п. потолок** төбені қайта ақтау.

ПЕРЕБИВА́ТЬ *несов.* 1) қағып соқ-қылау, сілкілеу, сөзін бөлу, кескестеу; 2) уатып сындыру, өлтіру, қыру.

ПЕРЕБИВА́ТЬСЯ өте қысымшы-лықта, мұхтаждықта тұру, күн көру.

ПЕРЕБИНТОВА́ТЬ, нтую *сов.* қай-та орау, қайта таңу.

ПЕРЕБИНТОВА́ТЬСЯ қайта таңы-лу, қайта оралу.

ПЕРЕБИРА́ТЬ *несов. см.* **перебрать.**

ПЕРЕБИРА́ТЬСЯ *см.* **перебраться.**

ПЕРЕБИ́ТЬ, бью *сов.* 1) қағып-соғып қоқсыйту, қайта қаптау (матамен); 2) қырып жіберу, қырып жою; 3) біреудің сөзін бөлу, кескестеу;

ПЕРЕБИ́ТЬСЯ көрмегенді көріп күн елту.

ПЕРЕБО́Й бөгеліс, іркіс-тартыс; **п. в работе транспорта** транспорт жұ-мысындағы іркіс-тартыс кедергі; **пе-ребои сердечные** жүрек соғуының кі-бірткгі.; **п. в снабжении товаром** та-уардың оқтын-оқтын келмей қалуы.

ПЕРЕБОЛЕ́ТЬ *сов.* 1) көп ауырып айығу; 2) тегісінен ауырып тұру.

ПЕРЕБОРОНИ́ТЬ, ню **перебороно-вать,** ную *сов* қайта тырмалау.

ПЕРЕБОРО́ТЬ, борю *сов.* бәрін жығу, шетінен жығу (разгов.).

ПЕРЕБОРЩИ́ТЬ, щу *сов.* былық-тырып жіберу, асыра сілтеу.

ПЕРЕБРА́НИВАТЬСЯ *несов.* ұры-са беру, бажылдасу.

ПЕРЕБРА́СЫВАТЬ *несов. см.* пе-ребросить.

ПЕРЕБРА́СЫВАТЬСЯ *см.* пере-броситься.

ПЕРЕБРА́ТЬ, беру *сов.* 1) сұрып-тып қарау, сұрыптап өту; 2) *перен.* ойланып еске түсіру.

ПЕРЕБРА́ТЬСЯ *сов.* 1) екінші жаққа өту; 2) екінші жерге көшу (қоныс).

ПЕРЕБРЕСТИ́, бреду *сов.* ілби ба-сып өту.

ПЕРЕБРОДИ́ТЬ, брожу *сов.* ашы-ту, бижыту; артық ашытып, бижы-тып жіберу.

ПЕРЕБРО́СИТЬ, брошу *сов.* асы-ра лақтыру; екінші орынға аудару, көшіру.

ПЕРЕБРО́СИТЬСЯ 1) секіріп түсу, екінші жерге жыйылу; 2) жау жа-ғына шығып кету.

ПЕРЕБРО́СКА екінші орынға жібе-ру, ауыстыру; **п. специалистов** ма-мандарды екінші орынға ауыстыру; **п. товаров** тауарды бір орыннан екін-ші орынға аудару.

ПЕРЕБЫВА́ТЬ *несов.* көп жерде болу, көп жерді аралап өту.

ПЕРЕВА́Л асу, бел.

ПЕРЕВА́ЛИВАТЬ *несов.* 1) *см.* **перевалить;** 2) көшіру, ауыстыру, ау-дару; 3) асудан асу.

ПЕРЕВА́ЛИВАТЬСЯ *несов.* аунап кету, теңселіп жүру.

ПЕРЕВАЛИ́ТЬ, валю *сов.* 1) ауыс-тыру, аударып тастау; 2) асып түсу; **перевалило за сто** жүзден асып түс-ті.

ПЕРЕВА́РИВАТЬ *несов. см.* **пере-варить.**

ПЕРЕВАРИ́ТЬ, рю *сов.* 1) қайта пісіру; 2) елжіретіп пісіру, асыра қайнату; 3) тозу, шыдау.

ПЕРЕВАРИ́ТЬСЯ 1) өте пісін кету; 2) ішкен, жеген астың бойға сіңуі.

ПЕРЕВЕДЁННЫЙ, ден аударыл-ған; **п. текст** аударылған текст.

ПЕРЕВЕЗТИ́, зу *сов.* көлікпен та-су, көлікке артып (салып) алып бару.

ПЕРЕВЕНЧА́ТЬ *сов.* некелеу (ер-лі-зайып болған адамдардың некесін қию) (простореч., устар.).

ПЕРЕВЕРНУ́ТЬ *сов.* 1) төңкеріп тастау; 2) екінші жағын айналдыру, аудару.

ПЕРЕВЕРНУ́ТЬСЯ аударылып тү-су, төңкерілу.

ПЕРЕВЕРСТА́ТЬ *сов.* қайта бет-теу (тип.).

ПЕРЕВЕРТЕ́ТЬ, рчу *сов.* асыра бұрап, бұзып алу.

ПЕРЕВЁРТЫВАТЬ *несов.* 1) ауда-ру; 2) бұру; **п. вверх дном** астын үс-ке аудару.

ПЕРЕВЕ́С басымдық, салмақтың артықтығы; **у нас был п. силы** біздің күшіміз артық еді.

ПЕРЕВЕ́СИТЬ, вешу *сов.* 1) қай-тадан өлшеу; 2) бір жерден екінші жерге алып өту, қайта ілу, асып қою; 3) салмағы арту.

ПЕРЕВЕСТИ́, веду *сов.* 1) екінші жерге ауыстыру, көшіру; 2) почта, телеграф арқылы жіберу.

ПЕРЕВЕСТИ́СЬ 1) екінші қызметке ауысу, шығу; 2) таусылу, жоғалу.

ПЕРЕВЕ́ШАТЬ *сов.* 1) *см.* **перевесить**; 2) дарыға асып өлтіре беру.

ПЕРЕВЕ́ЯТЬ *сов.* қайта ұшыру, жаңадан ұшыру.

ПЕРЕВИВА́ТЬ *несов. см.* **перевить.**

ПЕРЕВИДА́ТЬ *сов.* бәрін көру, бәрін басынан өткізу.

ПЕРЕВИНТИ́ТЬ, нчу, нтишь *сов.* 1) қайтадан бұрап қою; 2) асыра бұрау.

ПЕРЕВИРА́ТЬ *несов.* 1) бірдемені қате түсіндіру; 2) өтірік айту, асырып айту.

ПЕРЕВО́Д 1) аудару, екінші орынға қою, жіберу (ақша); **денежный п.** почта, телеграфпен жіберетін ақша.

ПЕРЕВОДИ́ТЬ *несов. см.* **перевести.**

ПЕРЕВО́ДНЫЙ: переводные бланки ақша жіберетін бланка; **переводная литература** аударма әдебиет.

ПЕРЕВОЗИ́ТЬ, вожу *несов.* тасу, көшіру (көлікпен).

ПЕРЕВО́ЗКА тасу, көшіру (көлікпен), тасымалдау.

ПЕРЕВО́ЗЧИК судан өткізуші, тасушы.

ПЕРЕВОЛО́ЧЬ, локу *сов.* сүйрелеп өткізу.

ПЕРЕВООРУЖА́ТЬ *несов. см.* **перевооружить.**

ПЕРЕВООРУЖИ́ТЬ, жу *сов.* қуралдандыру, жаңадан қуралдандыру.

ПЕРЕВОРА́ЧИВАТЬ *несов.* **переворотить** төңкеру, төңкеріп тастау, айналдыру, астын үстіне қарату.

ПЕРЕВОРО́Т төңкеріс, өзгеріс, астан-кестең; **Октябрьский п.** октябрь төңкерісі.

ПЕРЕВОРОТИ́ТЬ, рочу *сов.* 1) аудару, төңкеру; 2) астан-гестеңін шығару.

ПЕРЕВОСПИТА́НИЕ қайта тәрбиелеу.

ПЕРЕВОСПИТА́ТЬ *сов.* қайта тәрбиелеу, басқа тәрбие беру.

ПЕРЕВОСПИТА́ТЬСЯ *сов.* қайта тәрбиелену.

ПЕРЕВРА́ТЬ, вру *сов.* асыра өтірік айту, жаңылыс айту.

ПЕРЕВЫБИРА́ТЬ *несов. см.* **перевыбрать.**

ПЕРЕВЫ́БОРЫ *мн.* қайта сайлау.

ПЕРЕВЫ́БРАТЬ, беру *сов.* 1) қайта сайлау; 2) жаңадан сайлау.

ПЕРЕВЫПОЛНЕ́НИЕ асыра орындау, артық орындау.

ПЕРЕВЫ́ПОЛНИТЬ, ню *сов.* асырып орындау.

ПЕРЕВЯЗА́ТЬ, вяжу *сов.* 1) таңу, орау, байлау, қайта байлау; 2) матау, матап тастау.

ПЕРЕВЯ́ЗКА таңу, орау, байлау.

ПЕРЕВЯ́ЗОЧНЫЙ таңатын, байлайтын орын; **перевязочная комната** жараны таңатын бөлме; **п. материал** таңатын зат.

ПЕРЕВЯ́ЗЫВАТЬ *несов.* таңу, орау, қайта таңу.

ПЕ́РЕВЯЗЬ *ж.* бау аспа, қайыс т. б.; **п. для сабли** қылыштың бауы.

ПЕРЕГА́Р күйік; қоңырсық ыс.

ПЕРЕГИ́Б 1) артық бүгу, майыстырып жіберу; 2) *перен.* асыра сілтеу.

ПЕРЕГИБА́ТЬ *несов.* 1) майыстыру, сындыру, бүлдіру; 2) *перен.* асыра сілтеп жіберу.

ПЕРЕГИБА́ТЬСЯ майысу, бүгілу, иілу.

ПЕРЕГЛА́ДИТЬ, глажу *сов.* 1) қайта өтектеу; бәрін тегіс өтектеу, (таптау, тегістеу).

ПЕРЕГЛЯДЕ́ТЬ, гляжу әбден қарау, қайта-қайта қарау.

ПЕРЕГЛЯ́ДЫВАТЬ *несов. см.* **переглядеть.**

ПЕРЕГЛЯ́ДЫВАТЬСЯ *несов.* бірі-не бірі қарау.

ПЕРЕГНА́ТЬ, гоню *сов.* қуып жетіп, басып озу.

ПЕРЕГНИВА́ТЬ *несов.* шіріп кету, іріп-шіру.

ПЕРЕГНИ́ТЬ, нию *сов.* шіріп кету.

ПЕРЕГНУ́ТЬ *сов.* 1) ию, бүгу; 2) асыра сілтеу.

ПЕРЕГОВА́РИВАТЬ *сов.* 1) сөйлесу, маслихаттасу; 2) тақасу, қарсы сөйлеу, сөзге қонақ бермеу.

ПЕРЕГОВО́Р сөйлесу, келісім сөз; **мирные переговоры** бітісу жайындағы келісім сөз.

ПЕРЕГОВОРИ́ТЬ, рю тілдесу, сөйлесу.

ПЕРЕГОВО́РЫ *мн.* келісім сөздер.

ПЕРЕГО́Н перегон (екі станцияның аралығы, бір бірінен қашықтығы); **п. скота** малды бір жерден екінші жерге айдап жеткізу.

ПЕРЕГО́НКА перегонка (қайнату, қыздыру арқылы бастапқы жыныс тегіне айыру, ажырату).

ПЕРЕГОНЯ́ТЬ *несов.* малды айдап өткізу, екінші жерге айдап апару.

ПЕРЕГОРА́ЖИВАТЬ *несов. см.* перегородить.

ПЕРЕГОРА́ТЬ *несов.*, перегореть, рю *сов.* жанып кету, күйіп кету.

ПЕРЕГОРЕ́ЛЫЙ күйік.

ПЕРЕГОРОДИ́ТЬ, рожу *сов.* қоршау, бөлу.

ПЕРЕГОРО́ДКА (в комнате) бөлме ішіндегі қоршау.

ПЕРЕГРЕВА́ТЬ *несов.*, **перегревание** қайнату, дәрежесінен аса қызу.

ПЕРЕГРЕ́ТЬ *сов.* қыздырып жіберу, тым асыра қыздыру.

ПЕРЕГРУЖА́ТЬ *несов. см.* перегрузить.

ПЕРЕГРУ́ЖЕННОСТЬ жұмыс бастылық.

ПЕРЕГРУЗИ́ТЬ, ружу *сов.* 1) жүкті шамадан асыра тиеу; 2) *перен.* жұмысты аса көп тапсыру, мойнына міндетті көп арту; 3) жүкті қайта тиеу.

ПЕРЕГРУ́ЗКА шамадан артық жұмыс, жүк т. б.

ПЕРЕГРУППИРОВА́ТЬ, рую *сов.* қайта топтау, жікке жаңадан бөлу; **перегруппировка классовых сил** тап күшінің қайта жіктелуі.

ПЕРЕГРУППИРОВА́ТЬСЯ қайта топтану, жіктелу.

ПЕРЕГРУППИРО́ВКА қайта топтау, топталу.

ПЕРЕГРЫЗА́ТЬ *несов.*, **перегрызть,** зу *сов.* 1) тістеп үзу; 2) тістеп, қажап тастау; 3) барлығын да кеміріп, мүжіп тастау.

ПЕРЕГРЫЗА́ТЬСЯ *несов.* 1) шайнасып, тістесіп қалу, қырқысып қалу; 2) *перен.* таласу, тістесу, тақасып ұрысу.

ПЕ́РЕД *предлог с твор. п.* алдында, алды; **п. домом** үй алдында.

ПЕРЕДАВА́ТЬ, даю *несов.*, **передать,** дам *сов.* қол жалғау, тапсыру, айту; **п. поклон** сәлем айту; **п. по телефону** телефонмен айту; **п. письмо** хат тапсыру.

ПЕРЕДАВА́ТЬСЯ берілу, тапсырылу, берісу, тапсырысу.

ПЕРЕДАВИ́ТЬ, влю *сов.* таптау езіп тастау, жаншу таптап тастау.

ПЕРЕДА́ТОЧНЫЙ ПУНКТ аралық жердегі пункт, орын.

ПЕРЕДА́ТЬ *сов.* қол жалғау, біреуден біреуге тапсыру, беріп жіберу.

ПЕРЕДА́ЧА тапсыру, беру; **п. по радио** радио арқылы айту (беру).

ПЕРЕДВИГА́ТЬ *несов.* жылжыту, бір орыннан екінші орынға апарып қою.

ПЕРЕДВИГА́ТЬСЯ жылжу, ілгері басу.

ПЕРЕДВИЖЕ́НИЕ жылжып жүру; **п. войск** әскердің екінші орынға ауысуы.

ПЕРЕДВИ́ЖКА *ж.* көшпелі, жылжымалы; **библиотека-п.** көшпелі кітапхана.

ПЕРЕДВИЖНО́Й көшпелі, жылжымалы; **передвижная выставка** көшпелі көрме; **кино-передвижка** көшпелі кино.

ПЕРЕДВИ́НУТЬ *сов.* жылжыту, қозғау.

ПЕРЕДВИ́НУТЬСЯ жылжу, қозғалу, ілгері басу.

ПЕРЕДЕ́Л қайта бөліс; **п. сенокосных угодий** шабындық жерді қайта бөлу.

ПЕРЕДЕ́ЛАТЬ *сов.* қайта жасау, қайта істеу.

ПЕРЕДЕЛИ́ТЬ, лю *сов.* қайта бөлу, қайта үлестіру.

ПЕРЕДЕ́ЛКА 1) өзгертіп жасау, өзгертіп істеу, қайта істеу.

ПЕРЕДЁРГИВАТЬ *несов.* жұлқылау, жұлмалау, мазалау.

ПЕРЕДЕРЖА́ТЬ, жу *сов.* артық ұстау, қайта имтихан беру.

ПЕРЕДЁРНУТЬ *сов.* тартып қалу, жұлқып қалу.

ПЕРЕ́ДНИЙ алдыңғы, алдағы, ілгерідегі, ілгергі.

ПЕРЕ́ДНИК алжапқыш.

ПЕРЕДОВЕ́РИТЬ, рю *сов.* сеніп қалу, басқа біреуге сену, басқаға аманаттау.

ПЕРЕДОВЕРЯ́ТЬ *несов. см.* **передоверить.**

ПЕРЕДОВИ́К алдыңғы қатарлы, мандай алды.

ПЕРЕДОВИ́ЦА бас мақала (газет, журналдарда).

ПЕРЕДОВО́Й мандай алды; **п. колхоз** мандай алды колхоз.

ПЕРЕДО́К, дка арбаның алды.

ПЕ́РЕДОМ *нар.* (простореч.) алдымен, алдында; **итти п.** алдымен жүру, алға қарап жүру.

ПЕРЕДОХНУ́ТЬ *сов.* тыныстау, дем алу, дамыл табу.

ПЕРЕДО́ХНУТЬ *сов.* қырылу; **цыплята передохли** балапандар қырылып қалды.

ПЕРЕДРА́ЗНИВАТЬ *несов.* мазақтау, келекету.

ПЕРЕДУ́МАТЬ *сов.* қайта ойлау, басқаша шешу, жаңа пікірге келу.

ПЕРЕДЫ́ШКА тыныс алу, аялдау.

ПЕРЕЕ́ЗД 1) көшу, өту; 2) өтетін жер.

ПЕРЕЕ́ХАТЬ, еду *сов.* екінші жерге көшу, өту; **п. мост** көпірден өту; **п. на другую квартиру** басқа пәтерге көшу.

ПЕРЕЖА́РИТЬ, рю *сов.* қуыру, қуырып пісіру, күйдіріп алу.

ПЕРЕЖДА́ТЬ, жду *сов.* 1) күте тұру; 2) қолайлы мезгілді күтіп алу.

ПЕРЕЖЕНИ́ТЬ, ню *сов.* 1) тегіс үйлендіру; 2) «төсек жаңғырту»; **переженил детей** балаларын тегіс үйлендірді.

ПЕРЕЖЕНИ́ТЬСЯ тегіс үйленіп болу (барлығы да).

ПЕРЕЖЕ́ЧЬ, жгу *сов.* 1) күйдіріп жіберу, қыздырып жіберу; 2) күйдіріп алу.

ПЕРЕЖИВА́НИЕ қайғылану, әрі-сәрілену.

ПЕРЕЖИВА́ТЬ *несов.* бастан кешіру, түрлі халды басынан өткізу.

ПЕРЕЖИГА́ТЬ *несов. см.* **пережечь.**

ПЕРЕЖИ́ТОК, тка ескі әдет-ғұрып қалдығы.

ПЕРЕЖИ́ТЬ, живу *сов.* бастан кешіру, аман қалу, өмір сүру.

ПЕРЕЗАБЫ́ТЬ, буду *сов.* ұмыту, мүлде ұмытып кету.

ПЕРЕЗАКЛЮЧА́ТЬ, аю *несов.* қайта шарт жасасу, қайта шарттасу.

ПЕРЕЗАКЛЮЧИ́ТЬ, чу *сов.* жаңадан жасау, қайта жасау.

ПЕРЕЗВО́Н көп қоңыраудың даусы.

ПЕРЕЗДОРО́ВАТЬСЯ *сов.* (**с кем**) (разг.) барлығымен амандасып өту.

ПЕРЕЗИМОВА́ТЬ, мую *сов.* қыстап шығу, қысты өткізу.

ПЕРЕЗНАКО́МИТЬ, млю *сов.* барлығымен таныстырып болу.

ПЕРЕЗНАКО́МИТЬСЯ бәрімен танысып шығу, танысып алу.

ПЕРЕЗРЕ́ТЬ *сов.* 1) уылжу; өте пісіп бұзыла бастау; 2) жасы асып кету.

ПЕРЕЗЯ́БНУТЬ *сов.* тоңып кету, жауған қалу.

ПЕРЕИЗБИРА́ТЬ *несов. см.* **переизбрать.**

ПЕРЕИЗБРА́ТЬ, беру *сов.* қайта сайлау, екінші қабат сайлау.

ПЕРЕИЗДАВА́ТЬ, даю *несов.* қайта басу, жаңадан (тип.).

ПЕРЕИЗДАВА́ТЬСЯ қайта басылу.

ПЕРЕИЗДА́НИЕ қайта басылу.

ПЕРЕИЗДА́ТЬ, дам *сов.* жаңадан бастырып шығару.

ПЕРЕИМЕНОВА́НИЕ қайта ат қою, атын өзгерту, ат алмастыру.

ПЕРЕИНА́ЧИВАТЬСЯ өзгеріле беру, өзгертіле беру.

ПЕРЕИНА́ЧИТЬ, чу *сов.* басқаша жасау, өзгерту.

ПЕРЕЙТИ́, рейду *сов.* 1) өту, кесіп өту, басқа жерге кету, орын өзгерту; 2) басқа қызметке кіру.

ПЕРЕКА́ЛИВАТЬ *несов.* өте қыздырып жіберу.

ПЕРЕКА́ЛИВАТЬСЯ өте қызып кету, аса қатты қыздырылу.

ПЕРЕКАЛИ́ТЬ, лю *сов.* өте қыздыру, қатты қыздырып қақтау.

ПЕРЕКА́ПЫВАТЬ *несов.* 1) қайта қазу, жаңадан қазу; 2) бір нәрсені кесе көлденең қазу; **перекопать дороги** жолды кесе көлденең қазу.

ПЕРЕКА́РМЛИВАТЬ *несов.* аса көп жегізу, шеміршек атқызу.

ПЕРЕКА́Т 1) құлама, сатылы ылдый; 2) ылдыйдан домалау, құлау.

ПЕРЕКАТА́ТЬ *сов.* домалату, домалатып апару.

ПЕРЕКАТИ́ТЬ, чу *сов.* домалатып түсіру, домалатып апару.

ПЕРЕКА́ЧИВАТЬ *несов.* 1) насоспен қотару; 2) қыңырайту.

ПЕРЕКА́ШИВАТЬ *несов. см.* **перекосить.**

ПЕРЕКА́ШИВАТЬСЯ *см* **перекоситься.**

ПЕРЕКВАЛИФИКА́ЦИЯ 1) мамандық арттыру; 2) басқа мамандыққа көшу.

ПЕРЕКВАЛИФИЦИ́РОВАТЬ, рую *сов. и несов.* басқа мамандыққа, жаңа мамандыққа көшіру, мамандығын өзгерту.

ПЕРЕКВАЛИФИЦИ́РОВАТЬСЯ жаңа мамандыққа көшу; **п. с агронома на инженера** агрономдықтан инженерлікке көшу.

ПЕРЕКИ́ДЫВАТЬ *см.* **перекидать.**

ПЕРЕКИ́ДЫВАТЬСЯ *несов.* лақтырысу, тастасу, лақтырылу.

ПЕРЕКИ́НУТЬ *сов.* асыру, асырып лақтыру; **п. через плечо** ыйығынан асыра лақтыру.

ПЕРЕКИ́НУТЬСЯ 1) секіріп өту; 2) жау жаққа шығып кету; 3) қысқаша тілдесу; **они перекинулись двумя словами** олар екі ауыз сөз қатысты.

ПЕРЕКИПЕ́ТЬ, плю *сов.* 1) көп қайнау, шұлығу, суалу; 2) *перен.* ашуы басылу, солғындау.

ПЕРЕКИСА́ТЬ *несов.*, **перекиснуть** *сов.* өте ашып кету.

ПЕРЕКЛА́ДИНА көпір ағаш т. б.; **перейти через ручей по перекладине** судан көпір ағаш арқылы өту.

ПЕРЕКЛА́ДКА қайта салу; **п. печи** пешті қайта салу.

ПЕРЕКЛА́ДНЫЕ *род. п.* ых, *сущ.*: **ехать на перекладных** алмаспалы лаумен жүру.

ПЕРЕКЛЕЙМИ́ТЬ, млю *сов.* таңбалап шығу, таңбалау.

ПЕРЕКЛИКА́ТЬ *несов.* дауыстап түгендеу, атымен шақыру.

ПЕРЕКЛИКА́ТЬСЯ айқайлап шақыру, дауыстау.

ПЕРЕКЛИ́ЧКА түгендеу (адамның атын атап).

ПЕРЕКЛЮЧА́ТЬСЯ басқа жұмысқа түсу, басқа іске кірісу.

ПЕРЕКЛЮЧИ́ТЬ, чу *сов.* аудару, басқаға түсіру; **п. на другую работу** басқа жұмысқа салу, аудару.

ПЕРЕКОВА́ТЬ, кую *сов.* қайта тағалау, барлығын тағалау.

ПЕРЕКОВЕ́РКАТЬ *сов.* шұқып бұзу, түртпектеп бұзу; **п. слова** сөзді бұзып сөйлеу.

ПЕРЕКОЛО́ТЬ, лю *сов.* 1) қайта түйреу; 2) найзалау, түйреп өту, шаншу.

ПЕРЕКОНСТРУИ́РОВАТЬ, рую *сов. и несов.* қайта жасап шығару, қайта құру.

ПЕРЕКОПА́ТЬ *сов.* 1) қайта қазу, қопсыту, жаңадан қазу; 2) қазғылау.

ПЕРЕКОПТИ́ТЬ, чу *сов.* 1) қайта ыстау; 2) асыра ыстап жіберу.

ПЕРЕКОРМИ́ТЬ, млю *сов.* артық жегізіп жіберу, аса тойғызып жіберу.

ПЕРЕКО́РЫ *мн.* ұрыс-керіс, тақасу.

ПЕРЕКОСИ́ТЬ, кошу *сов.* қыйсайту, қыюын қашыру.

ПЕРЕКОСИ́ТЬСЯ қыйсаю, шалжаю, қыйсайып кету.

ПЕРЕКРА́ИВАТЬ *несов.* қайта пішу (киімді жаңадан пішу).

ПЕРЕКРА́СИТЬ, крашу *сов.* қайта бояу, жаңадан бояу.

ПЕРЕКРА́СИТЬСЯ түсін өзгерту, басқа түске боялу.

ПЕРЕКРА́СКА қайта бояу.

ПЕРЕКРЕСТИ́ТЬ, крещу *сов.* шоқындыру, басқа дінге көшіру.

ПЕРЕКРЕ́СТНЫЙ айқасқан, айқыш-ұйқыш, түс-түсынан; **п. допрос** түс-түстан сауал беру; **п. огонь** түс-түстан оқ жаудыру.

ПЕРЕКРЕСТО́К, тка торап, торау (жол, көше торабы).

ПЕРЕКРЕ́ЩИВАТЬ *несов. см.* **крестить и перекрестить.**

ПЕРЕКРИЧА́ТЬ, чу *сов.* баса айқайлау, дауыстау.

ПЕРЕКРОИ́ТЬ, крою *сов.* қайта пішу, жаңадан пішу, барлығын пішу.

ПЕРЕКРОШИ́ТЬ, шу *сов.* кескілеп, турап тастау, қоқымдау.

ПЕРЕКРУТИ́ТЬ, кручу *сов.* өте бұрап жіберу; қайта бұрау, бұрап бұзып алу; **п. веревку** арқанды өте шыйратып жіберу.

ПЕРЕКРЫВА́ТЬ *несов. см.* **перекрыть.**

ПЕРЕКРЫ́ТЬ, крою *сов.* үйді қайта жабу, жаңадан жабу, қайта тыстау; **перекрывать крышу дома** үйдің төбесін қайта жабу; **перекрыл все нормы** барлық нормадан асырып жіберді.

ПЕРЕКУПА́ТЬ[1] *несов. см.* **перекупить.**

ПЕРЕКУПА́ТЬ[2] *сов.* бәрін шомылдыру, қайта шомылдыру.

ПЕРЕКУПА́ТЬСЯ суға көп шомылу, қайта-қайта шомылу.

ПЕРЕКУПИ́ТЬ, плю *сов.* 1) біреудің алайын деп тұрғанын) әдетте артық беріп) сатып алу; 2) сату үшін алу; 3) бәрін сатып алу.

ПЕРЕКУ́ПЩИК, *ж.* **перекупщица** алып сатар, саудагер.

ПЕРЕКУРИ́ТЬ, рю *сов.* шылым тартып алу, бәрін тартып көру, темекіні көп тартып жіберу.

ПЕРЕКУСИ́ТЬ, кушу *сов.* тістеп қыю; **волк перекусил теленку горло** қасқыр бұзаудың тамағын қыйып жіберіпті; 2) жүрек жалғап алу, азырақ тамақтану.

ПЕРЕЛА́ЗИТЬ, лажу *сов.* барлық жерді көріп шығу.

ПЕРЕЛЁТ 1) құс қайту мерзімі; 2) самолеттің белгілі жолы; **Арктический п. Чкалова** Чкаловтың Арктиканы басып ұшуы.

ПЕРЕЛЕТА́ТЬ *несов.* ұшып өту.

ПЕРЕЛЁТНЫЙ: перелётные птицы жыл құстары.

ПЕРЕЛЕ́ЧЬ, лягу *сов.* бір жерден көтеріліп екінші жерге жату.

ПЕРЕЛИВА́НИЕ құю (бір ыдыстан екінші ыдысқа құю); **п. крови** біреудің қанын біреуге құю.

ПЕРЕЛИВА́ТЬ *несов.*, **перелить,** лью *сов.* қотарып құю.

ПЕРЕЛИВА́ТЬСЯ, перелиться 1) асып төгілу; 2) қотарылып құйылу.

ПЕРЕЛИ́СТЫВАТЬ *несов.* аудару, ақтару (кітаптың бетін аудару).

ПЕРЕЛИЦЕВА́ТЬ, цую *сов.* аударып тігу, киімді ішін сыртына қаратып тігу.

ПЕРЕЛО́Г тыңайтуға қалдырған жер.

ПЕРЕЛОЖЕ́НИЕ екінші түрде баяндау, сыйпаттау; басқа түрге айналдырып жазу.

ПЕРЕЛОЖИ́ТЬ, жу *сов.*, **перелагать** *несов.* 1) ауыстырып қою; 2) *перен.* міндетін біреуге арта салу; 3) қайта істеу, жаңадан істеу; 4) өте көп салып жіберу.

ПЕРЕЛО́М 1) опырылу, опырылып сыну, сыныс; 2) үлкен өзгеріс; **год великого перелома** улы өзгеріс жылы.

ПЕРЕЛОМА́ТЬ *сов.* көлденең сындыру, қыйрата сындыру, қыйрату.

ПЕРЕЛОМИ́ТЬ, млю *сов.* 1) сындырып тастау, сындыру екіге бөлу; **п. свой характер** мінезін өзгерту.

ПЕРЕМА́ЗАТЬ, мажу *сов.* 1) **майлап тастау, қалдырмай майлау;** 2) қайта майлау, жаңадан майлау.

ПЕРЕМА́ЗАТЬСЯ былғану, боялу.

ПЕРЕМА́ЛЫВАТЬ *несов.*, **перемолоть, мелю** *сов.* 1) бәрін ұгу, тарттыру; 2) қайтадан ұгу.

ПЕРЕМАНИ́ТЬ, ню *сов.* қызықтыру, өзіне тарту.

ПЕРЕМАРА́ТЬ *сов.* былғап тастау; қол жазбаны, шыймайлап тастау.

ПЕРЕМА́ТЫВАТЬ *несов.* түгел орау; қайта орау.

ПЕРЕМАХНУ́ТЬ *сов.* 1) сілтеп қалу; 2) секіріп түсу; 3) лақтырып тастау.

ПЕРЕМЕ́НА 1) өзгеріс; 2) сабақ арасындағы тыныс (тәнәпіс).

ПЕРЕМЕНИ́ТЬ, ню *сов.* өзгерту, алмастыру.

ПЕРЕМЕ́ННЫЙ ауыспалы; **п. ток** ауыспалы ток; **п. капитал** ауыспалы капитал.

ПЕРЕМЕ́НЧИВЫЙ, чив өзгергіш, құбылмалы.

ПЕРЕМЁРЗНУТЬ *сов.* 1) өте тоңып қалу, жаурап қалу; 2) қатып қалу.

ПЕРЕМЕ́РИТЬ, рю *сов.* 1) қайта өлшеу; 2) өлшеп біту.

ПЕРЕМЕСИ́ТЬ, мешу *сов.* илеп болу, илеу; п. **глину** балшықты араластыру, илеу.

ПЕРЕМЕСТИ́ТЬ, мещу *сов.* екінші жерге көшіру, орналастыру.

ПЕРЕМЕТА́ТЬ, мечу *сов.* 1) сығырын үйю; 2) бірдемені ырғытып лақтыру.

ПЕРЕМЕТА́ТЬ *сов.* бүгу, шетін қайыру; п. **петлю** түйменің ілгегін қайып жиектеу.

ПЕРЕМЕТНУ́ТЬ *сов.* секіртіп, лақтырып тастау.

ПЕРЕМЕТНУ́ТЬСЯ 1) секіріп ар жағына түсу; 2) сатылып жау жағына шығып кету.

ПЕРЕМЁТНЫЙ: переметная сумка қоржын.

ПЕРЕМЕ́ШАННЫЙ, шан араластырылған, араласқан.

ПЕРЕМЕША́ТЬ *сов.* араластыру, араластырып, астын-үстіне келтіру.

ПЕРЕМЕША́ТЬСЯ 1) араласып кету.

ПЕРЕМЕЩА́ТЬ *несов.* басқа орынға ауыстыру.

ПЕРЕМЕЩА́ТЬСЯ *несов.* басқа жаққа ауысу.

ПЕРЕМЕЩЕ́НИЕ екінші жерге көшу, ауысу; п. **по должности** екінші қызметке ауысу.

ПЕРЕМИ́ГИВАТЬСЯ *несов. см.* **перемигнуться.**

ПЕРЕМИГНУ́ТЬСЯ *сов.* көз қысысу, ымдасу.

ПЕРЕМИ́РИЕ уақытша бітім (соғыс, дау т. б. т.).

ПЕРЕМИРИ́ТЬ, рю *сов.* татуластыру.

ПЕРЕМНОЖА́ТЬ *несов.* қайта көбейту.

ПЕРЕМНОЖА́ТЬСЯ көбейтілу, көбейе беру.

ПЕРЕМОГА́ТЬ *несов.* қасарысу, қабырғасы қайыспау.

ПЕРЕМОГА́ТЬСЯ *несов.* 1) елеу, қайыспау; 2) жоқтыққа шыдап қалтақтап күн елту.

ПЕРЕМО́Л екінші рет үгу (тарту), қайта тарту.

ПЕРЕМОЛА́ЧИВАТЬ *несов. см.* **перемолотить.**

ПЕРЕМО́ЛВИТЬ, влю *сов.* сөз алысу, сөйлесу, тіл қатысу.

ПЕРЕМОЛОТИ́ТЬ, лочу *сов.* 1) қайта бастыру, қайта соғу; 2) асыра басу, бұзу.

ПЕРЕМОЛО́ТЬ, мелю *сов.* 1) қайта тарттыру, жаңадан тарттыру (ұн т. б.); 2) бәрін тиірменге тарттырып алу.

ПЕРЕМОРИ́ТЬ, рю *сов.* жүйкесін құрту; ішін пыстыру.

ПЕРЕМОРО́ЗИТЬ, рожу *сов.* үсіту, үсітіп алу.

ПЕРЕМОЧИ́ТЬ, мочу *сов.* 1) өте былжыратып жіберу, көп сулау; 2) бәрін су қып алу; **дождь перемочил все белье** жаңбыр жайған кірдің бәрін су қып тастапты.

ПЕРЕМО́ЧЬ, огу *сов.* төтеп беру, шыдау, төзіммен жеңіп шығу.

ПЕРЕМУДРИ́ТЬ, рю *сов.* 1) білгішсініп бұлдіріп алу.

ПЕРЕМЫВА́ТЬ *несов.* 1) қайта жуу; 2) *перен.* өсек айту; п. **косточки** өсек айту.

ПЕРЕМЫ́ТЬ, мою *сов.* 1) қайта жуу; 2) бәрін тегіс жуу.

ПЕРЕМЫ́ТЬСЯ 1) жаңадан жуыну; 2) барлығы да жуыну.

ПЕРЕМЫ́ЧКА қоспа, тұтастырғыш мойын (екі нәрсенің аралығындағы мойын жер, жіңішке жері).

ПЕРЕМЯ́ТЬ, мну *сов.* 1) езгілеп, илеп тастау; 2) жаңадан илеп жұмсату, босату.

ПЕРЕНАПРЯГА́ТЬСЯ *несов.* шамадан артық күшін салу, зорлану.

ПЕРЕНАПРЯЖЕ́НИЕ шамадан артық күш салу, зорлану.

ПЕРЕНАПРЯ́ЧЬ, ягу *сов.* барлық күшін салу.

ПЕРЕНАСЕЛЕ́НИЕ халықтың аса тығыздығы; ✦ халықтың күн көруге мүмкіншілік, жұмыс істеуге орын таба алмауы (капиталистік елдерде).

ПЕРЕНАСЕЛЁННОСТЬ *ж.* халықтың тығыздығы; п. **города** қалаға халықтың сыймауы.

ПЕРЕНЕСТИ́, несу *сов.* 1) екінші жерге апару, көшіру; **п. лабораторию в новое помещение** лабораторияны жаңа үйге көшіру; **п. столицу в новый город** астананы жаңа қалаға көшіру; 2) бастан кешіру; **он перенес тяжелое горе** ол ауыр қайғыны басынан кешірді.

ПЕРЕНЕСТИ́СЬ 1) тез барып түсу; 2) *перен.* басқа жаққа (хиялмен) шарықтау; **мысленно я перенесся в детские годы** мен хиялмен өзімнің балалық шағыма шарықтадым.

ПЕРЕНИМА́ТЬ *несов. см.* **перенять.**

ПЕРЕНОМЕРОВА́ТЬ, рую *сов.* нөмірлеу, бәрін нөмірлеу (қағазды, затты).

ПОКРИ́ВАТЬ *несов.* ауық-ауық айқайлау.

ПОКРИЧА́ТЬ, чу *сов.* байбалаңдау, бажаландау.

ПОКРО́В[1] қабыршық, жамылғы, жамылтқы.

ПОКРО́В[2] (церк.) покров мейрамы (ескі стиль бойынша 1 октябрь).

ПОКРОВИ́ТЕЛЬ, *ж.* **покровительница** қамқоршы, қорғаушы, жақтаушы.

ПОКРОВИ́ТЕЛЬСТВО қорғаушы болу, қамқоршылық қылу.

ПОКРОВИ́ТЕЛЬСТВОВАТЬ, ствую *несов.* жақтау, қорғау.

ПОКРО́ВНЫЙ *прил. к* **покров**[1]; **покровные ткани** сыртқы қабат (тері, қыртыс).

ПОКРОИ́ТЬ, крою *сов.* пішу.

ПОКРО́Й үлгі, киім үлгісі.

ПОКРО́МА, **покромка** (спец.) кездеменің жиегі, шеті.

ПОКРОМСА́ТЬ *сов.* кескілеу, ойсыратып кесу, қыйқалау.

ПОКРОПИ́ТЬ, плю *сов.* 1) бүркіп жауу, себелеп жауу; 2) аздап бүрку, (жаңбыр).

ПОКРОШИ́ТЬ, шу *сов.* азырақ турау, уақтау, үгу.

ПОКРУЖИ́ТЬ, жу *сов.* (разг.) 1) айналу; (адасып жүру, адасып бір жерді айнала беру); 2) сапар шегіп шарлау.

ПОКРУЖИ́ТЬСЯ айналу.

ПОКРУПНЕ́ТЬ *сов.* ірілену.

ПОКРУТИ́ТЬ, кручу *сов.* айналдыру; айналдыра беру.

ПОКРУТИ́ТЬСЯ айналу.

ПОКРУЧИ́НИТЬСЯ, нюсь *сов.* қайғыру, уәйімдеу, уәйім қылу.

ПОКРЫВА́ЛО жапқыш, жамылғы; **п. для постели** төсек жапқыш; **она**

шля под белым покрывалом ол ақ жамылып келе жатты.

ПОКРЫВА'ТЬ *несов.* жабу, қаптау, тұмалау, тұмшалау.

ПОКРЫВА'ТЬСЯ *см.* покрыться.

ПОКРЫ'ТЫЙ жабылған, қапталған.

ПОКРЫ'ТЬ, крою *сов.* 1) жабу, бүркеу, қаптау; 2) өтеу (борышты); 2) лағнаттап сөгу.

ПОКРЫ'ТЬСЯ үстіне бірдеңе жамылу.

ПОКРЫ'ШКА қақпақ, жапқыш, кап.

ПОКРЯ'КАТЬ *сов.* (разг.) қырқылдау, қырылдау (үйрек).

ПОКРЯ'КИВАТЬ *несов.* (разг.) оқтым-оқтым қырылдау.

ПОКРЯХТЕ'ТЬ, хчу *сов.* (разг.) күшену, ентігіп күрсілдеу; старик покряхтел и заснул шал аздап күрсілдеді де ұйқыға кетті.

ПОКРЯ'ХТЫВАТЬ *несов.* к покряхтеть.

ПОКУВЫРКА'ТЬСЯ *сов.* домалау, жұмарлану.

ПОКУ'ДА *нар.* и *союз* (разг.) әзірге, әзірше.

ПОКУДА'ХТАТЬ, хчу *сов.* қырқылдау, қақылдау (тауық).

ПОКУКОВА'ТЬ, кукую *сов.* көкектеу.

ПОКУПА'ТЕЛЬ, *ж.* покупательница алушы, сатып алушы.

ПОКУПА'ТЬ[1] *несов.* сатып алу.

ПОКУПА'ТЬ[2] *сов.* шомылдыру.

ПОКУПА'ТЬСЯ[1] сатылып алыну.

ПОКУПА'ТЬСЯ[2] шомылу, суға түсу.

ПОКУ'ПКА 1) сатып алу; 2) сатып алған нәрсе.

ПОКУПНО'Й сатып алатын; п. хлеб сатып алған астық; покупная способность сатып алу шамасы.

ПОКУ'ПЩИК, *ж.* покупщица сатып алушы.

ПОКУ'РИВАТЬ *несов.* (разг.) темекі тарта беру.

ПОКУРИ'ТЬ, рю *сов. см.* покуривать.

ПОКУРОЛЕ'СИТЬ, лешу *сов.* (разг.) жанжалдасу, таласу.

ПОКУСА'ТЬ *сов.* тістеп талау, қабу, тістеу, шайнау, шағу.

ПОКУСИ'ТЬСЯ, кушусь *сов.* теріс іске оқталу, ұйтылу; 2) өлтіру; оқталу, қам қылу.

ПОКУ'СЫВАТЬ *несов.* талау (жандала, маса т. б.).

ПОКУТИ'ТЬ, кучу *сов.* (разг.) ерақ ішіп масайрау.

ПОКУ'ШАТЬ *сов.* тамақтанып алу.

ПОКУША'ТЬСЯ *несов.* оқталу.

ПОКУШЕ'НИЕ оқталу, қам қылу; п. на убийство өлтірмекші болу.

ПОЛ[1] иден.

ПОЛ[2] жыныс (ер жынысты, әйел жынысты).

ПОЛ[3] *нескл.* жарты, жарым (половина сөзінің қысқарған түрі).

ПОЛА', полы киімнің етегі; ✦ из-под полы жасырын, астыртын заңсыз.

ПОЛАВИ'РОВАТЬ, рую *сов.* жалтару, амал істеу.

ПОЛАГА'ТЬ *несов.* солай деп ойлау, есептеу, шамалау.

ПОЛАГА'ТЬСЯ 1) *см.* положиться; 2) солай деп есептелу, шамалану; 3) тағайындалу, белгілену; 4) тиісті болу; здесь курить не полагается мұнда темекі тартуға болмайды.

ПОЛА'ДИТЬ, лажу *сов.* ынтымақтастыру, татуластыру, жарастыру.

ПОЛА'ДКА жөндеу, ретке келтіру.

ПОЛА'ЗАТЬ *сов. см.* полазить.

ПОЛА'ЗИТЬ, лажу *сов.* бір аз өрмелеу.

ПОЛА'ИВАТЬ *несов.* үре беру.

ПОЛАКА'ТЬ *сов.* ішу, жалап ішу (ит, хайуан).

ПОЛАКИРОВА'ТЬ, рую *сов.* лак жағу, жылтырату.

ПОЛА'КОМИТЬ, млю *сов.* тәтті, дәмді тамақ ішкізу.

ПОЛА'КОМИТЬСЯ тәтті тамақ ішу, дәмін тату.

ПОЛАСКА'ТЬ *сов.* біреуді еркелету, мәпелеу.

ПОЛАСКА'ТЬСЯ еркелеу, еркелену.

ПОЛА'ТИ, ей *мн.* кісі жату үшін жасалған пешке таяу тек.

ПО-ЛАТЫ'НИ латынша.

ПОЛА'ЯТЬ, лаю *сов.* ұру (итті); сөгу, ұрсу, өсектеу.

ПОЛА'ЯТЬСЯ *сов.* ұрысу.

ПО́ЛБА полба (бидайдың бір түрі).

ПОЛБЕДЫ́ *в знач. сказ.* онша қорқынышты емес, қауіпты емес.

ПОЛВЕ́КА жарты ғасыр, (ғасырдың жартысы).

ПОЛГА́ТЬ, лгу *сов.* (разг.) өтірік айтыңқырау.

ПОЛГО́ЛОСА *м.* жарты дауыс сыбыр.

ПОЛДЕ́ЛА *ср.* істің жартысы, жұмыстың жартысы, шала-шарпы, шалағай.

ПО́ЛДЕНЬ, дня *м.* түс, түскі уақыт.

ПОЛДНЕ́ВНЫЙ *прил. к* **полдень; п. жар** түскі ыстық.

ПОЛДНЯ́ *м.* жарты күн.

ПОЛДОРО́ГИ *ж.* жарты жол, жол ортасы.

ПОЛДЮ́ЖИНЫ *ж.* жарты дюжина (6 дана).

ПО́ЛЕ 1) дала; 2) егістіктер.

ПОЛЕВО́ДСТВО егіншілік.

ПОЛЕВО́Й *прил. к* **поле; п. шпат** дала шпаты (силикат минералы).

ПОЛЕГА́НИЕ жапырылу, жантайып қалу.

ПОЛЕГО́НЬКУ *нар.* (простореч.) ақырын ғана, асықпай, ақырындап, бірте-бірте.

ПОЛЕГЧА́ТЬ, ает *безл. сов.* беті бері қарау (жеңілдену), аурудан жазыла бастау.

ПОЛЕДЕНЕ́ТЬ *сов.* муздау, мұз болып қатып қалу, қатты тону.

ПОЛЕЖА́ЛЫЙ 1) жатып қалған, көп жатқаннан шіріген; 2) почтада, станцияда жатып қалған жүк ақысы.

ПОЛЕЖА́ТЬ, жу *сов.* жату.

ПОЛЕЖИВАТЬ *несов.* (разг.) аздап жату, жата беру.

ПОЛЕ́ЗНОСТЬ пайдалылық.

ПОЛЕ́ЗНЫЙ, зен пайдалы; **полезная работа** пайдалы жұмыс.

ПОЛЕ́ЗТЬ зу *сов.* өрмелеп шығу; кіру.

ПОЛЕМИЗИ́РОВАТЬ, рую *несов.* айтысу ✦ жыйылыстарда (баспа сөз бетінде).

ПОЛЕ́МИКА полемика, айтыс.

ПОЛЕМИ́СТ, *ж.* **полемистка** айтысшыл, айтысты жақсы көруші.

ПОЛЕ́НИВАТЬСЯ *несов.* жалқаулану, жалқаулығы ұстау.

ПОЛЕНИ́ТЬСЯ нюсь *сов.* жалқаулану, еріну.

ПОЛЕ́ННИЦА қабырғаға кертелеп үйген, жарған отын ағаш.

ПОЛЕ́НО кесінді (пешке жағатын кесінді ағаш).

ПОЛЕПЕТА́ТЬ, печу *сов.* мылжыңдау, көп сөйлеу, мылжыңдап бір аз уақыт өткізу.

ПОЛЕПИ́ТЬ, плю *сов.* бір-аз жапсыру.

ПОЛЕ́ПЛИВАТЬ *несов.* бірнеше рет жапсыру (кей уақытта).

ПОЛЕСО́ВЩИК ағаш қорушысы.

ПОЛЕ́СЬЕ тоғайлы ойпаң жер.

ПОЛЕ́Т ұшу; **Арктический п.** Арктикаға ұшу.

ПОЛЕТА́ТЬ *сов.* бір аз ұшып жүру.

ПОЛЕТЕ́ТЬ, лечу *сов.* 1) ұшып кету, ұшып шығу; 2) асығып ілгері ұмтылу, жүгіру; 3) омақаса құлау.

ПОЛЕ́ТНЫЙ (спец.) *прил. к* **полёт; полетное свойство самолета** самолеттың ұшымпаздық қасиеті.

ПОЛЕ́ЧИВАТЬ *несов.* аздап емдеу (ауруды).

ПОЛЕ́ЧИВАТЬСЯ аздап емделу.

ПОЛЕЧИ́ТЬ, чу *сов. см.* **полечивать.**

ПОЛЕЧИ́ТЬСЯ *см.* **полечиваться.**

ПОЛЕ́ЧЬ, лягу *сов.* 1) жату; 2) соғыста топпен бірге өліп қалу (ритор.); 3) астықтың жапырылып қалуы.

ПОЛЖИ́ЗНИ *ж.* жарты өмір.

ПО́ЛЗАТЬ *несов.* 1) еңбектеу; 2) *перен.* жағыну үшін біреудің аяғына жығылу, құрдай жорғалау.

ПОЛЗКО́М *нар.* еңбектеп, жер бауырлап.

ПОЛЗТИ́, лзу *несов. см.* **ползать.**

ПОЛЗУ́Н өрмелегіш, еңбектегіш, жорғалағыш, жылжығыш.

ПОЛЗУ́ЧИЙ 1) өрмелеуші, жылжымалы, жайылғыш; 2) тұрақсыз.

ПОЛИАНДРИ́Я полиандрия (әйелдің көп ерлі болуы).

ПОЛИ́В суару.

ПОЛИ'ВА (техн.) балшықтан жасалған ыдыстарды бояйтын шыны бояу.

ПОЛИВА'ТЬ *несов.* құйғылау, құю, суару.

ПОЛИВА'ТЬСЯ құйылу, суарылу.

ПОЛИ'ВКА су шашу, су себу, суару; **п. посевов** егін суару; **п. улицы** көшеге су шашу (су себу).

ПОЛИВНО'Й суармалы; **поливная земля** суармалы жер.

ПОЛИ'ВОЧНЫЙ суарылатын.

ПОЛИГА'МИЯ полигамия (көп некелік).

ПОЛИГЛО'Т полиглот (көп тілді білетін адам).

ПОЛИГО'Н полигон: 1) атуды үйренетін жер; 2) көп бұрышты қорған.

ПОЛИГРА'Ф (техн.) полиграф, жазу көшіру аспабы (бір нәрседен екінші нәрсеге көшіру).

ПОЛИГРАФИ'ЧЕСКИЙ *прил. к* **полиграфия; полиграфическое производство** полиграфия өндірісі.

ПОЛИГРАФИ'Я полиграфия: 1) баспа орны; 2) библиотекада авторлар атағымен жыйналған кітаптар бөлімі.

ПОЛИЗА'ТЬ, лижу *сов.* жалап жұқтап қою (ит).

ПОЛИ'ЗЫВАТЬ *несов.* жалай беру.

ПОЛИКЛИ'НИКА поликлиника (түрлі ауруларды қарайтын кабинеттері бар аурухана).

ПОЛИМОРФИ'ЗМ полиморфизм (зоол., бот.) 1) бір нәсілдес жануардың бірнеше формада болуы; 2) (мин.) бір текті заттың шымқайланып бірнеше түрге айналуы.

ПОЛИМО'РФНЫЙ көп формалы.

ПОЛИНЕВА'ТЬ, нюю *сов. см.* **полиновать.**

ПОЛИНОВА'ТЬ, ную *сов.* сызық сызу, сызықтау.

ПОЛИНЯ'ЛЫЙ оңған, оңып кеткен, бояуы кеткен.

ПОЛИНЯ'ТЬ, няю *сов.* 1) оңу, бозару; 2) түлеу, түсі өзгерілу; 3) *перен.* революциялық позициядан таю, азу.

ПОЛИРОВА'ЛЬНЫЙ жылтырататын, тегістейтін.

ПОЛИРОВА'ТЬ, рую *несов.* ысын жылтырату, өңдеу.

ПОЛИРО'ВКА ысып жылтырату.

ПОЛИРО'ВОЧНЫЙ: п. материал жылтыратқыш зат.

ПОЛИСЕМАНТИ'ЧЕСКИЙ (лингв.) көп мәнді, көп мағналы (сөз).

ПОЛИСПА'СТ ауыр жүк көтеретін машина.

ПОЛИТГРА'МОТА саяси сабақ (бастауыш саяси білім негіздерінің қысқаша курсы).

ПОЛИТЕИ'ЗМ политеизм (көп құдайға сыйынушылық).

ПОЛИТЕХНИ'ЗМ политехнизм (өндірістің басты салаларын теориямен де, практикамен де байланыстырып таныстыратын оқу системасы).

ПОЛИТЕХНИ'ЧЕСКИЙ: п. музей политехника музейі (өндіріс, еңбек өнерлерінің нұсқаларын, үлгілерін көрсететін музей).

ПОЛИ'ТИК саясатшы.

ПОЛИ'ТИКА 1) саясат; 2) құлық, айла.

ПОЛИТИКА'Н 1) политикан (саяси мәселелерді бұрмалаушы құрғақ саясатшы); 2) хайлакер.

ПОЛИТИКА'НСТВО саясатшылық.

ПОЛИТИКА'НСТВОВАТЬ, ствую *несов.* саяси мәселелерді усақтап бұрмалау.

ПОЛИТИПА'Ж (тип.) политипаж (кітапқа салынатын суреттердің клишелері).

ПОЛИТИ'ЧЕСКИЙ саяси, саясаттық; **п. вопрос** саяси мәселе.

ПОЛИТРУ'К (**политический руководитель**) саяси жетекші.

ПОЛИТУПРАВЛЕ'НИЕ (**политическое управление**) жұмысшы шаруа Қызыл Армиясының саяси басқармасы.

ПОЛИТУ'РА политура (сұйық) лак.

ПОЛИ'ТЬ, лью, льёшь *сов.* құю, себу, құя бастау, жауа бастау (жаңбыр).

ПОЛИ'ТЬСЯ, құйыну, су құйылу.

ПОЛИТЭМИГРА́НТ саяси эмигрант.

ПОЛИФОНИ́Я полифония (көп дауыстылық музыка).

ПОЛИФТО́НГ полифтонг (бір буын туғызатын қатар тұрған бірнеше дауысты дыбыстар).

ПОЛИЦЕ́ЙСКИЙ полиция чиновнигі.

ПОЛИ́ЦИЯ полиция (буржуазия үкіметінде байшыл тәртіпті сақтау органы).

ПОЛИЦМЕ́ЙСТЕР ірі қалалардағы полиция бастығы.

ПОЛК полк (дивизия мен батальонның аралығындағы әскери бөлік).

ПО́ЛКА[1] өре (өре, шкаф ішіндегі көлденең қойылған тақтай); 2) вагонда адам жататын орын; 3) ердің қапталы.

ПО́ЛКА[2] жұлу, отау (арам шөбін жұлу).

ПОЛКО́ВНИК полковник (әскери басшы чині).

ПОЛКОВО́ДЕЦ, дца қолбасшы.

ПОЛКОВО́Й: полковое знамя полк туы.

ПОЛЛЮ́ЦИЯ еркектің үйқысырап шағыаттануы.

ПОЛМИНУ́ТЫ *ж.* жарты минут.

ПОЛНЕ́ТЬ *несов.* толығу, семіру, жуандау.

ПОЛНЕХО́НЬКИЙ өте толық, сепсеміз, өте күйлі.

ПОЛНЕШЕ́НЬКИЙ *см.* **полнехонький.**

ПОЛНО́[1] *нар.* толы.

ПО́ЛНО[2] жетер, жетер енді.

ПОЛНОВЕ́СНЫЙ 1) толық, салмақты, маңызды; 2) *перен.* беделді, дәлелді.

ПОЛНОВЛА́СТНЫЙ өкімі толық жүретін; **п. хозяин** анық ие.

ПОЛНОВО́ДНЫЙ мол сулы.

ПОЛНОГЛА́СНЫЙ толық дауысты.

ПОЛНОКРО́ВНЫЙ толық қанды.

ПОЛНОЛУ́НИЕ толған ай.

ПОЛНОМО́ЧИЕ өкілдік, сенім.

ПОЛНОПРА́ВИЕ толық праволы.

ПОЛНОПРА́ВНОСТЬ *ж.* толық праволылық.

ПОЛНОПРА́ВНЫЙ толық праволы хұқы, толық хұқықты.

ПОЛНОТА́ толықтық, жуандық, семіздік.

ПОЛНОЦЕ́ННЫЙ, нен толық бағалы, құнды.

ПО́ЛНОЧЬ *ж.* түн ортасы.

ПО́ЛНЫЙ, полон 1) лықылдаған толық; 2) іші бірдеңеге толған; 3) толық, семіз.

ПОЛОВИ́К аяқ астына төсейтін алаша, кілем.

ПОЛОВИ́НА жарты, жарым.

ПОЛОВИ́НКА жарым-жартысы.

ПОЛОВИ́НЧАТОСТЬ *перен.* анық еместік, белгісіздік, енжарлық.

ПОЛОВИ́НЧАТЫЙ 1) енжар зат. 2) *перен.* шала сыңар жақты; **п. ответ** шалағай жауап; **половинчатое решение** екі ұшты (шалағай) тоқтам.

ПОЛОВИ́ТЬ, влю *сов.* ұстап алу, тұта беру.

ПОЛОВИ́ЦА иден тақтасы.

ПОЛОВИЧО́К, чка аяқ астына төсейтін жол кілем.

ПОЛОВО́ДЬЕ су тасыған уақыт.

ПОЛОВО́Й *I) прил. к* **пол**[1] идендік.

ПОЛОВО́Й[2] *прил. к* **пол**[2].

ПО́ЛОГ 1) шымылдық; 2) масақана; 3) *перен.* жамылғы, бүркеніш.

ПОЛО́ГИЙ тайқы, жайпақ (тік емес).

ПОЛО́ГОСТЬ тайқылық, жайпақтық.

ПОЛОЖЕ́НИЕ 1) жағдай, жайкүй; 2) ереже, заң.

ПОЛО́ЖИМ *вводное слово* солай делік, солай деп ұйғаралық.

ПОЛОЖИ́ТЕЛЬНЫЙ дұрыс, оң, болымды; **п. человек** есті адам; **положительное электричество** болымды (оң) электр; **положительно** *нар.*

ПОЛОЖИ́ТЬ, жу салу, жерге қою, жатқызу.

ПОЛОЖИ́ТЬСЯ сену, сүйену, арқа тұту.

ПО́ЛОЗ[1] *мн.* **полозья** шана табаны.

ПО́ЛОЗ[2] (зоол.) жыланның бір түрі.

ПОЛО́К[1], лка сәкі, өре (монша ішіндегі жуынатын жер).

ПОЛО́К, лка үлкен жүк арбасы

ПОЛОКА́ТЬ *см.* **полакать.**

ПОЛО́М сынық, сынған, опырылып сынған.

ПОЛОМА́ТЬ 1) сындыру, уату, қыйрату; 2) аяқпен езу, жаншу; 3) *перен.* бахытсыздыққа ұшырату.

ПОЛОМИ́ТЬ, ломит *безл. сов.* (разг.) қақсап, сыздап ауыру.

ПОЛО́МКА сынық, сыну; **п. машины** машина сынуы.

ПО́ЛОН *см.* **полный.**

ПОЛО́Н (устар. и поэт.) тұтқын, қолға түскен адам; *см.* **плен.**

ПОЛОНЕ́З полонез (поляктің ескі салтанатты биі; бидің музыкалық пьесасы); **п. Шопена** Шопен полонезі.

ПОЛОНИЗА́ЦИЯ поляктендіру.

ПОЛОНИЗИ́РОВАННЫЙ поляктенген.

ПОЛОНИЗИ́РОВАТЬ, рую *сов. и несов.* поляктендіру.

ПОЛОНИ́ТЬ, ню *сов. и несов.* соғысып тұтқынға алу, қолға түсіру; *см.* **пленить.**

ПОЛОНОФИ́Л поляктің сүйгіш (поляктарды сүйіп, жақтау саясатын жүргізуші).

ПОЛОНОФО́Б поляктарды жек көруші.

ПОЛО́ПАТЬСЯ *сов.* (разг.) бірі артынан бірі жарылу, шатынау.

ПОЛОРО́ГИЙ қуыс мүйізді.

ПОЛОСА́ 1) сала, бой, жол-жол нәрсе (қағаз, шүберек, жер т. б.); 2) аймақ, алап; 3) газеттің беті; 4) дәуір, заман.

ПОЛОСА́ТЫЙ бой-бой, сала-сала, жол-жол, алақ-жұлақ.

ПОЛО́СКА кішкене, ұзынша сопақ нәрсе; бір шап жер, бір сала.

ПОЛОСКА́ТЕЛЬНИЦА шайынды құятын ыдыс.

ПОЛОСКА́ТЕЛЬНЫЙ жуатын, жуынды құятын, шаятын ыдыс.

ПОЛОСКА́ТЬ, лощу *несов.* шаю, жуып шайып тастау.

ПОЛОСКА́ТЬСЯ шомылып суды толқыту, көпірту.

ПОЛОСНУ́ТЬ *сов.* тіліп жіберу, жаралау (өткір затпен), сұғып алу.

ПОЛОСОВА́ТЬ, сую *несов.* 1) бой-бой етіп тілу, сызу; 2) (техн.) **п. железо** темірді тілу; 3) көкала қойдайқып сабау.

ПО́ЛОСТЬ 1) қуыс; 2) алжапқыш; **п. рта** ауыздың іші.

ПОЛОТЕ́НЦЕ сүлгі (бет сүртетін орамал).

ПОЛОТЕ́Р полотер (балауызбен иден ысушы, иден сүртуші қызметкер).

ПОЛО́ТНИЩЕ 1) енді, мата, қалың кенеп; 2) құрал-сайманның жалпақ жұқа жағы.

ПОЛОТНО́ 1) кенеп; 2) темір жол (темір жол астына төсеген кемер); 3) сурет салынатын керме.

ПОЛОТНЯ́НЫЙ *прил. к* **полотно**; кенептен істелген; **полотняная рубашка** кенеп көйлек.

ПОЛО́ТЬ, лю *несов.* жұлу (арам шөпті).

ПОЛОУ́МНЫЙ нақұрыс, есалақ, жарым ес.

ПО́ЛОЧКА өре, нәрсе қоятын тақта.

ПОЛОШИ́ТЬ, шу *несов.* үркіту, қорқыту.

ПОЛОШИ́ТЬСЯ үрку, қорқу.

ПОЛПРЕ́Д (полномочный представитель) толық праволы елші.

ПОЛПРЕ́ДСТВО елшілік.

ПОЛПУТИ́ *м.* жарты жол.

ПОЛСЛО́ВА *ср.* жарты ауыз сөз, жалғыз ауыз сөз.

ПОЛСО́ТНИ *ж.* елу, жарты жүз.

ПОЛСО́ТНЯ жарты жүз.

ПОЛТИ́ННИК елу тыйындық күміс.

ПОЛТОРА́ *м. и ср.* **и полторы** бір жарым; **п. тысячи** мың жарым.

ПО́ЛУ жарты, шала, жарым.

ПОЛУБОЛЬНО́Й ауру да емес, сау да емес; шала ауру, сүлесоқ.

ПОЛУБО́РТ етіктің басы.

ПОЛУБУТЫ́ЛКА жартылық, бөтелке, бутылкенің жартысы.

ПОЛУВА́ТТ жарты ватт (электр өлшеуі).

ПОЛУГЛА́СНЫЙ (грам.) жарты дауысты (дыбыс).

ПОЛУГО́ДИЕ жарты жыл, жарты жылдық.

ПОЛУГОДОВА′ЛЫЙ жарты жастағы (алты айлық), жарты жылдық.

ПОЛУГОДОВО′Й жарты жылдық.

ПОЛУ′ДА 1) қалайылау; 2) жапқан қалайы.

ПОЛУ′ДЕННЫЙ түстік, шаңқай түстегі.

ПОЛУДИ′КИЙ тағылау, жабайылау.

ПОЛУДИ′ТЬ, лужу *сов.* қалайылау.

ПОЛУДУ′РЬЕ ахмақ, есаландау адам.

ПОЛУЖИВО′Й шала жансар.

ПОЛУЗАБЫ′ТЫЙ ұмытылып бара жатқан.

ПОЛУКАФТА′Н шолақ шекпен.

ПОЛУКОЛОНИА′ЛЬНЫЙ жарты колониалдық, жартылай отар.

ПОЛУКОЛО′НИЯ жарты колония (отар).

ПОЛУКОЧЕВО′Й шала көшпелі.

ПОЛУКРО′ВКА будан (аралас қанды).

ПОЛУКРУ′Г жарты дөңгелек.

ПОЛУКРУ′ЖИЕ *см.* полукруг.

ПОЛУЛЕГА′ЛЬНЫЙ құпиялау (онша ашық түрде емес).

ПОЛУЛИ′СТ жарты тарақ, жарты бет.

ПОЛУМА′СКА енсіз маска (беттің жоғарғы жағын ғана жауып тұратын).

ПОЛУМЕ′РА шалағай шара.

ПОЛУМЁРТВЫЙ шала өлі, шала жансар.

ПОЛУМЕ′СЯЦ жарты ай.

ПОЛУМЕ′СЯЧНЫЙ *прил.* жарты айлық; **полумесячная зарплата** жарты айлық ақы.

ПОЛУМРА′К іңір, қаракөлеңке.

ПОЛУНО′ЧНИК кеш жатушы, ұйқысыз.

ПОЛУНО′ЧНИЧАТЬ *несов.* түн ортасына дейін отырып істеу.

ПОЛУ′НОЧЬ *ж. см.* полночь.

ПОЛУОБОРО′Т жарты айналу.

ПОЛУОКРУ′ЖНОСТЬ дөңгелектің жартысы, жарты шеңбер.

ПОЛУО′СТРОВ түбек, жарты арал.

ПОЛУОТКРЫ′ТЫЙ жартысы ашық.

ПОЛУОФИЦИА′ЛЬНЫЙ рәсмилеу.

ПОЛУПРОЗРА′ЧНЫЙ күңгірт.

ПОЛУПУДОВИ′К жарты пұттық гир, жарты пұттық қап.

ПОЛУПУСТЫ′НЯ ен дала (дала мен сахараның аралығы, шөлейттеу).

ПОЛУПЬЯ′НЫЙ мастау, шала мас.

ПОЛУРАЗДЕ′ТЫЙ желең.

ПОЛУРО′ТА (воен.) ротаның жартысы.

ПОЛУСАПО′ЖКИ, жек *мн.* қысқа, қонышты етік.

ПОЛУСО′Н, сна шала ұйқы, ұйқылы ояу.

ПОЛУСО′ННЫЙ ұйқылы-ояулы.

ПОЛУСО′ТНЯ елу (жарты жүз).

ПОЛУСТА′НОК, нка екі станция арасындағы тоқтайтын жер.

ПОЛУТОРАГОДОВА′ЛЫЙ бір жарым жастағы.

ПОЛУТЕ′НЬ *ж.* қара көлеңке.

ПОЛУТОРАПЛА′Н аэропланның бір түрі.

ПОЛУ′ТОРНЫЙ бір жарымдық.

ПОЛУФАБРИКА′Т шала фабрикат (шала істетіп дайындалған зат, тауар).

ПОЛУЧАСОВО′Й жарты сағаттық.

ПОЛУЧА′ТЕЛЬ, *ж.* **получательница** алушы; **п. денежного перевода** почта арқылы жіберілген ақшаны алушы.

ПОЛУЧА′ТЬ *несов.* алу.

ПОЛУЧА′ТЬСЯ *несов.* 1) алыну; 2) болып шығу.

ПОЛУЧЕ′НИЕ алу.

ПОЛУЧИ′СТЫЙ нағыз таза емес, кірлеу, күңгірттеу.

ПОЛУЧИ′ТЬ, чу *сов.* алу.

ПОЛУЧИ′ТЬСЯ 1) алыну; 2) болып шығу.

ПОЛУ′ЧКА еңбек ақы, еңбек ақы алу.

ПОЛУША′Г жарты адым.

ПОЛУША′РИЕ жер шарының жартысы.

ПОЛУ′ШКА жарты тыйындық.

ПОЛУШУ́БОК, бка шолақ тон, қысқа тон.

ПОЛФУ́НТА *м.* жарты қадақ.

ПОЛЦЕНЫ́ *ж.*: **за полцены** 1) жарты баға; 2) су тегін.

ПО́ЛЧАСА *м.* жарты сағат.

ПО́ЛЧИЩЕ қалың қол, қара күйма әскер.

ПО́ЛЫЙ 1) кемікті бос, қуыс; **п. сосуд** бос сауыт; 2) толы; **полая вода** тасқын су, қар суы.

ПО́ЛЫМЯ жалын; **из огня да в п.** (послов.) еңбектен қашсаң дөңбекке.

ПОЛЫ́ННЫЙ жусанды.

ПОЛЫ́НОВКА ерменге тотықтырған арақ.

ПОЛЫ́НЬ *ж.* ермен, жусан.

ПОЛЫНЬЯ́ жылым.

ПОЛЫХА́ТЬ *несов.* жалындап жану, өте жарық қылу.

ПО́ЛЬЗА пайда, табыс.

ПО́ЛЬЗОВАНИЕ пайдалану.

ПО́ЛЬЗОВАТЬ, зую *несов.* 1) біреуге пайдасын тигізу, пайда келтіру; 2) емдеу (ауруды).

ПО́ЛЬЗОВАТЬСЯ пайдалану.

ПО́ЛЬКА[1] поляк әйел.

ПО́ЛЬКА[2] поляк (чехтардың би күйі).

ПОЛЬСТИ́ТЬ, льщу *сов.* дем беру, жағына мақтау.

ПОЛЬСТИ́ТЬСЯ қызығу, қызығып алдану.

ПОЛЮБЕ́ЗНИЧАТЬ *сов.* мейірімдену, еркелету, сыпайылық істеу.

ПОЛЮБИ́ТЬ, блю *сов.* жарату, сүю, ұнату, жақсы көру.

ПОЛЮБИ́ТЬСЯ *сов.* сүйісу, ұнатысу.

ПОЛЮБОВА́ТЬСЯ, буюсь *сов.* қызығып, сұқтанып қарау тамашалап қарау.

ПОЛЮБОПЫ́ТСТВОВАТЬ, ствую *сов.* білгісі келу, ынталану, білуге құмарлану.

ПОЛЮДНЕ́ТЬ *сов.* халық көбею, адам көбею.

ПО́ЛЮС полюс (үйек); **Северный п.** Солтүстік полюс.

ПОЛЯ́НА, ПОЛЯ́НКА тоғайдың алаңы, ормандағы ашық жер, алақ.

ПОЛЯРИЗА́ТОР поляризатор жарықтың шуағын, бір жерге шоқтап жыйнайтын аспап).

ПОЛЯРИЗА́ЦИЯ поляризация: 1) электромагниттің және жарық толқындарының бір беткейге ұялау хасиеті; 2) токтың күшін әлсірететін әр түрлі заттардың электрод үстінде қалып қоюы.

ПОЛЯ́РНЫЙ полюстегі, полюстік; **Полярная звезда** Темір қазық; **п. круг** полюс шеңбері.

ПОМ (*от* **помощник**) жәрдемші (қысқартылып айтқанда).

ПОМА́ДА помада (далап); **п. для волос** шаш бояйтын помада; **губная п.** ерін бояйтын помада.

ПОМА́ДИТЬ, мажу *несов.* помада жағу (далап жағу).

ПОМА́ДИТЬСЯ жағыну.

ПОМА́ДКА кішкене помада.

ПОМА́ДНЫЙ *прил. к* **помада; помадная банка** помада сауыты.

ПОМА́ЗАТЬ, мажу, *сов.* май жағу, жұқтыру.

ПОМА́ЗАТЬСЯ май жағыну.

ПОМАЗО́К, зка жаққыш.

ПОМА́ЗЫВАТЬ *несов. см.* **помазать.**

ПОМА́ЗЫВАТЬСЯ *см.* **помазаться.**

ПОМАКА́ТЬ *сов.* бірнеше рет матыру; **п. хлеб в миску с молоком** нанды бақыршақтағы сүтке батыру.

ПОМАКНУ́ТЬ *сов. см.* **помакать.**

ПОМАЛЕ́НЬКУ *нар.* ақырындап, аздап,ептеп.

ПОМА́ЛКИВАТЬ *несов.* үндемеу, айтпау (жасыру), дым шығармау.

ПОМА́ЛУ *нар.* аз аздап; **мало п.** аз-аздап қана.

ПОМА́ЛЧИВАТЬ *несов. см.* **помалкивать.**

ПОМА́ЛЫВАТЬ *несов.* ұнтақтай беру, уата беру, жармалау.

ПОМА́НИВАТЬ *несов. см.* **поманить.**

ПОМАНИ́ТЬ, ню *сов.* ымдап шақыру, қызықтырып шақыру, қол бұлғау.

ПОМАРА́ТЬ *сов.* (разг.) біраз былғау, ластау.

ПОМАРА́ТЬСЯ *сов.* былғану, ластану.

ПОМА́РГИВАТЬ *несов.* (разг.) көзін жыпылықтату, көзін қысу, қас қағу.

ПОМА́РКА түзеген, қолмен түзеп жазған жер (бұзып алған, шыймайланған, сызып былғап қайта жазылған сөз, әріп).

ПОМА́СЛИВАТЬ *несов.* азырақ май жағу.

ПОМА́СЛИТЬ, лю *сов. см.* помасливать.

ПОМАСТЕРИ́ТЬ, рю *сов.* шеберлік істеп қою, шеберлік істеп жіберу.

ПОМА́ТЫВАТЬ[1] *несов.* шұлғу, сыйпаңдату (ат құйрығын, басын).

ПОМА́ТЫВАТЬ[2] *несов.* ораңқырау (жіп).

ПОМАХА́ТЬ *сов.* бұлғау (қолды, орамалды).

ПОМАХА́ТЬСЯ бірдеңені өзіне қарай азырақ желпу.

ПОМА́ХИВАТЬ *несов.* бір аз бұлғау, қол бұлғау.

ПОМА́ЯТЬ, маю *сов.* азырақ шаршату, жүдету, қыйнау.

ПОМА́ЯТЬСЯ бір аз шаршау, жүдеу, қыйналу.

ПОМЕЛЕ́ТЬ *сов.* саяздану, таяздану (су).

ПОМЕЛО́ басына шүберек байлаған таяқ (бір нәрсені сүрту үшін жасалған, сыпырғыш).

ПОМЕЛЬКА́ТЬ *сов.* жылтылдау, жылт-жылт ету, қылаңдау.

ПОМЕЛЬЧА́ТЬ *сов.* уақтау, ұсақтау.

ПОМЕ́ЛЬЧЕ *нар.* уағырақ, ұсағырақ.

ПОМЕ́НЬШЕ *нар.* азырақ, кішірек.

ПОМЕНЯ́ТЬ *сов.* айырбастау.

ПОМЕНЯ́ТЬСЯ айырбастау, алмастыру.

ПОМЕРА́НЕЦ, нца ащы апельсин.

ПОМЕРА́НЦЕВЫЙ померанецтен істелген; **п. настойка** померанецтен істелген арақ.

ПОМЕРЕ́ТЬ, мру *сов.* (простореч.) өлу.

ПОМЕРЕ́ЩИТЬСЯ, щусь *сов.* көзге елестеу (түсте көргендей **болу**).

ПОМЕРЗА́ТЬ *несов.* үсу, үсіп кету (суыққа).

ПОМЁРЗЛЫЙ үсіген, суыққа тоңған.

ПОМЁРЗНУТЬ *сов. см.* **померзать.**

ПОМЕ́РИВАТЬ *несов.* өлшей беру, өлшеп қою.

ПОМЕ́РИТЬ, рю *сов.* (разг.) өлшеу.

ПОМЕ́РИТЬСЯ (разг.) өлшесу күш сынасу.

ПОМЕ́РКНУТЬ *сов.* қара көлеңкелену.

ПОМЕРТВЕ́ЛЫЙ өңсіз, күп-ку (түсі қашқан, өлік қалпына келген).

ПОМЕРТВЕ́ТЬ *сов.* өлу, қатып қалу, серейіп қалу.

ПОМЕРЦА́ТЬ[1] *сов.* (книжн.) жылтылдау, жалт-жұлт ету.

ПОМЕРЦА́ТЬ[2] *несов.* (устар.) *см.* **меркнуть.**

ПОМЕ́РЯТЬ, **померяться** *см.* **померить, помериться.**

ПОМЕСИ́ТЬ, мешу *сов.* біраз араластыру, илеу.

ПОМЕСТИ́, мету *сов.* сыпырып тастау.

ПОМЕСТИ́ТЕЛЬНОСТЬ кендік.

ПОМЕСТИ́ТЕЛЬНЫЙ кең, ішті.

ПОМЕСТИ́ТЬ, мещу *сов.* орналастыру, орын беру, ендіру, сыйдыру, қою, орнату; **п. статью в газете** газетке мақаланы басу, сыйдыру.

ПОМЕСТИ́ТЬСЯ орналасу, сыйысу, ену.

ПОМЕ́СТНЫЙ[1] (истор.) *прил.* **к поместье** жергілікті, орындағы (**помещикке** тән); **поместное дворянство** жер иеленген, жер меншіктенген дворяндар.

ПОМЕ́СТНЫЙ[2] белгілі бір жерде болатын; **п. сбор** жергілікті алым; **п. собор** (церк.) жергілікті жыйын.

ПОМЕ́СТЬЕ помещиктің қонысы, меншікті жері.

ПО́МЕСЬ *ж.* будан, аралас; *перен.* қосынды.

ПОМЕ́СЯЧНЫЙ ай сайын, ай сайын болатын, айына бір рет, бір айға алатын; **помесячно** *нар.* айлап.

ПОМЁТ 1) тезек, қый; 2) ұялас, емшектес; **оба щенка—одного помета** ұялас екі күшік; **у кроликов в году бывает 3—4 помета** үй қояндары жылына 3—4 рет балалайды; 3) бір анадан бір жылы туған төл.

ПОМЕ́ТА *см.* **пометка.**

ПОМЕТА́ТЬ[1], мечу *сов.* лақтыру, ату; **пометать гранату** гранат лақтыру.

ПОМЕТА́ТЬ[2], аю *сов.* іліп шалу, тігу.

ПОМЕТА́ТЬСЯ, мечусь *сов.* 1) аласұру, жанталасу; 2) шарқұру.

ПОМЕ́ТИТЬ, мечу *сов.* белгілеу, белгі салу, таңбалау.

ПОМЕ́ТКА белгі, таңба.

ПОМЕ́ХА кедергі, «көзге сүйел», (біреуге қырсық болу).

ПОМЕЧА́ТЬ *несов.* белгілеу.

ПОМЕША́ТЕЛЬСТВО ақылдан адасу.

ПОМЕША́ТЬ[1] *сов.* кедергі жасау.

ПОМЕША́ТЬ[2] *сов.* былғау, араластыру.

ПОМЕША́ТЬСЯ, аюсь *сов.* 1) ақылынан адасу, жындану; 2) бірдемеге мейлінше елігу, соңына түсу.

ПОМЕ́ШИВАТЬ[1] *несов.* аз-аздап былғай беру, араластыра беру.

ПОМЕ́ШИВАТЬ[2] *несов.* араластыра беру.

ПОМЕ́ШКАТЬ *сов.* (простореч.) асықпау, ақырын қыймылдау.

ПОМЕЩА́ТЬ *несов. см.* **поместить.**

ПОМЕЩА́ТЬСЯ орналасу; **школа помещается в большом здании** мектеп үлкен үйде.

ПОМЕЩЕ́НИЕ 1) орналастыру; 2) үй, бөлме, орын, т. б.

ПОМЕ́ЩИК, *ж.* **помещица** помещик (алпауыт).

ПОМЕ́ЩИЧИЙ *прил. к* **помещик; помещичья земля** помещиктің жері.

ПОМИГА́ТЬ *сов.* көз қысу.

ПОМИДО́Р помидор (бақша жемісі).

ПОМИ́ЛОВАНИЕ (офиц., право) кешіру, кешірім жасау (қылмысты болған кісіні жазадан құтқару).

ПОМИ́ЛОВАТЬ, лую *сов.* кешірім беру (қылмысты болған кісіні жазадан құтқару); **помилуй, помилуйте** кешір, кешіріңіз.

ПОМИЛОСЕ́РДСТВОВАТЬ, ствую *сов.* (книжн.) мархабат ету, шапақат ету.

ПОМИ́МО *предл. с род. п.* басқа; **п. меня** менен басқа, менің қатнасымсыз.

ПОМИ́Н еске түсіру; **и в помине нет** мүлде ұмытылған.

ПОМИНА́ТЬ *несов.* 1) ескеру; 2) ас беру.

ПОМИНА́ТЬСЯ еске түсірілу.

ПОМИ́НКА, нок (разг.) езілу, жаншылу.

ПОМИ́НКИ *мн.* өлікті ескеру, ас беру.

ПОМИНУ́ТНЫЙ минут сайын; **поминутно** *нар.*

ПОМИРА́ТЬ *несов.* өлу, қаза табу.

ПОМИРИ́ТЬ, рю *сов.* татуластыру, келістіру.

ПОМИРИ́ТЬСЯ татуласу, келісу.

ПО́ МИРУ *см.* **мир; ходить по миру** қайыр сұрау; **пустить по миру** қаңғыртып жіберу.

ПО́МНИТЬ, ню *несов.* ұмытпау.

ПО́МНИТЬСЯ, нюсь *несов.* 1) есте тұтылу, ұмытылмау; 2) ұмытпасам, менің ойымша; **помнится** (*безл.*) **она несколько дней сряду была очень холодна со мною** (Тургенев) ол бірнеше күн маған қырын қабақ болып жүргені есімде.

ПОМНО́ГУ *нар.* (разг.) көп-көп, кесек-кесегімен, мол-мол.

ПОМНОЖА́ТЬ *несов. см.* **помножить.**

ПОМНОЖА́ТЬСЯ *см.* **помножиться.**

ПОМНОЖЕ́НИЕ көбейту, өсіру.

ПОМНО́ЖИТЬ, жу *сов.* көбейту.

ПОМНО́ЖИТЬСЯ бірнеше рет көбейтілу, өсірілу.

ПОМО́ГА жәрдем, көмек.

ПОМОГА́ТЬ *несов.* жәрдемдесу, болысу.

ПО-МО́ЕМУ *нар.* меніңше, менімше.

ПОМО́И, оев *мн.* жуынды.

ПОМО́ЙКА жуынды төгетін шұңқыр.

ПОМО́ЙНИК (обл.) жуынды құятын шелек.

ПОМО́ЙНЫЙ уақ-түйек, шөп-салам, сыпырынды салатын; **помойная яма** жуынды-шайынды төгетін шұңқыр.

ПОМОКА́ТЬ малу, батыру.

ПОМОКНУ́ТЬ *сов.* су болу, дымдану, бір аз уақыт жауын астында болу.

ПОМО́КНУТЬ *сов.* су болу, суға малшыну, дымдану.

ПОМО́Л тарту, үгу (ұн); **везти пшеницу на п.** бидайды тарттыруға, апару.

ПОМО́ЛВИТЬ, влю *сов.* атастыру, құда болу.

ПОМО́ЛВКА (устар.) атастыру (күйеуді қалындығымен атастыру.).

ПОМОЛИ́ТЬСЯ, люсь *сов.* намаз оқу, дұға оқу, шоқыну, тілену.

ПОМОЛОДЕ́ТЬ *сов.* жасару.

ПОМОЛОТИ́ТЬ, лочу, лотишь *сов.* егін бастыру.

ПОМОЛО́ТЬ, мелю *сов.* ұн тарттыру.

ПОМОЛЧА́ТЬ, лчу *сов.* үндемеу, үндемей отыру.

ПОМО́ЛЬЩИК тірменге астық апарушы, ұн тартушы.

ПОМО́Р *см.* **поморы.**

ПОМОРГА́ТЬ *сов.* көз қысу.

ПОМОРИ́ТЬ[1], рю *сов.* шаршату, тыйтырын құрту.

ПОМОРИ́ТЬ[2], рю *сов. см.* **морить.**

ПОМОРО́ЗИТЬ, рожу *сов.* біраз тоңазыту, тоңдыру, қатыру.

ПОМОРОСИ́ТЬ, рошу *сов. чаще безл.* сіркіреу, себелеу (жауын).

ПОМОРО́ЧИТЬ, чу *сов.* алдау, бас айналдыру.

ПОМО́РЩИТЬ, щу *сов. что* тыржыю, қатпарландыру (маңдайды), құрыстыру.

ПОМО́РЩИТЬСЯ тыржыю, құрысу, тырысу (жаратпағандықтан).

ПОМО́РЫ *мн.* (*ед.* **помор**, *ж.* **поморка**) Ақ теңіздің, Мұз теңізінің жағасын мекендеген орыс халқы.

ПОМО́РЬЕ теңіз жағасына таяу өлке, жер.

ПОМОРЯ́НЕ 1) теңіз жағасын мекендеушілер; 2) қыйыр батыстағы словян тұқымдары.

ПОМО́СТ кішкене көпір.

ПОМОТА́ТЬ[1] *сов.* бірдеңені орау, шырмау.

ПОМОТА́ТЬ[2] *сов.* ретсіз жұмсап бітіру, бірді-бірге соғу.

ПОМОТА́ТЬСЯ[1] *сов.* (разг.) оратылу, шырмалу.

ПОМОТА́ТЬСЯ[2] *сов.* (разг.) бос уақыт өткізу, қаңғыру, кезу.

ПО́МОЧИ, ей *мн.* бау, баулық.

ПОМОЧИ́ТЬ, чу *сов.* сулау, ою себу, жібіту.

ПОМОЧИ́ТЬСЯ 1) сулану; 2) дәрет сындыру.

ПОМО́ЧЬ, могу *сов.* жәрдемдесу, көмектесу.

ПОМО́ЩНИК, *ж.* **помощница** жәрдемші (орынбасар).

ПО́МОЩЬ *ж.* жәрдем, көмек.

ПО́МПА[1] (книжн.) ұлы сәулетті салтанат, сәулет.

ПО́МПА[2] помпа, насос.

ПОМПАДУ́Р, *ж.* **помпадурша** помпадур (ахмақ әкім).

ПОМПЕ́ЗНОСТЬ (книжн.) әдемілік, салтанаттылық, сәулеттілік.

ПОМПЕ́ЗНЫЙ (книжн.) әдемі, салтанатты, сәулетті.

ПОМПО́Н баланың және әйелдің бас киіміне тағатын шоқ.

ПОМРАЧА́ТЬ *несов.* түнержу түнжырату.

ПОМРАЧА́ТЬСЯ бір аз түнжырау, жабығу.

ПОМРАЧЕ́НИЕ қараңғылану, көз қараю, күңгірттену.

ПОМРАЧЕ́ННЫЙ *прич.* **к помрачить** түнжыраған, жабыққан.

ПОМРАЧИ́ТЬ, чу *сов.* бір аз түнжырату, жабықтыру.

ПОМРАЧИ́ТЬСЯ бір аз түнжырау, жабығу, күңгірттену.

ПОМУДРИ́ТЬ, рю *сов.* орынсыз білгішсіну, керексіз іс істеу.

ПОМУСО́ЛИТЬ, лю *сов. что* (разг.) біраз сілекейлеу.

ПОМУТИ́ТЬ, мучу, мутишь *сов.* лайлау, былғау.

ПОМУТИ́ТЬСЯ 1) лайлану, 2) сасып қалу.

ПОМУТНЕ́НИЕ 1) лайлану; 2) асу.

ПОМУТНЕ́ТЬ *сов.* лайлану, бұлдырлану, тұмандану.

ПОМУТНИ́ТЬ, ню *сов.* лайлау.

ПОМУ́ЧАТЬСЯ *сов. см.* **помучаться.**

ПОМУ́ЧИВАТЬ *несов.* азаптаңқырау, шаршатыңқырау.

ПОМУ́ЧИТЬ, чу и чаю *сов.* азаптау, шаршату.

ПОМУ́ЧИТЬСЯ азаптану, шаршау.

ПОМУШТРОВА́ТЬ, рую *сов.* әскерді жөнсіз қатты тәртіппен үйрету.

ПОМЧА́ТЬ, мчу *сов.* шаба жөнелу, шауып кету.

ПОМЧА́ТЬСЯ қатты шауып кету.

ПОМЫКА́ТЬ *несов.* мәжбүр ету; күштеп, зорлап көндіру.

ПОМЫТА́РИТЬ, рю *сов.* азап шегіп, қыйналып жүру.

ПОМЫ́ТЬСЯ, моюсь *сов.* жуыну.

ПО́МЫСЕЛ, сла ой, талап.

ПОМЫШЛЯ́ТЬ *несов.* ойлау, көксеу.

ПОМЯ́ТЬ, мну *сов.* уқалау, бүктеу, илеу, езу, жаншу.

ПОНАБИРА́ТЬ *сов.* біріндеп жыйнап алу.

ПОНАБРОСА́ТЬ *сов.* біріндеп тастау.

ПОНАВЕ́ДАТЬСЯ *сов.* кіріп шығу, хал білу, қатнасу.

ПОНАДЕ́ЯТЬСЯ, деюсь *сов.* сену, ышану, үміттену.

ПОНАПРА́СНУ *нар.* босқа, бекер.

ПОНАПРЯ́ЧЬСЯ, рягусь *сов.* күшену, тырбанду.

ПОНАСЛУ́ШАТЬСЯ *сов.* көп есіту (естігеннен құлағы шулау).

ПОНАСТРО́ИТЬ, строю *сов.* үй салып тастау, үй салып қою; **понастроили домов** үйлерді салып тастапты.

ПОНАТАСКА́ТЬ *сов.* бірте-бірте, аз-аздап тасу.

ПОНАТЕРПЕ́ТЬСЯ, плюсь *сов.* көп нәрсені басынан кешіру, бір аз жапа шегу.

ПОНАТОРЕ́ТЬ, ею *сов.* (простореч.) жаттығу, тәжрибелену, көнпістену.

ПОНАТУ́ЖИТЬСЯ, жусь *сов.* (разг.) зорлану, күшену, шірену.

ПОНАХВАТА́ТЬ *сов.* көпті қармау, әрнеменің басын шалу.

ПО-НА́ШЕМУ *нар.* біздіңше, бізше.

ПОНЕВО́ЛЕ *нар.* еріксіз, зорлап, ықтыярсыз.

ПОНЕВО́ЛИТЬ, лю *сов.* зорлау, рыйзалықсыз істету.

ПОНЕДЕ́ЛЬНИК дүйсембі (күн).

ПОНЕДЕ́ЛЬНИЧНЫЙ дүйсембілік.

ПОНЕДЕ́ЛЬНЫЙ жеті сайын болатын, апталық; **понедельно** *нар.* жеті сайын.

ПОНЕ́ЖИТЬ, нежу *сов.* еркелету, әлпештеу.

ПОНЕ́ЖИТЬСЯ біраз былғаңдау, бойкүйездікке салыну.

ПОНЕМНО́ГУ, ПОНЕМНОЖКУ *нар.* аз-аздап, аздап.

ПОНЕСТИ́, су *сов.* 1) көтеріп алып жүру; 2) істеу, орындау (міндет атқару); 3) *перен.* зиян табу, жапа шегу; 4) *перен.* екі қабат болып қалу, жүкті болу; 5) алып ұшу, алып қашу (ат); 6) барды-жоқты шатып мыжыңдау, өтірікті соғу.

ПОНЕСТИ́СЬ зымырап шауып кету.

ПО́НИ *нескл. м.* пони (тапал жылқы тұқымы); **катать детей на пони** балаларды кішкене атпен ойнатып жүргізу.

ПОНИЖА́ТЬ *несов.* төмен түсіру, төмендету, бәсендету.

ПОНИЖА́ТЬСЯ төмендеу.

ПОНИ́ЖЕ *нар.* төменірек, алаңсарақ.

ПОНИЖЕ́НИЕ 1) төмендету, төмендеу; 2) төмен түсу; **п. по должности** хызмет жөнінде төмендету; **п. температуры** температураның төмен түсуі (ыстығы басылу).

ПОНИ́ЗИТЬ, нижу, низишь *сов.* төмендету; **п. голос** дауысын бәсендету.

ПОНИ́ЗИТЬСЯ төмендеу, бәсеңдеу, кему.

ПОНИКА́ТЬ *несов.* басы түсу, салы суға кету, еңсесі түсу.

ПОНИМА́НИЕ түсінік, түсіну, ұғу.

ПОНИМА́ТЬ[1] *несов.* түсіну, ұғу.

ПОНИМА́ТЬ[2] *несов.* (обл.) су басу, су қаптау, су алу.

ПОНИМА́ТЬСЯ түсінілу, ұғынылу.

ПОНИЩА́ТЬ *сов.* қайыршылану, кедейлену.

ПОНОВИ́ТЬ, влю *сов.* жаңарту, жөндеу.

ПОНОВЛЯ'ТЬСЯ *сов.* жаңартылу, жаңару.

ПОНОЖО'ВЩИНА пышақтасу, төбелесу.

ПОНОМА'РЬ *м.* (церк.) шеркеуде лоптың көмекшісі — дуға оқушы, қоңырау қағушы.

ПОНО'С *м.* іш ауру, іш өту; **кровавый п.** іштен қан өту.

ПОНОСИ'ТЕЛЬ *м.* (книжн., устар.) өсекші, балағаттаушы.

ПОНОСИ'ТЬ[1], ношу, *несов.* жамандау, балағаттау, ажарын төгу.

ПОНОСИ'ТЬ[2], ношу *сов.* алып жүру, бір аз кійіп жүру.

ПОНОСИ'ТЬСЯ[1] жамандалу, өсектелу, балағаттану.

ПОНОСИ'ТЬСЯ[2] бір аз уақыт кию-ге төзу; **пальто еще поносится сезон** пальтоны тағы бір маусым кию-ге болады.

ПОНО'СКА тістеп алып жүру; **идет собака с поноской** ит бірдеңені тістеп әкеле жатыр; **обучить собаку поноске** итті тістеп алып жүруге үйрету; **пчела с поноской тяжело летит** (Даль) аузында тістегені бар ара ауырлап ұшуы қыйын.

ПОНО'СНЫЙ масқаралайтын, жаманатқа қалдыратын, қорлыққа түсіретін; **поносные слова** балағат сөздер.

ПОНОШЕ'НИЕ балағаттау, сөгу, тілдеу.

ПОНРА'ВИТЬСЯ, авлюсь *сов.* ұнау, жағу.

ПОНТО'Н понтон: 1) жалпақ түпті қосынды қайық; 2) қуыс жәшік (суға кеткенді көтеруге қолданылады; 3) қолға түскен әскери кеме (түрмеге айналдырылған).

ПОНТО'ННЫЙ понтондық: **п. мост** қайыққа орнатқан көпір, жылжымалы көпір, жүзіп жүретін көпір.

ПОНУ'ДИТЬ, нужу, нудишь *сов.* көндіру, зорлап көндіру, күштеу, ықтиярсыз қосу.

ПОНУЖДА'ТЬ *несов.* *см.* **понудить.**

ПОНУЖДЕ'НИЕ зорлап көндіру, еріксіз көндіру, күштеу.

ПОНУ'КАТЬ *сов.* «бол!-бол!» дап біреуді асықтыру.

ПОНУКА'ТЬ *несов.* шу-шулеп, шаншаң жүргізу, айдау (атты); *перен.* асықтыру, бірдеңені жылдам істетіп бітіру.

ПОНУ'РЫЙ қабағы салыңқы, түсіңкі, жабыңқы; **понуро** *нар.*

ПОНЫ'НЕ *нар.* (книжн.) әлі, бүгінге шейін, кәзірге шейін.

ПОНЯ'ТИЕ ұғым, түсінік.

ПОНЯ'ТЛИВЫЙ, лив ұғымды, зерек.

ПОНЯ'ТНЫЙ 1) түсінікті, 2) әлбетте, әрине (қыстырма сөз ретолық түсінікті тілек; **понятно** *нар.*; **написано вполне п.** толық түсінікті жазылған.

ПОНЯТО'Й айғақ, (панатой).

ПОНЯ'ТЬ, пойму *сов.* 1) түсіну, ұғыну, аңдау, білу; 2) бағалау, есептеу (біреудің қызметін); **дать п.** аңдату, сездіру, түсіндіру; **я понял его с полуслова** мен оны бірауыз сөзінен түсіндім.

ПООБЕ'ДАТЬ *сов.* түскі ас ішу.

ПООБЕЩА'ТЬ *сов.* сөз беру, уәде беру.

ПООБЖИ'ТЬСЯ, живусь *сов.* жаңа жерге, жаңа жұртқа бірте-бірте үйрену.

ПООБНОСИ'ТЬ, ношу *сов.* көп киіп тоздыру.

ПООБНОСИ'ТЬСЯ киім тозу, киімі тозып кету.

ПООБНО'ШЕННЫЙ киілген, тозған.

ПООБОЖДА'ТЬ, жду *сов.* күте тұру, аз ғана күту.

ПООБСО'ХНУТЬ *сов.* құрай бастау.

ПОО'ДАЛЬ *нар.* жырағырақ, алысырақ, әрірек.

ПООДИНО'ЧКЕ жалғыз, жалғыздан; *см.* **одиночка.**

ПООКТЯ'БРЬСКИЙ: **пооктябрьская литература** октябрь революциясынан кейінгі әдебиет.

ПООСМОТРЕ'ТЬСЯ, трюсь *сов.* 1) жан-жаққа қарау, жан-жаққа көз салып шығу; 2) *перен.* маңайдағыларға ептеп үйрене бастау.

ПООСТРИ'ТЬ[1], рю *сов.* өткірлеу, қайрап өткір ету; (пышақты).

ПООСТРИ'ТЬ, рю *сов.* өткізе сөйлеу, тауып айту уәждән сөйлеу.

ПООТВЫ'КНУТЬ *сов.* бірте-бірте ұмыта бастау, машықтан айрылу, машықты тастау.

ПООХО́ТИТЬСЯ, хочусь *сов.* аушылық ету (мыс, құс аулау).

ПОО́ЧЕРЕДИ кезекпен (по очереди *к слову* очередь).

ПООЧЕРЕ́ДНО *нар.* алма-кезек.

ПООЩРЕ́НИЕ мадақтау; дело заслуживает поощрения бұл іс құрметтеуді керек қылады.

ПООЩРИ́ТЕЛЬНЫЙ: поощрительная награда мақтау, сыйлығы.

ПООЩРИ́ТЬ, рю *сов.* қуаттау.

ПООЩРЯ́ТЬ *несов. см.* поощрить.

ПОПАДА́ТЬ, попадаться *несов. см.* попасть, попасться.

ПОПАДЬЯ́ поптың әйелі.

ПОПА́РИТЬ, рю *сов.* буландыру, булау.

ПОПА́РИТЬСЯ шабыну.

ПОПА́РНО *нар.* қос-қостан, парпарымен.

ПОПА́СТЬ, паду *сов.* дәл тию, түсу; пуля попала в ногу оқ аяққа тиді; п. ниткой в ушко иголки жіпті иненің көзінен өткізу; мы попали домой к вечеру біз үйге кешке келдік; ему попадает за это оған бұл үшін сыбағасын, жазасын берер.

ПОПА́СТЬСЯ алыну, түсу, кездесу, ұшырасу; п. в капкан қапқанға түсу; попался мне один рыбак маған бір балықшы кездесті; попасться на глаза көзге түсу, жұрт көңілін тарту.

ПОПЕРЕК *предлог с род. п. и нар.* 1) кесе, кесе-көлденең; 2) *перен.* қарсы сөйлеу.

ПОПЕРЕ́ЧИНА көлденең ағаш.

ПОПЕРЕ́ЧНЫЙ көлденең.

ПОПЕЧЕ́НИЕ қамқорлық, бас иелік.

ПОПЕЧИ́ТЕЛЬ қамқоршы, қараушы, бағушы.

ПОПЕЧИ́ТЕЛЬСТВО қамқоршылық, қорғаушылық, қамқор болушылық, күтушілік, бағушылық.

ПОПЕРХНУ́ТЬСЯ *сов.* шашалып қалу.

ПОПИ́ТЬ, пью *сов.* ішу, шөл қандыру.

ПОПЛАВО́К, вка 1) қалтқы (қармақтың қалтқысы); 2) ішіне ауа толтырылған резинка қапшық.

ПОПЛА́КАТЬ, плачу *сов.* жылап алу, жылап-сықтау.

ПОПЛАТИ́ТЬСЯ, плачусь *сов.* жазасын тарту, сазайын тарту.

ПОПЛЕСТИ́СЬ, плетусь *сов.* ілбіп жүру.

ПОПЛЫ́ТЬ, плыву *сов.* жүзіп кету, малту (малтау).

ПОПЛЯСА́ТЬ, пляшу *сов.* билеу, билеп алу.

ПОПО́ЙКА арақ ішу, ішкілік.

ПОПОЛА́М *нар.* қақ жартысы, тең жартысы, тең бөлгені.

ПО́ПОЛЗЕНЬ, зня *м.* еңбектеп жүре бастаған (бала).

ПОПОЛЗНОВЕ́НИЕ жасырын ниет, бірдемеден дәмету.

ПОПОЛНЕ́НИЕ толықтыру, толтыру, толығу.

ПОПОЛНЕ́ТЬ *сов.* толықсу, толып семіру.

ПОПО́ЛНИТЬ, ню *сов.* толықтыру, толтыру.

ПОПО́ЛНИТЬСЯ толықтырылу, толығу.

ПОПОЛНЯ́ТЬ *несов. см.* пополнить.

ПОПОЛНЯ́ТЬСЯ *см.* пополниться.

ПОПОЛУ́ДНИ *нар.* түс ауа, түстен кейін.

ПОПОЛУ́НОЧИ *нар.* түн ортасы ауа, түн ортасынан кейін.

ПОПО́НА жабу, ат жабу.

ПОПО́РТИТЬ, порчу *сов.* бұзып алу, бүлдіру.

ПОПО́РТИТЬСЯ бұзылу, бүліну.

ПОПРАВИ́МЫЙ түзетерлік, түзетуге келетін.

ПОПРА́ВИТЬ, влю *сов.* түзету, оңдау.

ПОПРА́ВКА *см.* поправить.

ПОПРАВЛЯ́ТЬ *несов. см.* поправить.

ПОПРАВЛЯ́ТЬСЯ қатесін түзету; айыту.

ПОПРЕ́ЖНЕМУ *нар.* бұрынғыдай, әуелгідей, баяғысынша.

ПОПРЕК бетке соғу, бетке басу.

ПОПРЕКА́ТЬ *несов.* бетіне соғу, бетіне басу.

ПОПРИ́ТЧИТЬСЯ, чится *сов. безл.* көріну, елестеу, ойына келу.

ПО'ПРИЩЕ кәсіп майданы, ұстаған жолы; **научное п.** ғылми жол.

ПОПРО'БОВАТЬ, бую *сов.* байқап көру.

ПОПРОСИ'ТЬ, прошу *сов.* сұрау, тілеу, өтіну.

ПОПРОСИ'ТЬСЯ сұрану, өтіну.

ПО'ПРОСТУ *нар.* жай ғана, әншейін.

ПОПРОША'ЙКА *м.* и *ж.* 1) сұрамсақ кісі; 2) қайыршы.

ПОПРОША'ЙНИЧАТЬ қайыр сұрау, сұрамсақтану.

ПОПРОША'ЙНИЧЕСТВО қайыршылық, сұраншақтық.

ПОПУГА'Й 1) тоты құс; 2) *перен.* кісінің сөзін жаттап тақылдайтын кісі.

ПОПУЛЯРИЗА'ТОР тартушы, түсіндіруші, көпке жайып танытушы.

ПОПУЛЯРИЗА'ЦИЯ көпшілікке ұқтыру, тарату, жаю.

ПОПУЛЯРИЗИ'РОВАТЬ, ирую *сов. и несов.* халыққа ұғындыру, тарату, жаю.

ПОПУЛЯ'РНОСТЬ халыққа түсініктілік, таныстық, даңқтылық.

ПОПУРРИ' *нескл. ср.* попурри (түрлі күйден құралған музыкалы пьеса, шығарма).

ПОПУСТИ'ТЕЛЬСТВО қолдау (жамандыққа жол берушілік, бұзықтыққа ерік берушілік).

ПО'ПУСТУ, ПОПУСТО'МУ *нар.* жоққа, құры босқа.

ПОПУ'ТНЫЙ сонымен қатар бір нәрсеге байланысты; попутно *нар.*

ПОПУ'ТЧИК, *ж.* **попутчица** 1) жолдас (жолы бір); 2) *перен.* жолбике (саяси).

ПОПЫТА'ТЬ *сов.* сұрап байқау, сынау; **п. счастья** бахыт сынау.

ПОПЫТА'ТЬСЯ байқап көру, тәуекел ету.

ПОПЫ'ТКА байқап көру, сынап қарау.

ПОПЯ'ТНЫЙ 1) сөзден таңғыш; 2) (устар.) кері кеткен; **попятное движение** кері бағытты қозғалыс.

ПОРА' мезгіл, уақыт, шақ; **на первых порах** әзірше.

ПО'РА тесік, көз, қуыс.

ПОРАБО'ТАТЬ *сов.* біраз істеу, істеңкіреу.

ПОРАБОТИ'ТЕЛЬ *м.* құл қылушы, құлдаушы.

ПОРАБОТИ'ТЬ, бощу *сов.* құл қылу, езу, жаншу.

ПОРАБОЩА'ТЬ *несов.* құл қылу, езу, жаншу, құлдану.

ПОРАБОЩЕ'НИЕ құл қылу.

ПОРАВНЯ'ТЬСЯ *сов.* тегістелу, бірдейлену.

ПОРА'ДОВАТЬ, дую *сов.* қуанту, шаттандыру.

ПОРА'ДОВАТЬСЯ қуану, шаттану.

ПОРАЖА'ТЬ *несов. см.* **поразить.**

ПОРАЖА'ТЬСЯ *см.* **поразиться.**

ПОРАЖЕ'НЕЦ, нца бұқпантай, бұқпа (адам) (жеңілушілікті жақтайтын кісі, жеңілген).

ПОРАЖЕ'НИЕ 1) жеңілу; 2) таң қалу, ғажаптану; **п. в правах** хұқұқынан айрылу.

ПОРАЖЕ'НЧЕСТВО жеңілушілік, бас июшілік.

ПОРАЗИ'ТЬ, ражу *сов.* 1) таңдандыру; 2) жаралау, зақымдау, жаралау; **его поразила пуля** оған оқ тиді.

ПОРАЗИ'ТЬСЯ таңырқау, ғажаптану, таңдану.

ПОРАЗМЫ'СЛИТЬ, слю *сов.* әбден ойлау.

ПОРАЗУЗНА'ТЬ *сов.* сұрастырып білу.

ПОРА'НИТЬ, ню *сов. см.* **ранить.**

ПОРАСТА'ТЬ *несов. см.* **порасти.**

ПОРАСТИ', расту *сов.* 1) бойы өсу; 2) шөп басу, жүн басу.

ПОРА'ТЫЙ (охотн.) жүйрік, күшті.

ПОРВА'ТЬ, рву *сов.* 1) жыртып тастау; 2) байланысты тоқтату, қатынасты үзу.

ПОРВА'ТЬСЯ жыртылу, үзілу.

ПОРЕДЕ'ТЬ *сов.* **к редеть** сиректету, сирету.

ПОРЕ'З жара (пышақ кескен жер).

ПОРЕ'ЗАТЬСЯ, режусь *сов.* кесілу, туралу.

ПОРЕ'ЧЬЕ су бойы, өзен бойы, өзен жағасы.

ПО′РИСТЫЙ уақ тесікті, көз-көзді (кеуекті).

ПОРИЦА′НИЕ сөгіс, бетіне басу.

ПОРИЦА′ТЬ *несов.* сөгу, бетіне басу.

ПО′РКА[1] сөту, сөгу (киімді).

ПО′РКА[2] дүре соғу, дүрелеу.

ПОРНОГРА′ФИЯ порнография (әдепсіз, бұзық іске баулыйтын сурет).

ПО′РОВНУ *нар.* тең, бірдей, теңбе-тең, тепе-тең.

ПОРОВНЯ′ТЬСЯ қатарласу, теңелу.

ПОРО′Г табалдырық; **на пороге смерти** өлім алдында.

ПОРО′ДА порода (мал тұқымы); **орловская п. лошадей** орел жылқысының тұқымы; **горные породы** тау жынысы.

ПОРО′ДИСТЫЙ, дист асыл тұқымды.

ПОРОДИ′ТЬ, рожу *сов.* тудыру, пайда болдыру.

ПОРОДНИ′ТЬСЯ, нюсь *сов.* тұлыстасу, көңілдес болу, бауырласу.

ПОРОЖДА′ТЬ *несов.* *см.* **породить.**

ПОРОЖДЕ′НИЕ туыс (пайда болу).

ПОРОЖНЕ′М *нар.* бос, бостай жүксіз.

ПОРО′ЖНИЙ бос, босаған.

ПОРОЖНЯ′К бос вагон, бос арба, бос көлік, бос ыдыс т. б.

ПО′РОЗНЬ *нар.* жеке-жеке, айрым-айрым, бөлек-бөлек.

ПОРО′Й *нар.* анда-санда, кей-кейде, қайсы уақытта.

ПОРО′К кемшілік, айып, ұят; **порок сердца** жүрек ауруы; **бедность не п.** жоқтықта ұят жоқ.

ПОРО′М *см.* **паром.**

ПОРОСЕНО′К, нка торай (шошқа баласы).

ПОРОСИ′ТЬСЯ 3 *л.* **поросится** *несов.* торайлау (шошқаның балалауы, күшіктеуі).

ПО′РОСЛЬ *ж.* үйеңкі (кесілген ағаштың түбінен өсіп шыққан талшыбық).

ПОРО′ТЬ[1], рю *несов.* сөгу, жырту (кескілеп).

ПОРО′ТЬ[2] рю *несов.* дүре соғу.

ПО′РОХ мылтық дәрісі.

ПОРОХОВНИ′ЦА оқшонтай.

ПОРО′ЧИТЬ, чу *несов.* 1) даттау, жаман атты қылу, абройын төгу; 2) сағын сындыру.

ПОРО′ЧНЫЙ, чен кеселді, лайықсыз, жаман; **п. характер** жаман мінез.

ПОРО′ША қансонар (қар).

ПОРОШИ′ТЬ, шит *несов.* қыйыршықтап жауу (қардың жаууы).

ПОРОШО′К, шка порошок (тісті жуатын т. б. ұнтақ дәрі).

ПО′РСКАТЬ тазыны айтақтап қосу, айтақтау.

ПОРТ порт (кеме тоқтау үшін жабдықталған қолтық); **воздушный п.** аэроплан, дирижабльдер тұратын орын.

ПО′РТА сұлтандық (Турцияның мемлекеттік аты).

ПОРТАТИ′ВНЫЙ, вен алып жүруге ыңғайлы, икемді зат.

ПО′РТИТЬ, рчу *несов.* бұзу, жарамсыз ету, істен шығару.

ПО′РТИТЬСЯ бұзылу, жарамсыздану.

ПОРТКИ′, ток *мн.* (простореч.) ыштан, дамбал.

ПОРТМОНЭ′ *нескл. ср.* әмиян, шилан.

ПОРТНО′Й, ого, *ж.* **портниха** *сущ.,* тігінші (киім тігуші шебер).

ПОРТНЯ′ЖИТЬ, жу *несов.* тігіншілік ету.

ПОРТО-ФРА′НКО *нескл. ср.* порто-франко (тауарды әкелу, әкетудегі порттың алық-салық төлемейтіндік правосы).

ПОРТПЛЕ′Д портплед, төсек қап (жолаушылардың төсек-орнын салып жүретін әбзәлі).

ПОРТРЕ′Т портрет (адам суреті); *перен.* суреттеу, мінездеме.

ПОРТСИГА′Р портсигар (шылым сауыты).

ПОРТУГА′ЛИЯ Португалия (Еуропалдағы роман тұқымдас елдің мемлекеті).

ПОРТУПЕ′Я қылыш бау.

ПОРТФЕ′ЛЬ *м.* портфель.

ПОРТЬЕ′РА есік, терезе шымылдығы.

ПОРТЯ́НКА шұлғау.

ПОРУГА́НИЕ қорлау, лағнаттау, масқаралау.

ПОРУ́ГАННЫЙ масқараланған, қорланған.

ПОРУ́ЧА кепіл; **взять на поруки** кепілге алу; **круговая п.** ымы-жымы бір болушылық.

ПОРУЧА́ТЕЛЬ кепіл болған кісі.

ПОРУЧА́ТЬ *несов. см.* **поручить.**

ПОРУЧЕ́НИЕ тапсыру, тапсырма.

ПОРУЧИ́ТЕЛЬ *м., ж.* **поручительница** кепіл (адам).

ПОРУЧИ́ТЕЛЬСТВО кепілдік.

ПОРУЧИ́ТЬ, чу *сов.* тапсыру.

ПОРУЧИ́ТЬСЯ кепіл болу.

ПОРФИ́Р *мн.* порфир (тау жынысынан пайда болған ірі кристалл тас, құрылыс материалы).

ПОРФИРОНО́СЕЦ монарх, патша.

ПОРХА́ТЬ *несов.* ұшып кету (құс).

ПОРЦИО́Н күндік азық, өлшемді тамақ.

ПО́РЦИЯ порция (бір жейтін сыбаға).

ПО́РЧА бұзу, бұлдіру, аздыру.

ПО́РШЕНЬ, шня *м.* поршень (піскек насоста, машиналарда).

ПОРЫ́В 1) екпін, қарқын, толқу, ұмтылыс; 2) үзіліс.

ПОРЫВА́ТЬ *несов.* тоқтату, бітіру; айрылысу, үзу.

ПОРЫВА́ТЬСЯ 1) тоқталу, қатнас, үзілу; 2) ұмтылу.

ПОРЫ́ВИСТЫЙ, вист 1) ысқырып соққан, ұйтқымалы жел); 2) екпінді, шапшаң (қозғалыс).

ПОРЫ́ТЬСЯ, роюсь *сов.* қазу (жерді), қопарып іздеу.

ПОРЯ́ДКОВЫЙ: порядковое числительное реттік сан есім.

ПОРЯ́ДОК, дка 1) рет, тәртіп, әдіс; 2) қатар (мыс., үйдің).

ПОРЯ́ДОЧНЫЙ, чен едәуір, әжептеуір; **порядочно** *нар.*

ПОСА́Д 1) (доревол.) қала шетіндегі кішкене қалашық; 2) қаланың шет жағындағы сауда-саттық жүргізетін бөлім; 3) қаланың шеті.

ПОСАДИ́ТЬ, сажу *сов.* 1) отырғызу, ағаш отырғызу, гүл егу, кәртоп егу; 2) тұтқынға алу, түрмеге отырғызу.

ПОСА́ДКА отырғызу, мінгізу, орнату, қондыру.

ПОСА́ДНИК, *ж.* **посадница** (истор.) посадник (қаланы, области басқаратын кісі).

ПОСА́ДОЧНЫЙ: посадочная площадка қонатын, тоқтайтын алаң (аэроплан); **посадочные цветы** отырғызылатын орнатылатын гүлдер.

ПОСА́ЖЕНЫЙ 1) құда болуға келген кісі; 2) құда.

ПОСВА́ТАТЬ *сов.* құдандалы болу, құда түсу.

ПОСВА́ТАТЬСЯ құда түсу.

ПОСВЕЖЕ́ТЬ *сов.* сергу, самалдау, салқындау, тазару.

ПОСВЕТИ́ТЬ, свечу *сов.* біраз жарықтандыру, жарық қылу.

ПОСВЕТЛЕ́ТЬ *сов.* жарық бола түсу, жарық болу.

ПО́СВИСТ ысқыру, ысқырық.

ПО-СВО́ЙСКИ *нар.* өзімізше.

ПОСВЯТИ́ТЬ, свящу *сов.* 1) анықтау, ашу, түсінікті ету; 2) арнау, бағыштау;

ПОСВЯЩА́ТЬ *несов. см.* **посвятить.**

ПОСЕ́В егіс, егін.

ПОСЕВНО́Й егіске байланысты; **посевная кампания** егіс науқаны.

ПОСЕДЕ́ТЬ *сов.* 1) шашы ағару, бурыл тарту; 2) *перен.* қартаю.

ПОСЕЛЕ́НЕЦ, нца көшіп келген, жер аударылған (адам).

ПОСЕЛЕ́НИЕ жаңа қоныстану, қоныс.

ПОСЕЛИ́ТЬ, лю *сов.* қондыру, қоныстандыру.

ПОСЕЛИ́ТЬСЯ қону, орналасу, қоныстану; **п. в городе** қалада тұратын болу (қалаға барып орнау).

ПОСЁЛОК, лка поселке.

ПОСЕЛЯ́ТЬСЯ *несов. см.* **поселиться.**

ПОСЕМЕ́ЙНЫЙ үй ішілік, үй ішінің.

ПОСЕТИ́ТЕЛЬ, *ж.* **посетительница** келуші, келіп кетуші.

ПОСЕТИ́ТЬ, сещу *сов.* 1) келу, бару, келіп тұру; 2) жүздесіп қайту, хәлін біліп қайту.

ПОСЕЩА́ЕМОСТЬ қатнасы, қатнасуы.

ПОСЕЩА́ТЬ *несов. см.* посетить.

ПОСЕЩЕ́НИЕ қатнасу, қатнасып жүру.

ПОСЕ́ЯТЬ, сею *сов.* егу, себу.

ПОСИДЕ́ТЬ, сижу *сов.* біраз отыру, сөйлесіп отыру.

ПОСИ́ЛЬНЫЙ, лен қолдан келетін, шамасы келетін; **посильно** *нар.*

ПОСИНЕ́ТЬ *сов.* көгеру, көгеріп кету.

ПОСКОЛЬЗНУ́ТЬСЯ *сов.* тайып кету.

ПОСКО́ЛЬКУ *союз* олай болған соң, солай болғандықтан.

ПОСКОРЕ́Е *нар.* тезірек, жылдамдық.

ПОСКРЕБКИ, ков *мн.* қырынды.

ПОСКУПИ́ТЬСЯ, плюсь *сов.* сарандық қылу, сараң болу.

ПОСЛАБЛЕ́НИЕ босаңсу.

ПОСЛА́НЕЦ, нца елші, өкіл.

ПОСЛА́НИЕ 1) арнау, арнап жазған хат; 2) автордың біреуге жазған арнауы.

ПОСЛА́ННИК сырт елге жіберілетін елші.

ПОСЛА́ТЬ, пошлю *сов.* 1) жіберу, салып жіберу; 2) лақтырып жіберу, ату.

ПО́СЛЕ *нар.* соңынан, кейін.

ПОСЛЕ́Д (анат.) жолдасы (жаңа туған баланың).

ПОСЛЕ́ДНИЙ соңғы, төмен, нашар, ең жаңа, соңғы шыққан.

ПОСЛЕ́ДОВАТЕЛЬ, *ж.* **последовательница** еруші, ізімен жүруші.

ПОСЛЕ́ДОВАТЕЛЬНЫЙ: п. революционер жолдан таймайтын революционер; **п. вывод** тыянақты қортынды; **последовательно** *нар.*

ПОСЛЕ́ДОВАТЬ, дую *сов.* 1) еру, үлгі алу; 2) ізін қуу; **решение последует на другой день** қаулы келесі күн болады.

ПОСЛЕ́ДСТВИЕ нәтиже, салдар.

ПОСЛЕ́ДУЮЩИЙ кейінгі, соңынан болушы.

ПОСЛЕ́ДЫШ кенже (бала), соңғы бала.

ПОСЛЕЗА́ВТРА *нар.* бүрсігүні.

ПОСЛЕЛО́Г (грам.) шылау.

ПОСЛЕСЛО́ВИЕ соңғы сөз (кітапта).

ПОСЛО́ВИЦА мақал.

ПОСЛУЖНО́Й: п. список қызмет тізімі (істеген қызметі т. б.); **послужная книжка** еңбек кітапшасы.

ПОСЛУША́НИЕ тыңдау, құлақ салу, тіл алу.

ПОСЛУ́ШАТЬ *сов.* тыңдап тұру, тіл алу, тыңдау.

ПОСЛУ́ШАТЬСЯ тіл алу.

ПОСЛУ́ШНЫЙ, шен тіл алғыш, елгезек; **послушно** *нар.*

ПОСЛЫ́ШАТЬСЯ, шусь *сов.* естілу.

ПОСМА́ТРИВАТЬ *несов.* қарау, көз салу, байқау.

ПОСМЕ́ИВАТЬСЯ *несов.* күлу, сықақ қылу.

ПОСМЕ́ННО *нар.* алмастырып, ауыстырып.

ПОСМЕ́РТНЫЙ өлгеннен кейінгі; **посмертное издание** автор өлген соң басылып шыққан кітап.

ПОСМЕ́ШИЩЕ мазақ, күлкі болған, масқара болған.

ПОСМЕЯ́НИЕ күлу, мысқылдау.

ПОСМЕЯ́ТЬСЯ, смеюсь *сов.* күлу, сықақ қылу, күлкі қылу.

ПОСМОТРЕ́ТЬ, рю *сов.* қарау, көз салу, күзету; **посмотрим** көреміз.

ПОСО́БИЕ 1) ақшадай жәрдем; 2) оқытуға жәрдемші құралдар (карта, глобус т. б.).

ПОСОБИ́ТЬ, блю *сов.* жәрдем беру, сүйемелдеу.

ПОСОБЛЯ́ТЬ *несов. см.* пособить.

ПОСО́БНИК жәрдемші, жел беруші, дем беруші (адам).

ПОСО́БНИЧЕСТВО жәрдем берушілік.

ПОСОВЕ́ТОВАТЬ, тую *сов. см.* советовать.

ПОСОВЕ́ТОВАТЬСЯ *см.* советоваться.

ПОСО́Л, сла елші (бір елдің екінші мемлекеттегі елшісі).

ПОСО́ЛЬСТВО елшілік (елшілердің отыратын үйі), өкілдік.

ПОСПЕВА́ТЬ *несов. см.* **поспеть.**

ПОСПЕ́ТЬ, спею *сов.* 1) пісу; 2) жетілу; 3) үлгіру.

ПОСПЕШИ́ТЬ, шу *сов. см.* **спешить.**

ПОСПЕ́ШНОСТЬ асығыстық, тығыз-таяңдық.

ПОСПЕ́ШНЫЙ, шен шапшаң, асығыс, тығыз; **поспешно** *нар.*

ПОСПО́РИТЬ, рю *сов.* 1) *см.* **спорить;** 2) бәстесу.

ПОСРАМИ́ТЬ, млю *сов.* масқаралау, масқара қылу, күлкі қылу.

ПОСРАМИ́ТЬСЯ масқара болу, күлкі болу.

ПОСРАМЛЯ́ТЬ *несов. см.* **посрамить** (1-е знач.).

ПОСРАМЛЯ́ТЬСЯ *см.* **посрамиться.**

ПОСРЕ́ДНИК делдал; аралық, қалыс (кісі).

ПОСРЕ́ДНИЧЕСТВО делдалдық, келістірушілік, байланыстырушылық.

ПОСРЕ́ДСТВЕННОСТЬ шамалылық.

ПОСРЕ́ДСТВО жәрдемімен, арқылы.

ПОССО́РИТЬ, рю *сов.* ұрыстыру, жанжалдастыру.

ПОССО́РИТЬСЯ ұрысу, жанжалдасу.

ПОСТ[1] пост (қарауыл орны); 2) қызмет орны; **умереть на посту** міндетін атқару жолында өлу.

ПОСТ[2] (церк.) ораза.

ПОСТА́В 1) диірмен тас; 2) өрмек.

ПОСТА́ВИТЬ, влю *сов.* қою, салу, тік тұрғызып қою.

ПОСТАВЩИ́К жабдықтаушы (тауармен, азық-түлікпен т. б.).

ПОСТАМЕ́НТ постамент (тас төсек, табан).

ПОСТАНОВИ́ТЬ, влю *сов.* қаулы ету, қаулы шығару.

ПОСТАНО́ВКА 1) қою, қойылыс; 2) ойын, спектакль; **п. вопроса** мәселенің қойылуы.

ПОСТАНОВЛЕ́НИЕ қаулы.

ПОСТАНО́ВЩИК ойынды қоюшы.

ПОСТАРА́ТЬСЯ *сов.* тырысу, ыждағаттау.

ПОСТАРЕ́ТЬ *сов.* қартаю.

ПОСТЕЛИ́ТЬ, лю *сов.* жаю, салу, төсеу (төсекті).

ПОСТЕ́ЛЬ *ж.* төсек-орын.

ПОСТЕПЕ́ННЫЙ бірте-бірте, ақырындап; **постепенно** *нар.*

ПОСТИГА́ТЬ *несов. см.* **постичь.**

ПОСТИЖЕ́НИЕ аңлау, түсіну.

ПОСТИЛА́ТЬ *несов.* жаю, төсеу.

ПОСТИЛА́ТЬСЯ төсену.

ПОСТИ́ЛКА төсем, төсеніш.

ПОСТИРА́ТЬ *сов.* жуу, кір жуу.

ПОСТИ́ТЬСЯ, пощусь *несов.* ораза ұстау (ораза тұту).

ПОСТИ́ЧЬ, гну *сов.* 1) жету, жетісу; 2) жете түсіну, ұғыну.

ПО́СТНЫЙ етсіз, майсыз, сүтсіз (қатықсыз тамақ).

ПОСТО́Й тоқта, тұра тұр.

ПОСТО́ЛЬКУ *нар.* сонша, сондықтан; **п. поскольку** солай болғандықтан.

ПОСТОРОНИ́ТЬСЯ, нюсь *сов.* жол беру, шеттеу.

ПОСТОРО́ННИЙ басқа, шет, бөтен, тысқары.

ПОСТОЯ́ЛЕЦ, льца тұрушы, уақытша пәтерде тұрушы.

ПОСТОЯ́ЛЫЙ: п. двор керуен сарай (жолаушы түсетін үй).

ПОСТОЯ́ННЫЙ түпкілікті, ұдайы, үнемі, әр уақытта; **постоянно** *нар.*

ПОСТОЯ́НСТВО тұрақтылық.

ПОСТОЯ́ТЬ, стою *сов.* тұра тұру.

ПОСТРАДА́ТЬ *сов.* жәбірлену, зәбір көру, азап шегу.

ПОСТРЕ́Л 1) тентек бала; 2) оқ тиген (жара); 3) құрысып қалу.

ПОСТРЕЛЯ́ТЬ, ляю *сов.* атқылау, атып көру.

ПОСТРИГА́ТЬ *несов. см.* **постричь.**

ПОСТРИ́ЧЬ, стригу *сов.* шаш алу, шаш алдыру.

ПОСТРИ́ЧЬСЯ шаш алдыру, шаш қыйдыру.

ПОСТРОЕ́НИЕ 1) құрлыс жүйесі; 2) сап түзілісі.

ПОСТРО́ИТЬ, строю *сов.* құру, салу, сапқа тұрғызу.

ПОСТРО́ЙКА салынып жатқан үй; **п. дома обошлась дешево** үйдің салынуы арзанға түсті; **деревянные постройки** ағаштан салынған үй, сарай, т. б.

ПОСТРО́МКА жан қайыс.

ПОСТУЛА́Т постулат (ыспаттау керек қылатын жорамал).

ПОСТУПА́ТЕЛЬНЫЙ алға ұмтылған, алға басқан, ілгерілеген; **поступательное движение** алға басу адымы.

ПОСТУПА́ТЬ *несов., сов.* **поступить** кіру, түсу (оқуға, қызметке); **п. в школу** мектепке кіру; **он хорошо поступил** ол жақсы істеді.

ПОСТУПИ́ТЬ, плю *сов. см.* **поступать.**

ПОСТУПИ́ТЬСЯ бас тарту (бірдеңені алудан).

ПОСТУПЛЕ́НИЕ кіріс, түсім.

СТРЯСТИ́СЬ қақтығысып, соқтығысып, араласу; **беда стряслась над ним** ол бәлеге ұшырады.

СТРЯ́ХИВАТЬ *несов. см.* **стряхнуть.**

СТРЯ́ХИВАТЬСЯ *см.* **стряхнуться.**

СТРЯХНУ́ТЬ *сов.* 1) қағып сілку; 2) *перен.* сергілту; **с. пыль** шаңын қағу.

СТУДЕНИ́СТЫЙ, ист ұйып қалған, ұйыма.

СТУДЕ́НТ, *ж.* студентка студент.

СТУДЕ́НЧЕСКИЙ *прил. к* **студент; студенческое общежитие** студенттер жатақханасы.

СТУДЕ́НЧЕСТВО студенттік, студенттер.

СТУДЁНЫЙ, дён суық, ызғарлы, қақған суық.

СТУ́ДЕНЬ *м.* жалқақ (бас-сыйрақты қайнатып істеген тамақ).

СТУДИ́ТЬ, стужу *несов.* суыту, тоңазыту, мұздату.

СТУДИ́ТЬСЯ *см.* **остудиться.**

СТУ́ДИЯ студия (сурет, сымбат өнершілерінің шеберханалары, көркем-өнер мектебі).

СТУ́ЖА ызғырық, үскірік аяз; **зимняя с.** қысқы үскірік аяз.

СТУК дүрсіл, тарсыл, сартыл; **с. телеги** арбаның дүрсілі; **с. сердца** жүректің соғуы.

СТУ́КАЛКА карта ойыны.

СТУ́КАТЬ *несов. см.* **стукнуть.**

СТУ́КАТЬСЯ *см.* **стукнуться.**

СТУ́КНУТЬ *сов.* ұрып жіберу, соғып жіберу, қағып жіберу.

СТУ́КНУТЬСЯ соғып алу, соқтығу, арандау, соқтырып алу.

СТУЛ орындық.

СТУ́ПА кеңі.

СТУПА́ТЬ *несов.* қадам басу, жүру; **с. ногами** аяқ басу; **ступай домой** үйге бар.

СТУПЕ́НЬ *ж.* баспалдақ.

СТУПИ́ТЬ, плю *сов. см.* **ступать.**

СТУПИ́ЦА күншек (арбаның).

СТУ́ПКА *см.* **ступа.**

СТУПНЯ́ табан.

СТУЧА́ТЬ, чу *несов.* тақылдату, соғу, есік қағу; **с. в дверь** есік қағу; **с. зубами** тістерін сақылдату.

СТУЧА́ТЬСЯ тоқылдату, есік қағу.

СТУШЕВА́ТЬ, шую *сов.* тушьпен бояу, өңін ашу.

СТУШЕВА′ТЬСЯ 1) өңі ашылу; 2) ал-дал, дал-дал болу; 3) *перен.* зым-зыя болу.

СТЫД ұят; **какой с., какой позор!** өте ұят, масқара!

СТЫДИ′ТЬ, стыжу′ *несов.* ұялту.

СТЫДИ′ТЬСЯ ұялу.

СТЫДЛИ′ВОСТЬ ұялшақтық, қаймығу.

СТЫДЛИ′ВЫЙ, лив ұялшақ; **стыдливо** *нар.*

СТЫ′ДНО *в знач. сказ.* ұят.

СТЫК тоғысқан, түйіскен жер, торау, түйін; **на стыке трех рек** үш өзеннің түйіскен жерінде.

СТЫКА′ТЬ *несов.* түйістіру, ұштастыру, ұластыру, жалғастыру.

СТЫ′НУТЬ *несов. см.* **стыть.**

СТЫТЬ, ну *несов.* 1) суу, тоңазу, мұздау; 2) *перен.* арыны басылу, суыну; **суп стынет** сорпа суып барады.

СТЫ′ЧКА түйісіп қалу, соқтығысып қалу, шекісіп қалу; **у меня с ним была небольшая с.** онымен аздап шекісіп қалған жерім бар еді.

СТЯГ ту, жалау.

СТЯ′ГИВАТЬ *несов. см.* **стянуть.**

СТЯ′ГИВАТЬСЯ *см.* **стянуться.**

СТЯЖА′НИЕ *см.* **стяжать.**

СТЯЖА′ТЕЛЬ *м.* дүние жыйған, мүлік басқан.

СТЯЖА′ТЬ *сов. и несов.* мал жыйнау, мүлік жыйнау.

СТЯЖА′ТЬСЯ жыйналу, молығу, құралу.

СТЯ′ЖКА тану, таңғыш, тартқыш.

СТЯНУ′ТЬ *сов.* 1) ұштастыру, таңып тастау; **с. войско** әскерді бір жерге жыйнау; 2) жымқыру, ұрлау.

СТЯНУ′ТЬСЯ 1) шыйрау, тартылу; 2) буылу; 3) жыйналу.

СУББО′ТА сембі.

СУББО′ТНИК сембілік.

СУБЛИМА′Т (хим.) сублимат (қызу арқылы газға айналу).

СУБЛИМА′ЦИЯ сублимация (қыздыру арқылы қатты заттың газға айналуы).

СУБМАРИ′НА субмарина, суңгуір қайық.

СУБОРДИНА′ЦИЯ кішілік ету.

СУБПОЛЯ′РНЫЙ суық жақ.

СУБСИДИ′РОВАТЬ, рую *сов. и несов.* қаражат беру, қаржы беру, қаржыландыру.

СУБСИ′ДИЯ субсидия, ақшалай жәрдем.

СУБСТАНТИВИ′РОВАТЬ, рую *сов. и несов.* зат есімге айналдыру.

СУБСТАНТИВИ′РОВАТЬСЯ затқа айналу.

СУБСТАНТИ′ВНОСТЬ заттық.

СУБСТА′НЦИЯ субстанция, түп тек, зат тегі.

СУБСТИТУ′Т субститут, баламалық (тектестігіне қарай бірінің орнына бірі жүру).

СУБСТИТУ′ЦИЯ субституция, алмастыру.

СУБСТРА′Т субстрат (түп тек).

СУБТИ′ЛЬНЫЙ, лен жіңішке, нәзік.

СУБТРО′ПИКИ, ков субтропиктер (тропикке шектес жерлер).

СУБТРОПИ′ЧЕСКИЙ: с. климат субтроликтік ауа райы.

СУБЪЕ′КТ (грам.) субъект, бастауыш; **подозрительный с.** сезікті адам.

СУБЪЕКТИВИ′ЗМ субъективизм (дарашылдық).

СУБЪЕКТИ′ВНЫЙ, вен субъективті, өзіндік пікір, өзіне тән пікір; **с. подход** субъективтік көзқарас; **субъективно** *нар.*

СУВЕНИ′Р ескерме (ескерме үшін берілген зат).

СУВЕРЕ′Н суверен (билеуші).

СУВЕРЕНИТЕ′Т суверенитет (ел билеу, ел басқару провасы).

СУВЕРЕ′ННЫЙ *прил. к* **суверен.**

СУГЛИ′НИСТЫЙ, ист *прил. к* **суглинок.**

СУГЛИ′НОК, нка құмдақ, құм топырақ.

СУГОЛО′ВЬЕ жүгеннің жақтауы.

СУГРО′Б омбы қар, күртік.

СУГУ′БЫЙ, губ (устар.) өте-мөте; **сугубое внимание** өте-мөте назар аудару; **сугубо** *нар.*

СУД сот; **страшный с.** қыямет күні; **кассационный с.** шағым соты; **военно-полевой с.** әскери сот; **быть под судом** сотты болу (жазалы болу).

СУДА′ *мн. ч.* к **судно**¹ кемелер.

СУДА′К судак (көксерке балық).

СУДА́ЧИТЬ, чу *несов.* жамандау (кісіні), өсек-аяң айту.

СУДЕ́БНИК заң кітабы.

СУДЕ́БНЫЙ: судебное следствие сот тергеуі; **судебные издержки** соттың шығыны; **судебная медицина** сот медицинасы.

СУДЕ́ЙСКИЙ *прил. к* **судья**; **с. стол** судья столы.

СУДИ́ЛИЩЕ сот мәжілісі, сот орны.

СУДИ́МОСТЬ сотты болушылық, сотталғандық.

СУДИ́ТЬ, сужу *несов.* 1) соттау, айыптау; 2) талқылау, ақылға салу; **с. о результате** нәтижесі не болатынын ойлау.

СУДИ́ТЬСЯ соттасу, сотталу, айыпталу.

СУДИЯ́ *м.* судья (би).

СУ́ДНО[1], *мн.* **суда́**, ов, кеме, пароход; **парусное с.** жел кеме.

СУ́ДНО[2], *мн.* **судна**, ден ыдыс.

СУДОВЛАДЕ́ЛЕЦ, льца кеме иесі.

СУДОВОДИ́ТЕЛЬ *м.* кемен жүргізуші.

СУДОВО́Й *прил. к* **судно**.

СУДО́К, дка 1) түздық сауыт (түздық құятын ыдыс); 2) тамақ тасыйтын ыдыс.

СУДОМО́ЙКА аяқ-табақ жуушы.

СУДОПОДЪЁМ кеме көтеру (батқан кемені көтеріп шығару).

СУДОПОДЪЁМНИК кеме көтергіш құрал.

СУДОПОДЪЁМНЫЙ: судоподъёмные работы кемені көтеру жұмысы; **с. механизм** кемені көтеріп шығаратын құрал.

СУДОПРОИЗВО́ДСТВО сот жұмысы.

СУ́ДОРОГА тырысу, құрысу.

СУ́ДОРОЖНЫЙ, жен 1) құрыспалы, тырыспалы; 2) *перен.* әбігер, мазасыз; **судорожно** *нар.*

СУДОСТРОЕ́НИЕ кеме жасау, шығару.

СУДОСТРОИ́ТЕЛЬНЫЙ *прил. к* **судостроение**; **с. завод** кеме жасайтын завод; **судостроительная программа** кеме шығару программасы.

СУДОХО́ДНЫЙ: судоходная река кеме жүретін (терең) өзен.

СУДОХО́ДСТВО кеме қатнасы.

СУДЬБА́, *мн.* **су́дьбы**, деб тағдыр (жазмыш); **опять увидеть их мне суждено судьбой** (Грибоедов) оларды тағы көруді дағдыр маған жазыпты; **какими судьбами?** қайдан жүрсің!

СУДЬЯ́ *м.* судья, би.

СУЕВЕ́Р ырымшыл, ырым ұз (адам).

СУЕВЕ́РИЕ жоқты-барға сенушілік, ырымшыл.

СУЕМУ́ДРИЕ әрденені шату, білгіш бола қалу, білгішсіну.

СУЕСЛО́ВИЕ бос сөзділік.

СУЕТА́ әбігерлік, сарбалдандық; **с. жизни** тіршілік әрекеті.

СУЕТИ́ТЬСЯ, суечусь *несов.* әбігер болу, асу-сасу.

СУЕТЛИ́ВОСТЬ әбігершілік, әуре-сарсаң.

СУЕТЛИ́ВЫЙ, лив тынышсыз, ұшқалақ әбігер; **суетливо** *нар.*

СУ́ЕТНОСТЬ апыр-топыр, сапырлысу.

СУ́ЕТНЫЙ, тен тынышсыз, тынымсыз, құр сергелдең.

СУЕТНЯ́ *см.* **суета**.

СУЖДЕ́НИЕ ойлау, талқылау, байыптау.

СУЖЕ́НИЕ тарылу, жіңішкеру.

СУ́ЖИВАТЬ *несов. см.* **сузить**.

СУ́ЖИВАТЬСЯ *см.* **сузиться**.

СУ́ЗИТЬ, сужу, сузишь *сов.* тарылту.

СУ́ЗИТЬСЯ тарылу.

СУК бұтақ, бұтақ түбірі.

СУ́КА 1) қаншық (ит); 2) якордың шынжыры.

СУКНО́ мауты, шұға.

СУКНОВА́Л мауты тоқу шебері.

СУКНОВА́ЛЬНЫЙ: суконвальная машина мауты тоқыйтын машина.

СУКНОВА́ЛЬНЯ мауты (шұға басатын жер).

СУКОВА́ТЫЙ, ват бұтақты.

СУКО́ННЫЙ: суконная фабрика шұға, мауты фабрикасы.

СУ́КРОВИЦА қанды ірің, сарысу.

СУ́КРОВИЧНЫЙ қанды ірінді.

СУЛЕМА́ сулема (у).

СУЛИ́ТЬ, лю *несов.* дәмелендіру, уәде беру, мырзасу.

СУЛИ́ТЬСЯ уәде беру, дәмелену.

СУЛТА́Н (истор.) сұлтан.

СУЛТАНА́Т сұлтанат (сұлтандар билеушілігі).

СУМА́ 1) дорба; 2) *перен.* қайыршылық; **ходить с сумой** мойынға дорба асыну.

СУМАСБРО́Д делхұл (ойланбай істейтін адам), ноқай.

СУМАСБРО́ДИТЬ, брожу *несов.* жындылық қылу, дарақылық істеу, былықтыру.

СУМАСБРО́ДНЫЙ, ден: сумасбродная выдумка сандырақ пікір; **сумасбродно** *нар.*

СУМАСБРО́ДСТВО сандырақ, жындылық, ноқайлық.

СУМАСШЕ́ДШИЙ жынды, ауысқан адам, есінен тайған; **с. дом** жындыхана.

СУМАСШЕ́СТВИЕ жынд[illegible], жындылық.

СУМАТО́ХА у-шу, аста-кестең, опыр-топыр, әбігер.

СУМБУ́Р сандырақ, былық.

СУМБУ́РНЫЙ, рен сараланбаған, шатасқан, түсініксіз, былыққан; **сумбурно** *нар.*

СУ́МЕРЕЧНЫЙ 1) ымырт, іңірдегі; 2) *перен.* күңгірт, тұнжыраған.

СУ́МЕРКИ, рек и рек *мн.* 1) ымырт, іңір, қас қарайған кез; 2) *перен.* жабығу, салғырттану.

СУМЕ́ТЬ *сов.* қолдан келу, істей алу, ретін табу.

СУ́МКА дорба, қалта, добыра, бокшантай.

СУ́ММА сома; **значительная с.** недәуір сома.

СУММА́РНЫЙ, рен: суммарное количество жалпы саны; **суммарно** *нар.*

СУММИ́РОВАНИЕ *см.* **суммировать.**

СУММИ́РОВАТЬ, рую *несов.* 1) сомалау, жана санын шығару, жыйынағын шығару; 2) *перен.* жыйнақтау, қорыту.

СУ́МОЧКА *уменьш.* кішкене дорба, қалта.

СУ́МРАК ымырт, қараңғы.

СУ́МРАЧНЫЙ, чен 1) бұлдыр, қараңғы; 2) *перен.* жабырқаған, солғын; **сумрачно** *нар.*

СУ́МЧАТЫЙ (зоол.) қалталы (жайуандар).

СУМЯ́ТИЦА *см.* **суматоха.**

СУНДУ́К сандық, абдыра.

СУНДУЧО́К, чка *уменьш.* сандықша, қол сандық.

СУ́НУТЬ *сов.* сұғу, тығу.

СУ́НУТЬСЯ тығылу, қосыла кету, тығылу.

СУП көже, сорпа.

СУПЕРФОСФА́Т суперфосфат (жер өңдеуге қолданылатын зат).

СУ́ПЕСОК, ска құмайт, құмды төбешік.

СУПЕСЧА́НЫЙ құмдауыт, құмайт (жер).

СУПИ́Н (лингв.) супин (етістіктің өзгермейтін түрі).

СУ́ПОВОЙ: суповая миска көже құятын ыдыс.

СУПО́НИТЬ, ню *несов.* қамытының бауын байлау.

СУПО́НЬ *ж.* қамыт бау.

СУПОРО́СЫЙ: супоросая свинья буаз шошқа.

СУПРОТИ́ВНЫЙ қарсы, қарсы жатқан.

СУПРУ́Г ері, күйеуі; ерлі-байлы, ерлі-зайыпты.

СУПРУ́ГА әйелі, жамағаты.

СУПРУ́ЖЕСКИЙ ерлі-байлы.

СУПРУ́ЖЕСТВО ерлі-байлық.

СУРГУ́Ч сургуч (пакетті, документті печаттайтын).

СУРДОПЕДАГО́Г сурдопедагог (саңырауларға сабақ беру әдіскойы).

СУРДОПЕДАГО́ГИКА сурдопедагогика (саңырауларды оқыту әдісі).

СУ́РИК жоса.

СУРО́ВЕТЬ *несов.* қаталдану, ызғарлану.

СУРО́ВОСТЬ ызғарлылық, қаталдық.

СУРО́ВЫЙ, суров қатал, айбынды, ашулы, ызғарлы; **с. приговор** қатты жаза кесу; **сурово** *нар.*

СУРО́К, рка суыр (аң).

СУРРОГА́Т сурогат, балама (екінші нәрсенің орнына жүретін).

СУРЬМА́ сүрме (бояу).

СУРЬМИ́ТЬ, млю *несов.* сүрме тарту, сүрмелеу (қасты).

СУРЬМИ́ТЬСЯ сүрмелену.

СУСА́ЛИТЬ, лю *несов.* алтындау, күмістеу, мыстау (алтын жалату).

СУСА́ЛИТЬСЯ алтындану, күмістену.

СУ́СЛИК сары тышқан.

СУ́СЛО 1) сусло (пиво шығару үшін істелген ашымал); 2) виноград сөгі (суы).

СУСЛО́Н (обл.) суслон, бау астық.

СУСТА́В буын.

СУСТАВНО́Й и **суста́вный: с. ревматизм** буын ревматизмі.

СУ́ТКИ, ток *мн.* сөтке, тәулік.

СУ́ТОЛОКА топыр, опыр-топыр, ыбыр-жыбыр.

СУ́ТОЛОЧИТЬСЯ, чусь *несов.* тыпырлау, қыбырлау.

СУ́ТОЧНЫЙ сөткелік, тәуліктік.

СУТУ́ЛИНА бүкірсымақ, еңкек.

СУТУ́ЛИТЬ, лю *несов.* бүкірейту, еңкейту.

СУТУ́ЛИТЬСЯ бүкірлену, еңкею.

СУТУЛОВА́ТЫЙ, *ват* бүкірлеу, еңкіштеу.

СУТУ́ЛОСТЬ бүкірлік, еңкіштік.

СУТУ́ЛЫЙ, тул бүкір, еңкіш; сутуло *нар.*

СУТЬ *ж.* мәніс, мән-мәніс; **с. дела** істің мәнісі.

СУТЯ́ГА *м.* и *ж.* дәукес, даушыл.

СУТЯ́ЖИТЬ, жу и **сутяжничать** *несов.* соттасу, жанжалдасу, дауласу.

СУФЛЁР (театр.) суфлер, сыбыршы.

СУФЛИ́РОВАТЬ, рую *несов.* суфлер болу, сыбырлап отыру.

СУ́ФФИКС жұрнақ.

СУХА́РНИК сухар істеуші.

СУХА́РНИЦА сухар сауыты.

СУХА́РЬ *м.* сухарь, қақылтақ нан (кептірген нан).

СУ́ХО *см.* сухой.

СУХОВА́ТЫЙ, *ват* құрғақтау, кебірлеу; суховато *нар.*

СУХОВЕ́Й ақызақ, ыстық жел.

СУХОДО́Л сусыз аңғар.

СУХОЖИ́ЛИЕ тарамыс, сіңір.

СУХО́Й, сух құрғақ, кебу; сухо *нар.*; *ср. ст.* **суше.**

СУХОМЯ́ТКА құрғақ тамақ.

СУ́ХОНЬКИЙ құп-құрғақ.

СУХОПА́РЫЙ, пар қатпа, арық.

СУХОПУ́ТНЫЙ: сухопутные войска құрғақтағы әскерлер.

СУХОПУ́ТЬЕ құрғақтағы жол.

СУХОРУ́КИЙ, рук семген қол (шолақ).

СУХОСТО́Й құрған ағаш.

СУ́ХОСТЬ құрғақтық, шөлейт.

СУХО́ТКА (мед.) аурып жүдеу.

СУХОЩА́ВЫЙ *см.* худощавый.

СУХОЯДЕ́НИЕ құрғақ жеу (тамақты).

СУЧЕ́НИЕ *см.* сучить.

СУЧИ́ТЬ, чу *несов.* шыйрату, иіру (жіп); сыбану, түру (жеңді).

СУЧИ́ТЬСЯ шыйратылу, ірілу, жайылу, ысылу (қамыр).

СУЧКОВА́ТЫЙ, *ват* бұтақты, бұталы.

СУЧО́К, чка *уменьш.* бұтақ, бұтақша.

СУ́ША құрғақ жер.

СУ́ШЕ *см.* сухой.

СУШЁНЫЙ кептірілген, құрғатылған; **сушёные фрукты** кептірілген жеміс.

СУШИ́ЛКА кептіргіш құрал, кептіретін орын.

СУШИ́ЛЬНЯ кептіргіш орны.

СУШИ́ТЬ, шу *несов.* кептіру, құрғату, сорып қою.

СУШИ́ТЬСЯ кептірілу, кебу, құрғатылу, құрғау.

СУШЬ *ж.* 1) құрғақшылық; 2) құрғақ жер.

СУЩЕ́СТВЕННЫЙ маңызды, мәнді, келелі; **существенно** *нар.*

СУЩЕСТВИ́ТЕЛЬНОЕ, ого *ср.*: **имя существительное** (грам.) зат есім.

СУЩЕСТВО́ 1) жандылар; 2) маңыз, мәніс; **живые существа** жанды зат.

СУЩЕСТВОВА́НИЕ өмір сүру, тіршілік ету, жасау; **борьба за с.** өмір сүру үшін күрес.

СУЩЕСТВОВА́ТЬ, ствую *несов.* тіршілік ету, өмір сүру.

СУЩЕСТВУ́ЮЩИЙ осы күнгі бар, қазірде жасаушы; **с. закон** қазіргі қолданып жүрген заң.

СУ́ЩИЙ нағыз, анық; **сущая правда** нағыз шындық.

СУ́ЩНОСТЬ мәніс, мазмұн, негіз; **с. вопроса** мәселенің мәнісі (мазмұны); **в сущности говоря** дұрысын айтқанда.

СУЯ́ГНЫЙ, суягная буаз (қой, ешкі т. б.).

СФАБРИКОВА́ТЬ, кую *сов.* өтірік документ жасау, подлог істеу.

СФАЛЬШИ́ВИТЬ, влю *сов. см.* **фальшивить.**

СФАНТАЗИ́РОВАТЬ, рую *сов.* ойлап шығару, қиялданып ойлап шығару.

СФЕ́РА сфера: 1) шар беті, шар; 2) жер аумағы, ықпал; **во всех сферах влияния народного хозяйства** халық шаруашылығының барлық тармағында.

СФЕРО́МЕ́ТР сферометр (оптикалық шыны радиусының қыйысықтығын өлшейтін аспап).

СФОРМИРОВА́ТЬ, рую *сов.* жасақтау, құру, қалыптау, қалыптастыру.

СФОРМИРОВА́ТЬСЯ құрал, құрылу, қалыптану.

СФОРМОВА́ТЬ, мую *сов. см.* **формовать.**

СФОРМОВА́ТЬСЯ қалыптану, құйылу, қалыптасу.

СФОРМУЛИ́РОВАТЬ, рую *см.* **формулировать.**

СФОТОГРАФИ́РОВАТЬ, ирую *сов.* суретке түсіру, суретке түсіріп алу.

СФОТОГРАФИ́РОВАТЬСЯ суретке түсу.

СХВАТИ́ТЬ, схвачу́ *сов.* 1) ұстап алу, тұту; 2) жұқтырып алу; 3) түсіне қалу; **с. за руку** қолынан шап беріп ұстай алу; **с. простуду** тұмау тигізіп алу; **схватила лихорадка** безгек ұстады.

СХВАТИ́ТЬСЯ 1) ұсталу; 2) іліну.

СХВА́ТКА 1) ұстау, жұлқысу, омырауласу; 2) ауру; **предродовые схватки** толғақ.

СХВА́ТЫВАТЬ *несов. см.* **схватить.**

СХВА́ТЫВАТЬСЯ *см.* **схватиться.**

СХЕ́МА схема: 1) үлгі, кесте, нобайы; 2) бірдеменің соробы, желісі.

СХИТРИ́ТЬ, рю *сов.* айла істеу, құлық істеу, алдап кету.

СХЛЕСНУ́ТЬ и **схлестнуть** *сов.* ұру, шыбықпен осу.

СХЛЕСТА́ТЬ *сов.* ұру, осу, жон терісін тіліп сабау, жосадай сабау.

СХЛЕСТЫВАТЬ *см.* **схлестнуть.**

СХЛЫ́НУТЬ, ну *сов.* жосып ағып кету, лап беру, лек-легімен ағытылу.

СХОД жыйналыс.

СХО́ДБИЩЕ үлкен жыйын.

СХОДИ́ТЬ[1], схожу *сов.* 1) жаяу барып келу; 2) далаға шығып келу.

СХОДИ́ТЬ[2], схожу *несов.* мінбеден түсу; **с. с ума** салақ болу.

СХОДИ́ТЬСЯ 1) жыйылу; 2) келісу; **не сходятся в цене** бағасына келісе алмады; **итоги не сходятся** жыйнағы үйлеспейді; **характером не сходятся** мінездері үйлеспеді.

СХО́ДКА жыйналыс.

СХО́ДНИ, ней *мн., ед.* **сходня**, и *ж.* тақта көпір.

СХО́ДНЫЙ, ден ұқсас; **сходно** *нар.*

СХО́ДСТВЕННЫЙ *см.* **сходный.**

СХО́ДСТВО ұқсастық.

СХО́ЖИЙ, схож 1) ұқсас; 2) әр жерден қосылған.

СХОЛА́СТ и **схоластик** схоластик (құрғақ фелсафашыл).

СХОЛА́СТИКА схоластика (құрғақ фелсафа).

СХО́ЛИЯ схолия (текстке жазылған түсінік, ескерту).

СХОРОНИ́ТЬ, ню *сов.* көму, жерлеу (өлікті).

СХОРОНИ́ТЬСЯ көмілу, жерлену.

СЦАРА́ПАТЬ *сов.*, **сцарапывать** *несов.* тырнау, тырнап тастау.

СЦЕДИ́ТЬ, **сцежу** *сов.*, **сцеживать** *несов.* сүзіп ағызу.

СЦЕ́НА 1) сахна; 2) қызық, тамаша, ойын сауық; 3) *перен.* ұрыс-керіс, жанжал.

СЦЕНА́РИЙ сценари (кино түсіруге арнап жазылған көркем шығарма).

СЦЕНАРИ́СТ, *ж.* **сценаристка** сценарий жазушы.

СЦЕПИ́ТЬ, плю *сов.* іліп алу, ілектіріп алу, іліп түсу, тіркеу.

СЦЕПИ́ТЬСЯ 1) ілігу, тіркесу; 2) *перен.* ұстасу, төбелесу, ұрысу.

СЦЕ́ПКА тіркеу, тіркестіру, тіркелме.

СЦЕПЛЕ́НИЕ ұстасу, бір-біріне жабысу, іліну, жалғасу; **с. вагонов** вагондарды тіркеу.

СЦЕПЛЯ́ТЬ *несов. см.* **сцепить.**

СЦЕПЛЯ́ТЬСЯ *см.* **сцепиться.**

СЧАСТЛИ́ВЕЦ, вца, *ж.* **счастливица** бахытты адам, ырысты адам.

СЧАСТЛИ́ВЫЙ, лив бахытты, ырысты, қайырлы; **счастливого пути** қайырлы сапар; **счастливо оставаться** аман, сау бол; **счастливо** *нар.*; **счастливо отделаться** аман құтылу.

СЧА́СТЬЕ 1) бахыт, бақ; 2) дағдыр; **по счастью (к счастью)** бахытына, бахытына қарай.

СЧЕРТИ́ТЬ, рчу *сов.* сызу, сызып алу, сызып көшіріп алу.

СЧЕ́СТЬ, сочту *сов.* есептеу, санау.

СЧЕ́СТЬСЯ санасу, келісу.

СЧЁТ, *мн.* **счета́** и **счёты** 1) есеп, сан; 2) төлеш қағаз; **без счету** есепсіз; **в два счета** ілезде, леземде; **за с.** есебінен; **личные счеты** өштік, кек; **текущий с.** банкедегі есебі; **сводить счеты** өшін қайтару; **быть на хорошем счету** жақсы қадірлі болып есептелу.

СЧЕТОВЕДЕ́НИЕ *см.* **счетоводство.**

СЧЕТОВО́Д счетовод, есепші, есеп жүргізуші.

СЧЕТОВО́ДСТВО есеп-қыйсап.

СЧЁТЧИК, *ж.* **счётчица** 1) есепші; 2) есеп машина.

СЧЁТЫ *мн.* есеп шот.

СЧИСЛЕ́НИЕ есептеу, санау.

СЧИ́СЛИТЬ, лю *сов.*, **счислять** *несов.* санау, есептеп шығару.

СЧИ́СТИТЬ, счищу *сов.* тазалау, аршу.

СЧИ́ТАННЫЙ: считанные дни санаулы күн.

СЧИТА́ТЬ[1] *несов.* 1) санау, есептеу; 2) ұйғару; **с. поштучно** бір-бірлеп санау; **с. его мнение неправильным** оның пікірін дұрыс емес деп табу.

СЧИТА́ТЬ[2] *сов.* текстi салыстырып, оқып тексеру.

СЧИТА́ТЬСЯ есептесу, санасу.

СШИБА́ТЬ *несов. см.* **сшибить.**

СШИБА́ТЬСЯ *см.* **сшибиться.**

СШИБИ́ТЬ, бу *сов.* итеріп жығу, құлату, шалып құлату.

СШИБИ́ТЬСЯ құлап қалу, тайып кету.

СШИВА́ТЬ *несов.* тігу.

СШИВА́ТЬСЯ тігілу.

СШИ́ВКА тігіс.

СШИ́ТЫЙ, сшит тігілген.

СШИТЬ, сошью́ *сов. см.* **шить.**

СЪЕДА́ТЬ *несов.* жеу, жеп қою (тамақты).

СЪЕДО́БНЫЙ, бен жейтін, жеуге жарайтын.

СЪЁЖИТЬСЯ, жусь *сов.* бүрісу, жыйырылу.

СЪЕЗД съезд (сыз); **с. советов** советтер съезі.

СЪЕ́ЗДИТЬ, зжу *сов.* барып келу (көлікпен).

СЪЕЗЖА́ТЬ *несов. см.* **съехать.**

СЪЕЗЖА́ТЬСЯ *см.* **съехаться.**

СЪЁМКА съемка (суретін, планын **түсіріп алу); кинематографическая с.** кинопленкаға түсіріп алу.

СЪЁМЩИК, *ж.* **съёмщица** сурет түсіріп алушы; **с. плана** план түсіріп алушы; **с. квартиры** пәтер алушы, пәтер жалдаушы.

СЪЕСТНО́Й: съестные припасы азық-түлік.

СЪЕСТЬ, съем, съешь, съест, съедим *сов.* 1) жеу, жеп қою; 2) *перен.* мүжіп жеу.

СЪЕ́ХАТЬ, съеду *сов.* жылжып кету, сусып кету.

СЪЕ́ХАТЬСЯ жыйналу, тоқырау.

СЫ́ВОРОТКА сары су (ірімшіктің, айранның суы).

СЫГРА́ТЬ *сов.* ойнау, ойнап шығу.

СЫЗМАЛА, сызмалу, сызмальства *нар.* кішкенеден, жастан, бала жастан.

СЫЗНОВА *нар.* қайтадан, жаңадан.

СЫН 1) ұл; 2) нәсіл, ұрпақ.

СЫНИ́ШКА *м. уменьш.* бала, балақай (кішкентай бала).

СЫНО́К, нка *уменьш.* балам, балақайым, ботам, қозым.

СЫ́ПАТЬ, плю *несов.* 1) себу, шашу; 2) салу, толтыру; ✦ **с. деньгами** ақша шашу.

СЫ́ПАТЬСЯ 1) төгілу, шашылу, құйылу; 2) салыну.

СЫПНО́Й: с. **тиф** бөртпе сүзек, сүзек.

СЫПНЯ́К бөртпе сүзек.

СЫПУ́ЧИЙ, пуч сусымалы; **с. песок** майда құм.

СЫПЬ *ж.* есекжем, терідегі бөртпе.

СЫР сыр, ірімшік; ✦ **как с. в масле (кататься)** дарқан (ағыл-тегіл) молшылық.

СЫРЕ́ТЬ *несов.* дымқылдану.

СЫРЕ́Ц, рца шикі, аршылмаған; **хлопок-с.** тазартылмаған мақта; **кирпич-с.** күйдірілмеген кірпіш.

СЫ́РНИК ірімшік салған нан, ірімшік тамақ.

СЫ́РНЫЙ: с. завод ірімшік заводы.

СЫРОВА́Р ірімшік қайнатушы, ірімшік жасаушы.

СЫРОВА́РНЯ ірімшік қайнататын жер.

СЫРОВА́ТЫЙ, ват шикілеу, дымқылдау, дүмбілез.

СЫРОЕ́ЖКА саңрауқұлақ.

СЫРО́Й, сыр шикі, дымқыл, дымды, шала піскен, көк, қам; **с. материал** шикі бұйым; **сырая погода** жауынды күн (жауын-шашын); **сыро** *безл. в знач. сказ.*

СЫРОМО́ЛКА жас астықтың ұны.

СЫРОМЯ́ТИНА қайыс әбзал, тері илеу.

СЫРОМЯ́ТНЫЙ: сыромятная кожа илеген тері (қайыс).

СЫ́РОМЯТЬ *ж.* қайыс.

СЫ́РОСТЬ дымқылдық.

СЫРЬЁ шикі зат (өндіріске керекті шикі зат); **утиль-с.** ескі-ұсқы.

СЫРЬЕВО́Й *прил. к* **сырье; сырьевая база** шикі зат шығаратын база.

СЫСКА́ТЬ, сыщу *сов.* ізден табу, тінтіп тауып алу.

СЫСКА́ТЬСЯ ізделіп табылу, табылу.

СЫТА́ (обл.) балданған, бал суы.

СЫТИ́ТЬ, сычу, **сытишь** *несов.* тәттілендіру, дәмін кіргізу.

СЫТИ́ТЬСЯ тәттілену, дәмдену.

СЫ́ТНЫЙ, тен кенеулі, жұғымды (тамақ); **сытно** *нар.*

СЫ́ТЫЙ, сыт 1) тоқ; 2) семіз.

СЫЧ 1) байғус, жаман жапалақ; 2) *перен.* жабы, тұнжырақ адам.

СЭКОНО́МИТЬ, млю *сов.* үнемдеу, артылдыру.

СЮДА́ *нар.* мұнда, бері, бері қарай.

СЮЖЕ́Т мазмұн (оқыйға мәні).

СЮЖЕ́ТНЫЙ мазмұнды, оқыйғалы.

СЮЗЕРЕ́Н сюзерен (бектер, ірі жер хожалары).

СЮЗЕРЕНИТЕ́Т сюзеренитет (ірі жер хожалары правосы).

СЮИ́ТА сюита (әртүрлі мағналы мұқамнан құралған музыкалы шығарма).

СЮРПРИ́З сюрприз, күтпеген уақыйға.

СЮРТУ́К бешпет, бешпент.

СЯДЬ отыр.

СЯК *нар.*: **и так и с.** олай да бұлай да.

СЯМ: *нар.* **там и с.** онда-мұнда.

Т

ТА *мест. сл.* тот; **на той улице** ана көшеде.

ТАБА́К темекі, насыбай.

ТАБАКЕ́РКА темекі сауыты, шақша.

ТАБАКОВО́Д темекі егуші.

ТАБАКОВО́ДСТВО темекі егушілік.

ТАБАКУ́Р, табаку́ра *м. и ж.* (обл. устар.) темекі тартушы, насбай атушы (адам).

ТАБАЧИ́ЩЕ темекі, шылым.

ТАБА́ЧНИК, *ж.* **табачница** 1) темекіші, насыбайшы; 2) темекі өндірісінде істеуші.

ТАБА́ЧНЫЙ 1) темекіге тән; **табачная фабрика** темекі фабрикасы; т. дым темекі түтіні; 2) сарғылт; 3) шіріген.

ТАБАЧО́К, чка *уменьш.-ласк.* темекі, насыбай.

ТА́БЕЛЬ *м.* табель, тізім; есепке алу.

ТА́БЕЛЬНЫЙ: т. день табель күні, табельге жазылған күн.

ТА́БЕЛЬЩИК, *ж.* **табельщица** табельщик, табель жазушы.

ТАБЛЕ́ТКА таблетка (дөңгелек дәрі).

ТАБЛИ́ЦА таблица кесте; **т. умножения** көбейту кестесі.

ТАБЛИ́ЧКА кішкене таблица.

ТАБЛИ́ЧНЫЙ *прил. к* **таблица; табличные сведения** табельдік мәлімет.

ТАБЛЬДО́Т табльдот (жалпылық стол).

ТА́БОР табор, көш қосы; **цыганский т.** цығандар көші, тобы.

ТАБУ́ *нескл. ср.* табу (алғашқы адамдар тұрмысындағы сөзге я іске, затқа тыйым салу әдеті).

ТАБУ́Н қоралы мал, үйірлі жылқы.

ТАБУНИ́ТЬСЯ, нюсь *несов.* үйірлену, қоралану (мал).

ТАБУ́ННЫЙ: т. скот үйірлі мал.

ТАБУ́НЩИК малшы, бақташы, жылқышы.

ТАБУРЕ́Т, табуретка табуретке, орындық.

ТАВЕ́РНА таверна (ішкілік сататын орын).

ТА́ВОЛГА (бот.) тобылғы.

ТАВОЛЖА́НКА (обл.) тобылғы таяқ.

ТАВОЛО́ЖКА (обл.) 1) тобылғы; 2) тобылғы таяқ.

ТАВО́Т қою май (машинаның, арбаның дөңгелегін майлайтын май).

ТАВО́ТНИК май сауыты.

ТАВРИ́ТЬ, рю *несов.* таңбалау, таңба салу, таңба басу.

ТАВРИ́ТЬСЯ таңбалану.

ТАВРИЧА́НКА шанақты арба.

ТАВРО́ таңба.

ТАВРО́ВЫЙ таңбалы; **тавро́вое железо** таңба темір.

ТАВТОГРА́ММА тавтограмма (әрбір шумағы бір түрлі әріптен басталып жазылған өлең).

ТАВТОЛО́ГИЯ тавтология, қайталақтау.

ТАГА́Н таған ошақ.

ТАГАНЕ́Ц, нца и **таганок,** нка *уменьш.* кішкене ошақ.

ТАДЖИ́КИ *мн., ед.* **таджик** тәжік халқы, тәжіктер.

ТАДЖИ́КСКИЙ: т. язык тәжік тілі.

ТАЁЖНИК тайғалық.

ТАЁЖНЫЙ тайғадығы; **т. охотник** тайғадағы аңшы.

ТАЗ[1] шылапшын, леген.

ТАЗ[2] (анат.) жамбас (сүйек).

ТА́ЗИК *уменьш.* кішкене шылапшын.

ТА́ЗОВЫЙ: тазовая кость жамбас сүйек.

ТАИ́НСТВЕННОСТЬ жасырын, сыр.

ТАИ́НСТВЕННЫЙ, ственен и венен сыры бар; **т. вид** жұмбақ кейіпті; **таинственно** *нар.*

ТА́ИНСТВО құпия, жасырын, сыр.

ТАИ́ТЬ, таю *несов.* жасырын сақтау, ішке сақтау, сыр білдірмеу; **т. злобу** ішінен қастық ойлау.

ТАИ́ТЬСЯ 1) жасырын жату, білінбеу; 2) айтылмай, сыртқа шығарылмай жату.

ТАЙГА́ тайга (тоғай, орман).

ТАЙКО́М *нар.* жасырын жүрісті; астыртын; **т. ушел из дома** үйінен жасырынып шығып кетті.

ТАЙМ тайм, ойынның бір бөлімі (футбол т. б.).

ТАЙМЕ́НЬ *м.* таймень (балықтың бір түрі).

ТАЙМУ́Н жел қайық (ағаштан қуыстап істелген кішкентай қайық).

ТА́ЙНА құпия, жасырын сыр.

ТАЙНИ́К 1) құпия орын; 2) аңдарды ұстайтын құрал.

ТАЙНОПИ́СНЫЙ (филол.) жұмбақ жазу, сырлы жазу.

ТА́ЙНОПИСЬ *ж.* сырлы жазу, жұмбақ жазу.

ТА́ЙНОСТЬ құпиялық, жасырын сыр.

ТА́ЙНЫЙ 1) жасырын, құпия, жасырын сыр; 2) жасырын іс; **т. договор** құпия шарт; ✦ **тайное голосование** жасырын дауыс беру; **тайно** *нар.*

ТАЙФУ́Н тайфун (теңіз дауылы);

т. расшвырял деревья, как коробочку спичек (Пришвин) теңіз дауылы ағаштарды қаңбақша ұшырды.

ТАҚ *нар.* и *союз* 1) солай, не осылай; 2) сонша, сол дәрежеге дейін; **т. годы многие прошли** (Лермонтов) көп жылдар осылай өтті; **сделай т.** осылай істе; **порядочные люди не говорят т. с женщинами** (Чехов) жақсы адам әйелдермен бұлай сөйлеспес болар; **не трогай, пусть т. останется** тиме, мейлі сол қалпында қалсын; **можно даже и т. отдать письмо, распечатанное** (Гоголь) хатты ашық түрінде, осылайақ беруге болады; **не следовало т. много вина лить** (Тургенев) шараптьі мұнша көп ішпеу керек еді; **он не т. добр** ол ондайлық ақпейіл емес; **это тебе т. не пройдет** бұл олай бола қоймас.

ТА́КЖЕ *нар.* солай, сонымен қатар және.

ТАКО́В *мест. в знач. сказ.* сондай, солай, осылай, осылайша.

ТАКОВО́Й (устар.) ондай, мұндай.

ТАКО́Й *мест.* сондай, мынадай, осындай; **таким образом** сүйтіп; **что такое?** немене?

ТА́КСА[1] такса кесімді баға.

ТА́КСА[2] такса (иттің бір түрі).

ТАКСА́ТОР таксатор, баға кесуші.

ТАКСА́ЦИЯ таксация баға кесу, бағалау.

ТАКСИ́ *нескл. ср.* такси (жалдама автомобиль).

ТА́КСИК *уменьш. ласк. к* такса[2].

ТАКСИ́МЕ́ТР таксиметр, такси есепші (автомабильдің қанша жер жүргенін көрсететін автомат).

ТАКСИМЕ́ТРИ́Я таксиметрия (жүрістің шапшаңдығын, жылдамдығын анықтау, білу).

ТАКСИ́РОВАННЫЙ таксаланған, такса қойылған.

ТАКСИ́РОВА́ТЬ, рую *сов. и несов.* бағалау, таксалау.

ТАКСИ́РОВА́ТЬСЯ таксалану, такса қойылу.

ТАКСИРО́ВКА *см.* таксация.

ТАКСОМОТО́Р таксомотор (такси есепшісі құралы бар, тасыйтын автомабиль.

ТАКТ[1] (муз.) такт, ырғақ өлшеуі.

ТАКТ[2] әдептілі, көргенділік, өнегелілік.

ТАК-ТАКИ *частица противит.* солай да, солай бола тұрса да.

ТА́КТИК тактикашы, әдіской.

ТА́КТИКА тактика: 1) соғыс өнері; 2) *перен.* белгілі бір тілекке жету үшін қолданылған жол, әдіс.

ТАКТИ́ЧЕСКИЙ: т. учение тактикалық оқу; **тактически** *нар.*

ТАКТИ́ЧНОСТЬ көргенділік, әдептілік.

ТАКТИ́ЧНЫЙ, чен өнегелі; тактично *нар.*

ТАЛ (обл.) *см.* тальник.

ТАЛА́Н (нар.-поэт.) бақыт, орай.

ТАЛА́НИТЬ, нит *несов. безл.* орайы келу, ісі оңға басу.

ТАЛА́НИТЬСЯ, нится *несов. безл.* бақытты болу, ісі оңға басу.

ТАЛА́ННЛИВЫЙ, лив жұмысы оңға басқан, бақытты, ырысты.

ТАЛА́НТ 1) талант, дарындылық; 2) ескі гректердің ауырлық өлшеуі (150 кг тең).

ТАЛА́НТЛИВОСТЬ таланттылық, дарындылық.

ТАЛА́НТЛИВЫЙ, лив талантты, дарынды; **т. поэт** дарынды ақын; **талантливо** *нар.*

ТА́ЛЕВЫЙ *прил. к* **тали.**

ТА́ЛЕР талер (терілген текстіні баспаға өзірлейтін шойын тақта, я стол).

ТА́ЛИ, лей тали (ауыр зат көтеретін блок системасы).

ТА́ЛИЙКА[1] *уменьш. см.* **талия**[1].

ТА́ЛИЙКА[2] *уменьш. см.* **талия**[2].

ТАЛИ́НА[1] қара дақ, қар еріген жер.

ТАЛИ́НА[2] *см.* **тал, тальник.**

ТАЛИСМА́Н бой тұмар.

ТА́ЛИЯ[1] бел; **с тонкой талией** қыпша белді.

ТА́ЛИЯ[2] и та́лья талия (екі топ карта).

ТА́ЛЛИЙ таллий (химиялық элемент, металл.)

ТАЛМУ́Д талмуд (еврейлердің негізгі діни кітабы (тәурет).

ТАЛМУДИ́СТ, *ж.* **талмудистка** талмуддың жолын қуушы.

ТАЛО́Н талон (бір зат алу үшін, немесе алған билеттің жыртып алын

қалатын түбіршігі); **т. входного билета** кіру билетінің талоны (түбірі).

ТАЛО́НЧИК *уменьш. к* **талон.**

ТА́ЛЫЙ еріген, жұмсарған, жібіген; **талая земля** тоқы жібіген жер.

ТАЛЬК тальк (мин.) бетке жағатын опаның бір түрі.

ТА́ЛЬМА тальма, жамылғыш (әйелдердің шапан сыяқты жеңсіз ұзын жамылғыш киімі).

ТА́ЛЬНИК тальник (ағаштың бір түрі).

ТАЛЬНИКО́ВЫЙ *прил. к* **тальник.**

ТА́ЛЬЯ *см.* **талия**[2].

ТАМ *нар.* сонда, онда; сонан кейін; **а т. увидим** сонда көрермін.

ТАМАДА́ той басшы (тойды басқарушы адам).

ТАМАРИ́СК и **тамарикс** (бот.) жыңғыл.

ТА́МБУР тамбур: 1) үйдің төбесіндегі көп қырлы күмбезі; 2) борон-нан қорғау үшін жасалған үйшік; 3) вагонның жабық алаңы; 4) барабан; 5) мандолина сыяқты музыкалық аспап.

ТАМБУРИ́Н тамбурин, қоңрау сыяқты үлкен барабан (музыка сайманы).

ТАМБУРМАЖО́Р тамбурмажор (полктағы басты барабаншы).

ТАМГА́ 1) таңба, белгі; 2) ескі Ресейде шеттен келетін тауардан алатын салық (таңба салғаны үшін).

ТАМО́ЖЕННИК Таможнада істейтін қызметкер.

ТАМО́ЖЕННЫЙ *прил. к* **таможня.**

ТАМО́ЖНЯ таможня (шекарадан өтетін тауарларды тексеретін және осы тауарлардан салық (алым) алу жұмысын басқаратын мекеме.

ТА́МОШНИЙ сондағы, ондағы, сонда тұратын.

ТАМПО́Н тампон (жараның ауызына салатын мақта тығын).

ТАМПОНА́Ж бітеме (жарықты цементтеп, құммен бітеу).

ТАМПОНА́ЦИЯ тампонация (қанды тоқтату үшін жараға тампон қою).

ТАМ-СЯМ *нар.* онда-мұнда.

ТАМ-ТА́М тамта́м тамтам (музыкалық құралдың бір түрі).

ТА́НГЕНС тангенс (тригонометриялық функция).

ТАНГЕНЦИА́ЛЬНЫЙ тангенциалдық; т. линия тангенциал сызық.

ТА́НГО *нескл. ср.* танго (танцаның бір түрі).

ТА́НДЕМ тандем 1) қос ат жеккен екі аяқты арба; 2) қос орынды велосипед.

ТА́НЕЦ, ца би.

ТАНИ́Н танин (ағаштың қабығынан алынған сары түсті порошок).

ТАНК 1) танк; 2) суытқыш ыдыс.

ТА́НКЕР танкер (керосин, бензин т. б. тасығын кеме).

ТАНКЕ́ТКА танкетка (кішкентай танк).

ТАНКИ́СТ танкист (танк жүргізуші).

ТАНКОВОЖДЕ́НИЕ танк жүргізу.

ТА́НКОВЫЙ *прил. к* **танк**[1]; **т. бой** танк соғысы.

ТАНКОДРО́М танкодром (танкпен жүруді үйретуге орын).

ТАННИ́Н *см.* **танин.**

ТАНТА́Л тантал (сирек кездесетін қатты металл).

ТАНЦЕВА́ЛЬНЫЙ *см.* **танцовальный.**

ТАНЦЕВА́ТЬ *см.* **танцовать.**

ТАНЦКЛА́СС би мектебі.

ТАНЦМЕ́ЙСТЕР би оқытушысы.

ТАНЦОВА́ЛЬНЫЙ: танцовальное искусство би өнері; **т. вечер** би билеу кеші.

ТАНЦОВА́ТЬ, цую *несов.* билеу; ✦ **т. от печки** басынан бастау.

ТАНЦОВЩИ́К, *ж.* **танцовщица** 1) биші; 2) балет артисі.

ТАНЦО́Р, *ж.* **танцорка** биші.

ТАНЦУ́ЛЬКА би билеу кеші.

ТАНЦУ́ЮЩИЙ 1) билеуші, би білетін; 2) *перен.* секеңдеп, бұраңдап жүруші; **танцующая походка** бише жүріс.

ТАПЁР, *ж.* тапёрша тапер (биші-лерге пианино ойнаушы).

ТАПИ́Р тапир (сүт қоректі хайуан).

ТА́ПОЧКИ, **чек** *мн.*, *ед.* **тапочка** үй кебіс (аяқ киім).

ТА́РА 1) ыдыс (қап, бөшке т. б.);

2) тауардың оралған, заттық, ыдысының салмағы.

ТАРАБА́НИТЬ, ню *несов.* дірілдету, тарыс-тұрыс жүру.

ТАРАБА́РСКИЙ түсініксіз, балдыр-батпақ.

ТАРАБА́РЩИНА 1) шартты белгілер мен жасырын жазу; 2) *перен.* мағнасыз, түсініксіз, балдыр-батпақ.

ТАРАКА́Н тарақан.

ТАРА́Н таран: 1) ерте кездегі жарды, қамалдың қабырғасын құлату үшін жұмсалатын істік тұмсық зат; 2) бірденені тесіп шығатын, не болмаса қағатын бөрене.

ТАРА́НИЙ *прил. к* **тарань; таранья уха** таран балықтың сорпасы.

ТАРА́НИТЬ, ню *несов.* 1) таранмен ұру; 2) тесіп шығару.

ТАРА́НИТЬСЯ 1) таранмен ұрылу; 2) тесіліп шығу; қағып кету, соғып кету.

ТАРА́ННЫЙ *прил. к* **таран.**

ТАРАНТА́С тарантас (арба).

ТАРАНТЕ́ЛЛА тарантелла: 1) Италияның халық күйі; 2) өсіңкі ырғақпен ойналатын музыкалы пьеса.

ТАРАНТИ́ТЬ, нчу, нтишь *несов.* жылдам сөйлеу, дабдырлап сөйлеу.

ТАРА́НТУЛ бүйі (Оңтүстік Европа ССРО ның Азиялық бөлімінде болады).

ТАРА́НЬ *ж.* тарань (теңіздің ұсақ балығы).

ТАРАРА́М (простореч.) айқай-ұйқай.

ТАРАРА́ХАТЬ *несов.* (простореч.) *см.* **тарарахнуть.**

ТАРАРА́ХНУТЬ *сов.* (простореч.) гүрс ету, тарс етіп соғылу.

ТАРАТА́ЙКА екі аяқты арба.

ТАРАТО́РИТЬ, рю *несов.* дабдырлап сөйлей беру.

ТАРАХТЕ́ТЬ, хчу, хтишь салдырлау.

ТАРА́ЩИТЬ, щу *несов.* көзін ажырайту, көзін бажрайту.

ТАРА́ЩИТЬСЯ ежрею, бақыраю, шақыраю.

ТАРБАГА́Н суыр, тарбаған.

ТАРЕ́ЛКА 1) тарелка (ыдыс); 2) біріне-бірін соғып ойнайтын музыкалық аспап.

ТАРЕ́ЛОЧКА *уменьш. см.* **тарелка.**

ТАРЕ́ЛОЧНИК тарелкамен дабыл қағушы, ойнаушы музыкант.

ТАРИ́РОВАТЬ ыдыспен өлшеу.

ТАРИ́Ф (нарық көрсеткіш).

ТАРИФИКА́ЦИЯ тарифтеу (еңбек ақыны белгілеу, салық көлемін белгілеу.

ТАРИФИЦИ́РОВАННЫЙ, **ван** бағасы белгіленген.

ТАРИФИЦИ́РОВАТЬ, рую *сов. и несов.* бағасын белгілеу, нарқын қою.

ТАРИФИЦИ́РОВАТЬСЯ бағасы белгілену, нарқы қойылу.

ТАРИ́ФНЫЙ: тарифная сетка тариф сеткасы.

ТАРПА́Н тарпан (құлан сыяқты жабайы ат).

ТАРТА́ЛЬЩИК шелекпен мұнай тартушы.

ТАРТА́НИЕ батырып алу (шелекпен мұнай тарту).

ТА́РТАР дозақ (дін).

ТАРТИ́НКА *см.* **бутерброд.**

ТАРХА́Н тархан: 1) феодалдық Ресейде ата-бабасынан қалған мүлікті алым-салықсыз иеленуші; 2) сол правоны пайдалану үшін грамота; 3) ел аралап жүретін уақ сәудегер.

ТАСКА́ТЬ *несов.* 1) сүйреу, сүйрету, тасу; 2) алып кету, алып жүру; 3) *перен.* ұрлап, жасырып алып кету; 4) тоздыру; **т. бревна из воды** судан ағашты тартып шығару; **он еле ноги таскает** ол аяғын әрең алып жүр.

ТАСКА́ТЬСЯ 1) қаңғыбастану; 2) бірнәрсенің артына түсу.

ТА́СКИВАТЬ *несов. см.* **таскать.**

ТА́СКИВАТЬСЯ *см.* **таскаться.**

ТАСКОТНЯ́ тасыну, әбігерлену (бір жерден бір жерге қайта-қайта тасыну, көшу).

ТАСО́ВАННЫЙ, **ван** *прич. к* **тасовать** араластырылған (карта).

ТАСОВА́ТЬ, сую *несов.* картаны араластыру.

ТАСОВА́ТЬСЯ араластырылу.

ТАСО́ВКА *см.* **тасовать.**

ТАСС (Телеграфное Агентство Советского Союза) Тасс (Совет Одағының Телеграфтық агенттігі).

ТАТА́РЫ *мн.* (*ед.* **татарин**, *ж.* **татарка**) татар халқы татарлар.

ТАТА′РКА (бот.) жуа (көп жылдық соя жуа).

ТАТА′РСКИЙ: т. язык татар тілі.

ТАТУИ′РОВАННЫЙ безеу (денеге) шаныштықылап салынған әшекей.

ТАТУИ′РОВАТЬ, рую *сов. и несов.* терісін әшекейлеу, шаныштықылап безеу.

ТАТУИ′РОВАТЬСЯ өз денесіне әшекей салу.

ТАТУИРО′ВКА безеу (адам денесіне салынған әшекей.

ТА′ТЫ, ов, *ед.* тат халқы (Кавказда).

ТАТЬ *м.* (устар.) ұры, талаушы.

ТАТЬБА′ (устар.) ұрлық, тонау.

ТА′У-САГИ′З и тау-сагыз таусағыз.

ТАФТА′ құлпырма жібек.

ТАФТЯНО′Й и тафтяный құлпырма жібектен істелген.

ТАФЬЯ′ (устар.) тақия.

ТАХТА′ арқасыз диван.

ТАЧА′ЛКА тігін машина (сыммен қайып тігетін машина).

ТАЧА′ЛЬНЫЙ қайып тігетін.

ТАЧА′ЛЬЩИК, *ж.* **тачальщица** қайып тігуші.

ТАЧА′НКА тачанка (жеңіл арба); **пулеметная т.** пулемет тачанкасы.

ТАЧА′ТЬ *несов.* екі жақтан қаю (тігу).

ТА′ЧЕЧНЫЙ *прил. к* **тачка; тачечное колесо** қол арбаның дөңгелегі.

ТА′ЧКА тачка (қол арба).

ТАЧКОВО′З қол арбашы (арбаны сүйреуші адам).

ТАЩИ′ТЬ, щу *несов.* 1) сүйрелеу, тасу, тарту; 2) сүйреп тартып алып кету; 3) суырып алу, тартып алу (шегені т. б.).

ТАЩИ′ТЬСЯ 1) сүйретіліп жүру, сүйреледеп ілесу, сүйретілу; 2) суырылу.

ТА′ЯЛКА қар еріткіш, жібіткіш.

ТА′ЯНИЕ еру, жібу.

ТА′ЯТЬ, таю *несов.* 1) еру, жібу, балқу; 2) жанып азаю (май шам); 3) *перен.* әлсіреу, шаршау, жүдеу, ару.

ТВАРЬ *ж.* 1) жәндік, мақұлық; 2) оңбаған адам.

ТВЕРДЕ′НИЕ қатаю.

ТВЕРДЕ′ТЬ *несов.* қатаю.

ТВЕРДИ′ТЬ, ржу, рдишь *несов.* қайта-қайта айту, бір сөзді үстау.

ТВЕРДОЗЕ′М қатты топырақты жер.

ТВЕРДОКА′МЕННЫЙ 1) тастай қатты; 2) *перен.* мызғымас берік.

ТВЕРДОЛО′БЫЙ топас, ақылсыз, тоң мойын.

ТВЕ′РДОСТЬ қаттылық, беріктік.

ТВЕ′РДЫЙ, твёрд 1) қатты; 2) *перен.* табанды, тұрақты, сенімді; **твёрдо** *нар.*; *ср. ст.* **твёрже** мықтырақ, берігірек, қатаңырақ.

ТВЕРДЫ′НЯ 1) қорған, бекініс; 2) *перен.* тірек.

ТВЕРДЬ *ж.* мықты, берік, қатаң.

ТВИН тібең (кездеменің түрі).

ТВОЙ, твоя′, твоё, твои′ *мест.* сенікі (сенің).

ТВОРЕ′НИЕ[1] 1) жаралу, жарату; 2) тудыру, шығару; 3) шығарма.

ТВОРЕ′НИЕ[2] езу, еріту.

ТВОРЕ′Ц, рца 1) жаратушы; 2) тудырушы, шығарушы.

ТВОРИ′ЛО[1] үске шығатын есік.

ТВОРИ′ЛО[2] бірдеңе езетін ыдыс.

ТВОРИ′ТЕЛЬНЫЙ: т. падеж (грам.) көмектес септік.

ТВОРИ′ТЬ[1], рю *несов.* жарату, жасап шығару, ойлап шығару, тудыру.

ТВОРИ′ТЬ[2], рю *несов.* шылау, еріту (сумен не болмаса басқа сұйық затпен араластырып шылау).

ТВОРИ′ТЬСЯ[1] 1) болу, шығу, істелу; 2) жаратылу, жасалып шығарылу, туу.

ТВОРИ′ТЬСЯ[2] шылану, еріту.

ТВОРО′Г сүзбе.

ТВОРО′ЖИСТЫЙ, жист ірткі тәрізді.

ТВОРО′ЖИТЬ, жу *несов.* сүзбе қылу, ұйыту.

ТВОРО′ЖИТЬСЯ сүзбелену.

ТВОРО′ЖНИК сүзбеден істелген.

ТВОРО′ЖНЫЙ *прил. к* творог.

ТВО′РЧЕСКИЙ өнерпаздық; творчески *нар.*

ТВО′РЧЕСТВО творчество, шығарма, өнер шығару (біреудің шығарған өнері).

ТЕА′ТР театр (сауық үйі).

ТЕАТРА́Л, *ж.* театралка театр сүйгіш, театршыл.

ТЕАТРА́ЛЬНОСТЬ құрғақ сымайлық, жасандылық.

ТЕАТРА́ЛЬНЫЙ, *лен:* **театральное искусство** театр өнері; **театрально** *нар.*

ТЕАТРА́ЛЬЩИНА жасандылық.

ТЕАТРОВЕ́Д театр өнерін зерттеуші.

ТЕАТРОВЕ́ДЕНИЕ театр зерттеу ғылымы.

ТЕБЕ́ *мест. дат.* и *предл.* от **ты** саған.

ТЕБЕНЁК, нька тебінгі.

ТЕБЕНЬКО́ВЫЙ тебінгілік.

ТЕБЯ́ *мест. род.* и *вин.* от **ты** сені.

ТЕГЕРА́Н Тегеран (Тәһран) Иран астанасы.

ТЕ́ЗИС тезис (бұяндаманың, шығарманың т. б. қысқа желісі).

ТЁЗКА *м.* и *ж.* аттас; **Пушкин и Грибоедов были тёзки** Пушкин мен Грибоедов аттас.

ТЕИ́ЗМ теизм, құдайшылдық (дүниені құдай жаратқан, барлығына құдай не дейтін философиялық діни оқу).

ТЕИ́СТ, *ж.* теистка теист (теизмді жақтаушы).

ТЕЙЛОРИ́ЗМ тейлоризм (Американың Тейлор деген инженерінің еңбек ісіне рационализация кіргізу әдісі; ол әдісі капиталистерге жұмысшыларды бұрынғыдан да мықтап қанауға мүмкіндігін туғызған).

ТЕКИ́НЦЫ, цев *мн.* (*ед.* текинец, *ж.* текинка) текеліктер (түрмендердің бір тайпы елі).

ТЕКСТ текст: 1) жазушының өз сөздері; 2) шығармадан үзінді; 3) сөзге сәйкес жазылған музыка; 4) айтылған я жазылған біреудің сөзі.

ТЕКСТИ́ЛЬ *м.* тоқыма мата.

ТЕКСТИ́ЛЬНЫЙ: т. станок мата тоқу станогі; **текстильная промышленность** тоқыма өнеркәсібі.

ТЕКСТИ́ЛЬЩИК, *ж.* текстильщица тоқушы, тоқымашы.

ТЕКСТО́ЛОГ текстология маманы.

ТЕКСТОЛО́ГИЯ текстология (жазбаның тарихын, оны оқу, түсіндіру жолын танытатын филология ғылымының тарауы).

ТЕКСТУА́ЛЬНЫЙ текшен бірдей, сөзбе-сөз, дәлме-дәл.

ТЕКСТУ́РА тау жыныстының қабаттары.

ТЕКТО́НИКА тектоника: 1) жердің қыртысында болатын өзгерістерді және таулардың қайдан шығатынын зерттейтін геологияның бір тарауы; 2) жердің қыртысы, ішкі құрылысы, өз ішінде болатын әсерлері мен өзгерісі.

ТЕКТОНИ́ЧЕСКИЙ: тектоническое явление тектоникалық құбылыс (жер қыртысының ығысуынан болатын өзгерістер).

ТЕКУ́ЧЕСТЬ *ж.* 1) ағыс, ағын; 2) тұрақсыздық.

ТЕКУ́ЧИЙ, куч 1) ағатын; 2) *перен.* тұрақсыз.

ТЕКУ́ЧКА 1) ағаш шәйыры, шырыш; 2) кендірдің бір түрі.

ТЕКУ́ЩИЙ кәзіргі, күнделікті, ағымдағы; **т. счет** күнделікті счет; **текущая политика** ағымдағы саясат.

ТЕЛЕ теле: алыс *д. м.* **телеграмма**, телефон, телескоп деген сөздердің басқы бөлімі.

ТЕЛЕАВТО́ГРАФ телеавтограф.

ТЕЛЕВЕЩА́НИЕ телехабар (электр жолымен, телевидение арқылы сурет түсіру).

ТЕЛЕВИ́ДЕНИЕ телевидение сурет кескінін түсіру (электр жолымен сым я радио арқылы алыс жерден сөйлесушінің бейнесін көру).

ТЕЛЕГА́ арба.

ТЕЛЕГРА́ММА телеграмма.

ТЕЛЕГРА́ММОНОСЕЦ, сца телеграмма таратушы.

ТЕЛЕГРА́Ф телеграф (телеграмма алатын, беріп тұратын жер).

ТЕЛЕГРАФИ́РОВАТЬ, *ирую сов. и несов.* телеграмма беру (телеграмма арқылы хабарлау).

ТЕЛЕГРАФИ́РОВАТЬСЯ телеграмма арқылы хабарласу.

ТЕЛЕГРАФИ́СТ, *ж.* телеграфистка телеграфист (телеграфпен хабар алып, хабар беретін кісі).

ТЕЛЕГРА́ФИТЬ, *флю сов. и несов. см.* телеграфировать.

ТЕЛЕГРАФИ́Я телеграф жұмысының әдісі, жолы.

ТЕЛЕГРА́ФНЫЙ *прил. к* **телеграф; т. столб** телеграф бағанасы; **т. ответ** телеграфпен қайырған жауап.

ТЕЛЕ́ЖКА жеңіл арба.

ТЕЛЕ́ЖНИК арба шебері.

ТЕЛЕ́ЖНЫЙ: т. мастер арба ұстасы.

ТЕЛЕКИНО́ *нескл. ср.* телекино (кино картинасын радио арқылы алыстан көрсету).

ТЕЛЕМЕ́ТР телеметр (алыстықты өлшейтін құрал).

ТЕЛЕМЕХА́НИКА телемеханика (алыстан тұрып электр арқылы механизмді басқару).

ТЕЛЕ́НОК, нка, *мн.* телята, ляг бұзау, тайынша.

ТЕЛЕОБЪЕКТИ́В телеобъектив (алыстан суретті өте ірі қылып түсіретін фотографиялық объектив).

ТЕЛЕОЗА́ВР (палеон.) аждаһа (крокодил).

ТЕЛЕОЛО́ГИЯ телеология (әлем тарихы — қажетті күш әрекетінің нәтижесі дейтін, ол күш өмірді, тіршілікті белгілі мақсатқа жетектейді дейтін идеалистік ағым).

ТЕ́ЛЕПЕНЬ, пня *м.* 1) қоңраудың тілі; 2) *перен.* епсіз, дөрекі адам; 3) *перен.* есерсоқ адам.

ТЕЛЕСА́, лес *мн. от* **тело** жуан, добал кісі.

ТЕЛЕСКО́П телескоп: 1) өте алыстағы затты көрсететін құрал; 2) балықтың бір түрі.

ТЕЛЕСКОПИ́ЧЕСКИЙ: телескопическая труба телескоп трубасы.

ТЕЛЕСКОПИ́Я телескопия (телескоп арқылы жұлдыздарды байқау).

ТЕЛЕ́СНЫЙ: т. недостаток дене кемшілігі; **чулки телесного цвета** дене түстес шұлық.

ТЕЛЕФО́Н телефон (электр сымы арқылы сөйлесетін аппарат).

ТЕЛЕФОНИЗА́ЦИЯ телефондандыру (телефон жүргізу).

ТЕЛЕФОНИЗИ́РОВАТЬ, рую *сов. и несов.* телефондандыру (телефон орнату).

ТЕЛЕФОНИ́РОВАТЬ, рую *несов.* телефон соғу.

ТЕЛЕФОНИ́СТ, *ж.* телефонистка телефонист (телефонда істеуші).

ТЕЛЕФОНИ́Я телефон техникасы.

ТЕЛЕФО́ННЫЙ: телефонная будка телефон күркесі; **телефонная станция** телефон станциясы; **т. разговор** телефон арқылы сөйлесу.

ТЕЛЕФОНОГРА́ММА телефонограмма (телефон арқылы берілген, алынған хабар).

ТЕЛЕФОТОГРА́ФИЯ телефотография (суретке алыстан түсіру).

ТЕЛЕ́Ц, льца (церк. книжн.) бұзау; ✦ **золотой или златой т.** алтын ақша, байлық.

ТЕЛИ́ТЬСЯ, люсь *несов.* бұзаулау (сиыр бұзаулау).

ТЕ́ЛКА тана, қашар.

ТЕЛЛУ́Р теллур (химия элементі).

ТЕЛЛУ́РИЙ (астрон.) теллурий күннен жердің айналуын көрсететін құрал.

ТЕ́ЛО 1) дене, зат; **быть в теле** ренді, күйлі, семіз болу; **дрожит всем телом** тұла бойы қалтырайды; 2) зеңбіректің, пулеметтің станоксыз стволы.

ТЕЛОГРЕ́ЙКА жылы кеудеше (мақта салынып сырылған кеудеше).

ТЕЛОДВИЖЕ́НИЕ дене қимылы (қол сілтеу, ыйығын қозғау т. б.).

ТЕЛОСЛОЖЕ́НИЕ дене келбеті.

ТЕЛОХРАНИ́ТЕЛЬ *м.* біреуді қорғаушы (сақтаушы) кісі.

ТЕЛУ́ШКА *уменьш.* қашар, тана, құнажын.

ТЕ́ЛЬНИК іш көйлек.

ТЕ́ЛЬНЫЙ *см.* **нательный.**

ТЕ́ЛЬЦЕ 1) ұсақ дене; 2) жеміс дәні; 3) жұмытқаның тұмсығы.

ТЕЛЯ́ТА бұзаулар.

ТЕЛЯ́ТИНА 1) бұзау еті; 2) *перен.* ойсыз, мыйсыз (адам); **жаркое из телятины** бұзау етінен істелген қуырдақ.

ТЕЛЯ́ТНИК 1) бұзау қора; 2) бұзаушы (бұзау бағатын кісі).

ТЕЛЯ́ТНИЦА бұзау бағушы (әйел).

ТЕЛЯ́ЧИЙ бұзау етінен істелген; телячьи котлеты бұзау етінен істелген котлет; ✦ т. восторг құрғақ қуаныш.

ТЕМ *союз;* **т. более** оның үстіне, мұның үстіне (жалғаулық мағынасында).

ТЕ́МА тема, тақырып.

ТЕМА́ТИКА тематика, тақырыптама (шығарма аттарының жыйнағы).

ТЕМАТИ́ЧЕСКИЙ: **т. план** тақырып жоспары.

ТЕ́МБР тембр, дауыс құбылуы (жоғары, төмен, баяу, ащы болып келуі).

ТЕМЕННО́Й: **теменная кость** төбе сүйек.

ТЕ́МЕНЬ *ж.* қараңғы.

ТЕМЛЯ́К қылыш бау.

ТЕМНЕ́ТЬ *несов.* 1) қараңғы түсу (ымырт жабылу); 2) қарайып көріну (қара нәрсе); *безл.* **зимой темнеет рано** қыстығүні қараңғы ерте түседі.

ТЕМНЕ́ТЬСЯ қарайып көріну.

ТЕ́МНИК тақырыптар тізімі, жыйнағы.

ТЕМНИ́ТЬ, ню *несов.* қараңғылау, қарайту, қоңырландыру, ала көлеңкелеу.

ТЕМНИ́ТЬСЯ қараңғылану.

ТЕМНИ́ЦА зындан, қараңғы үй, абақты.

ТЕМНОВАТЫЙ, **ват** қараңғылау, күңгірттеу; **темновато** *нар. и безл. в знач. сказ.*

ТЕМНОКО́ЖИЙ қараторы (адам).

ТЕМНОСИ́НИЙ қара көк.

ТЕМНОТА́ 1) қараңғылық; 2) *перен.* надандық, тәрбиесіздік.

ТЕМНОЦВЕ́ТНЫЙ қоңыр түсті.

ТЕМНЫЙ, **мен** 1) қараңғы; 2) *перен.* белгісіз, күңгірт түсініксіз; 3) *перен.* сенімсіз, шубалы, жауыз, қылмысты; 4) соқыр; 5) *перен.* надан, артта қалған; 6) қылмыстылар жататын бөлме; **темно́** *нар.* и *безл. в знач. сказ.* 1) қараңғы, жарық түспейтін, күңгірт; 2) *перен.* белгісіз, түсініксіз, шубалы, сезікті.

ТЕМП қарқын.

ТЕМПЕРА́МЕНТ темперамент (мінез, қаблет қозулығы, көтеріңкі болуы).

ТЕМПЕРА́МЕНТНЫЙ, **тен** темпераментті (екпінді адам); **темпераментно** *нар.*

ТЕМПЕРАТУ́РА температура (бір нәрсенің қызу дәрежесі); **т. воздуха** ауаның температурасы; **т. кипения** қайнаудың температурасы.

ТЕМПЕРАТУ́РИТЬ, рю *несов.* дене қызуы, ыстық көтерілу.

ТЕМПЕРАТУ́РНЫЙ: **температурная кривая** дене қызуының ысып, суу құбылысы.

ТЕМЬ *ж.* қараңғылық.

ТЕ́МЯ, мени төбе.

ТЕНДЕНЦИО́ЗНЫЙ, **зен** *прил. к* **тенденция**; **тенденциозно** *нар.*

ТЕНДЕ́НЦИЯ тенденция (бір бетке йлік, сыңаржақтық).

ТЕ́НДЕР тендер: 1) паровоздан кейінгі ашық вагон; 2) желкемді кеме.

ТЕНЕВО́Й көленкеленген, көленкедегі; *перен.* көмескіленген; **теневая сторона этого дела** бұл істің теріс жағы.

ТЕНЕ́ТА *мн.* тор, ау (аңды, құсты ұстайтын тор).

ТЕНЕ́ТНИК ұя тоқушы өрмекші.

ТЕНИ́СТЫЙ, **нист** көленкелі; **тенисто** *нар.*

ТЕНИ́ТЬ, ню *несов.* көленке түсіру, көленкелеу.

ТЕ́ННИС теннис: 1) қақпақыл ойын; 2) сол ойынды ойнайтын алаң.

ТЕННИСИ́СТ, *ж.* **теннисистка** теннисист (теннис ойынпазы).

ТЕ́ННИСНЫЙ *прил. к* **теннис**; **теннисная площадка.**

ТЕ́НОР тенор: 1) еркектің жіңішке, жоғарғы даусы; 2) тенор дауысты өлеңші; 3) жез музыка аспаптары.

ТЕНТ тент (күннен, жауыннан сақтану үшін кеменің палубасына қойылған қалқа).

ТЕНЬ *ж.* 1) көленке; 2) *перен.* белгісіз, көрінбейтін, тыныш, оңаша орын; 3) нәрсенің күн түспейтін жағы; 4) бірдеңенің елесі.

ТЕОДОЛИ́Т теодолит (жер өлшеу жұмысында бұрыштарды өлшейтін құрал).

ТЕОКРАТИ́ЧЕСКИЙ теократиялық.

ТЕОКРА́ТИЯ теократия: 1) (дін бастықтары қолындағы саяси өкмет); 2) сол жүйеге негізделген мемлекет.

ТЕО́ЛОГ теолог (теологиямен шұғылданған адам).

ТЕОЛО́ГИЯ теология (дін туралы ғылым).

ТЕОРЕ́МА теорема (дәлелдеуді керек ететін қағидалар).

ТЕОРЕ́ТИК теорияшыл, қыйсыншыл.

ТЕОРЕТИ́ЧЕСКИЙ: **т. вывод** теориялық қортынды; **теоретически** *нар.*

ТЕОРЕТИ́ЧНОСТЬ дерексіз қыйсын.

ТЕОРЕТИ́ЧНЫЙ, чен дерексіз, тәжрибеде сыналмаған.

ТЕО́РИЯ теория, қыйсын; **т. познания** білім теориясы; **т. вероятности** ықтималдық теориясы; **т. соединения** қосылыс теориясы.

ТЕПЕ́РЕШНИЙ қазіргі, ендігі.

ТЕПЕ́РЬ *нар.* қазір, енді.

ТЁПЛЕНЬКИЙ *уменьш.* и *ласк.* жып-жылы; **т. чай** жылы шай.

ТЕПЛЕ́ТЬ *несов.* жылыту, қыздыру.

ТЕ́ПЛИТЬ, лю *несов.* жағу, тұтату.

ТЕ́ПЛИТЬСЯ 1) жану; 2) *перен.* жасырын өмір сүру.

ТЕПЛИ́ЦА қыстығүні өсімдіктер өсіретін жылы үй.

ТЕПЛИ́ЧНЫЙ *прил. к* **теплица** жылылықты сүйетін.

ТЕПЛО́[1] жылы, жылылық.

ТЕПЛО́[2] *ср.* тёплый 1) жылы; 2) *перен.* жылы жүзбен.

ТЕПЛОВО́З тепловоз (жылылық күшімен жүретін машина).

ТЕПЛОВО́Й *прил. к* **тепло**; **тепловые лучи** жылылық нұры.

ТЕПЛОЁМКОСТЬ жылылық қуат, жылылық сыйымы (бір нәрсені жылыту, қыздыру үшін керекті жылылық мөлшері).

ТЕПЛОИЗОЛЯЦИО́ННЫЙ жылылық, жылылық өткізбейтін.

ТЕПЛОКРО́ВНЫЕ *род. п.* ых, *сущ.* (зоол.) жылы қандылар (жылы қанды жәндіктер).

ТЕПЛОЛЮ́Б жылышыл (жылылықты сүюші, жылы климатта өсетін); **хлопок—т.** мақта-жылылықты.

ТЕПЛОМЕ́Р жылылық өлшегіш.

ТЕПЛОПЕРЕДА́ЧА жылылық өткізушілік (бір заттан бір затқа жылу жіберу).

ТЕПЛОПРОВО́ДНОСТЬ (физ.) қызу өткізгіштік.

ТЕПЛОПРОВО́ДНЫЙ қызу өткізгіш.

ТЕПЛОПРОЗРА́ЧНОСТЬ (физ.) жылылықты еркін өткізгіш.

ТЕПЛОСИЛОВА́Я УСТАНО́ВКА жылу қуатты машина (жылылық қуатымен жүретін машина).

ТЕПЛОТА́ 1) жылылық; 2) *перен.* жылы шырайлылық.

ТЕПЛОТВО́РНОСТЬ (физ.) жылылық шығарушылық, берушілік.

ТЕПЛОТВО́РНЫЙ: **теплотворная способность** жылылық берушілік.

ТЕПЛОТЕ́ХНИК теплотехник (жылылық техникасының маманы).

ТЕПЛОТЕ́ХНИКА теплотехника (отын және парды пайдаланумен шұғылданатын техника бөлімі).

ТЕПЛОУСТО́ЙЧИВЫЙ, чив жылыға төзімді; **т. сталь** жылылықтан бұзылмайтын болат.

ТЕПЛОХО́Д теплоход (жылылық күшімен жүретін кеме).

ТЕПЛУ́ШКА 1) жылы бөлме; 2) жабық қызыл вагон.

ТЁПЛЫЙ, тёпел 1) жылы; 2) *перен.* жылы жүзді; **т. прием** жылы жүзбен қарсы алу; **тепло́** *нар.*

ТЕПЛЫ́НЬ *ж.* ыстық, жылы һаға, жылы күн.

ТЕПЛЯ́К үйшік (уақытша істелген қысқы үй).

ТЕРАПЕ́ВТ терапевт (ішкі аурудың маманы).

ТЕРАПЕВТИ́ЧЕСКИЙ: **терапевтическая клиника** ішкі аурулар клиникасы.

ТЕРАПИ́Я терапия (медицина ғылымының ішкі ауруларды емдейтін тарауы).

ТЕРЕБИ́ЛЬНЫЙ: **теребильная машина** жұлатын машина (кендір сияқты өсімдіктерді тамырымен жұлып жыйнайтын машина).

ТЕРЕБИ́ЛЬЩИК, *ж.* **теребильщица** жұлғыш (кендір жұлатын жұмыскер).

ТЕРЕБИ́ТЬ, блю *несов.* 1) түрткілеу, жұлқылау; 2) *перен.* түртпектеу, мазасын кетіру.

ТЕРЕБИ́ТЬСЯ жұлыну, жұлмалану.

ТЕРЕБЛЕ́НИЕ жұлу, жұлмалау.

ТЕ́РЕМ (истор. поэт.) терем (мұнара сияқты биік үй не үстіңгі үй).

ТЕРЕМО́К, мка *уменьш.-ласк. к* терем.

ТЕРЕ́ТЬ, тру *несов.* 1) ысқылау, уқалау; 2) қажау; **сапог трёт ногу** етік аяқты қажайды.

ТЕРЕ́ТЬСЯ 1) ысқылану, сүртіну; 2) *перен.* айналшықтап шықпау, сүйкену.

ТЕРЗА́НИЕ 1) жұлқылау, жұлмалау, талау; 2) *перен.* жәбірлеу, азапқа ұшырау.

ТЕРЗА́ТЬ *несов.* 1) тұту, жулқылап борша-боршасын шығару; 2) *перен.* азаптау, жәбірлеу.

ТЕРЗА́ТЬСЯ азап тарту, жәбір-жапаға ұшырау.

ТЁРКА 1) сүргіш (картошка, сәбіз сыяқтыларды сүріп, ысқылап майдалайтын аспап); 2) жоңышқа, үккіш машина.

ТЕРЛИ́К (истор.) сыртқы киімнің бір түрі.

ТЕ́РМИН термин, атау (ғылым, техника, көркем өнерде белгілі ұғымды білдіретін сөздер, атаулар).

ТЕРМИНИ́РОВАТЬ, рую *сов. и несов.* терминдеу.

ТЕРМИНИ́РОВАТЬСЯ терминдену, аталу.

ТЕРМИНО́ЛОГИ́ЧЕСКИЙ: т. словарь термин сөздігі; **терминологи́ческая комиссия** терминология комиссиясы.

ТЕРМИНОЛО́ГИЯ терминология (ғылымның, көркем өнердің, техниканың тарауларында қолданылатын терминдердің жыйынтығы).

ТЕРМИ́Т[1] (зоол.) термит (ағаш кеміретін, адам шағатын ұсақ жәндіктер).

ТЕРМИ́Т[2] термит (алюминия мен металдың қосындысынан істелген зат).

ТЕРМИ́ЧЕСКИЙ: термическая единица жылылық единицасы.

ТЕРМОГРА́Ф (метеор.) термограф (температураның өзгерістерін жазып тұратын құрал).

ТЕРМОДИНА́МИКА термодинамика (жылылық туралы ғылым).

ТЕРМО́МЕТР термометр (температураны (қызуды) өлшейтін құрал).

ТЕ́РМОС термос (ішіндегі нәрсені суытпай бір қалыпта ұстайтын ыдыс).

ТЁРН тікенді өсімдік.

ТЕРНИ́СТЫЙ, нист: т. путь қыйын-қыстау жол.

ТЕРНО́ВНИК тікен, шеңгел сыяқты өсімдік.

ТЕРНО́ВЫЙ: терновые иглы тікенек.

ТЕРНОСЛИ́В, тернослива қара өріктің бір түрі.

ТЕРПЕЛИ́ВОСТЬ сабырлылық, төзгіштік, шыдамдылық.

ТЕРПЕЛИ́ВЫЙ, лив сабырлы, төзімді, шыдамды; **терпеливо** *нар.*

ТЕРПЕ́НИЕ сабыр, төзім, шыдам.

УЛИЧИ́ТЬ, чу *сов. см.* **уличать.**

У́ЛИЧНЫЙ көшенің, көшедегі; **уличное движение** көшедегі жүріс; **уличные разговоры** өсек, бос әңгіме.

УЛО́В балықтың түсімі (ұсталған балықтың аз, көптігі).

УЛОВИ́МЫЙ: легко у. оңай түсінуге болатын.

УЛОВИ́ТЕЛЬ ұстағыш, қабыл алғыш.

УЛОВИ́ТЬ, влю *сов.* ұстау, іздеп табу; *перен.* ұғып алу, сезу, аңдау, түсініп жету.

УЛОВИ́ТЬСЯ *сов.* ұсталу, ауға түсу.

УЛО́ВКА амал, айла; **это его у.** бұл оның хайласы.

УЛОВЛЯ́ТЬ *несов. см.* **уловить.**

УЛОЖЕ́НИЕ (истор.) заңдар жиынағы.

УЛОЖИ́ТЬ, жу *сов.* жатқызу, сыйғызу, сыйыстыру; ✦ **у. в голове** ұғыну, түсіну; аңғару; **у. на смерть** өлімші қылу, құлатып салу.

УЛОЖИ́ТЬСЯ 1) жыйыстырып салу; 2) сыю, сыйысу, мөлшерлі уақытта істеп болу; 3) *перен.* түсінікті болу.

УЛОМА́ТЬ *сов.* сындіру, кендіру.

УЛОМИ́ТЬ, млю *сов.* (обл.) сындыру, сындырып бөлін тастау.

У́ЛОЧКА *уменьш.* кішкене көше.

УЛУ́С ұлыс (бір тайпы ел; аумақ; аудан).

УЛУЧА́ТЬ *несов.* ретін, қыбын табу, уақыт табу, жайын табу.

УЛУЧА́ТЬСЯ реті табылу, тура келу, уақыт табу, жайын табу.

УЛУЧИ́ТЬ, чу *сов. см.* **улучать.**

УЛУЧША́ТЬ *несов.* жақсарту, тәуірлендіру, асылдандыру.

УЛУЧША́ТЬСЯ жақсару, асылдану, тәуірлену.

УЛУЧШЕ́НИЕ жақсарту, тәуірлену, тәуірлендіру.

УЛУ́ЧШЕННЫЙ: жақсартылған,

төуірленген; **улучшенная порода** жақсартылған (асылданған) тұқым.

УЛУ′ЧШИТЬ, шу *сов. см.* **улучшать**.

УЛУ′ЧШИТЬСЯ *см.* **улучшаться**.

УЛЫБА′ТЬСЯ *несов.*, улыбнуться, нүсь *сов.* жымыю, күлімдеу, күлімсіреу, езу тарту; *перен.* счастье **улыбнулось ему** оның тілегі болды; **эта работа мне не улыбается** мына жұмыс менің тартпайды.

УЛЫ′БКА күлімсіреу, жымыю.

УЛЫБНУ′ТЬСЯ *см.* **улыбаться**.

УЛЬТИМАТИ′ВНЫЙ *прил. к* **ультиматум**; **ультимативное требование** үзілді-кесілді қойылған талап; **ультимативно** *нар.*

УЛЬТИМА′ТУМ ультиматум (дипл.) бір мемлекеттің екінші мемлекетке үзілді-кесілді қойған шарты, талабы.

УЛЬТРАМАРИ′Н ультрамарин (ашық көк бояу).

УЛЬТРАМИКРОСКО′П ультрамикроскоп (аса кішкене, көзге көрінбейтін заттарды көрсететін микроскоп).

УЛЬТРАФИОЛЕ′ТОВЫЙ: **ультрафиолетовые лучи** ультра-күлгін сәулелер.

УМ ақыл, ой парасат.

УМА′ЗАТЬ, умажу *сов.* сылау, майлау, ластап, былғап тастау.

УМА′ЗАТЬСЯ былғану, ластану.

УМА′ЗЫВАТЬ *несов. см.* **умазать**.

УМА′ЗЫВАТЬСЯ *см.* **умазаться**.

УМАЛЕ′НИЕ кеміту, азайту, төмендету, түсіру (біреудің беделін).

УМАЛИ′ТЬ, лю *сов. см.* **умалять**.

УМАЛИШЁННЫЙ можнун, есінен адасқан, жынды.

УМА′ЛЧИВАНИЕ үндемеу, ауызын ашпау, тіс жарып ештеме демеу.

УМА′ЛЧИВАТЬ *несов. см.* **умолчать**.

УМАЛЯ′ТЬ *несов.* кеміту, азайту, төмендету, түсіру; **у. авторитет** біреудің беделін түсіру.

УМА′СЛИВАТЬ *несов.*, умаслить, лю *сов.* 1) майлау, майға батырып алу; 2) *перен.* көндіру.

УМА′СЛИТЬ *см.* **умасливать**.

УМА′ТЫВАТЬ *несов. см.* **умотать**.

УМА′ТЫВАТЬСЯ *см.* **умотаться**.

УМА′ЯТЬ, умаю *сов.* қыйнау, азаптау, шаршату.

УМА′ЯТЬСЯ шаршау, ентігу, қыйналу, дымы құру.

У′МБРА қызыл күрең бояу.

УМЕ′ЛЫЙ білгіш, шебер, епті; **умело** *нар.*

УМЕ′НИЕ істеу, білу.

УМЕНЬША′ЕМЫЙ 1) кемітетін; 2) **уменьшаемое**, ого *ср.* азайғыш (кемитін сан).

УМЕНЬША′ТЬ *несов.* азайту, кішірейту, кеміту.

УМЕНЬША′ТЬСЯ азаю, кішірею, кему.

УМЕНЬШЕ′НИЕ кішірею, азаю, кему.

УМЕНЬШЁННЫЙ, шён кемітілген, азайтылған.

УМЕНЬШИ′ТЕЛЬНЫЙ кішірейген, кіші; **уменьшительное имя существительное** кішірейтіп айтылатын зат есім.

УМЕ′НЬШИТЬ, шу *сов. см.* **уменьшать**.

УМЕ′НЬШИТЬСЯ *см.* **уменьшаться**.

УМЕ′РЕННОСТЬ 1) бір қалыптылық; 2) кішіпейіл; 3) қалыс.

УМЕ′РЕННЫЙ бір қалыпты, орташа, шамалы; **у. климат** қоңыр салқын климат; *перен.* қалыс; **умеренно** *нар.*

УМЕ′РИТЬ, рю *сов.* бәсеңдету, шарықтау, орташа қалыпқа түсіру; **у. свой аппетит** қанағат қылу.

УМЕРТВИ′ТЬ, влю *сов.* өлтіру, қатыру.

УМЕ′РШИЙ өлген, опат болған.

УМЕРЩВЛЕ′НИЕ 1) өлтіру (қан шығармай); 2) басу, сөндіру (әуестікті), тыю.

УМЕРЩВЛЯ′ТЬ *несов.* 1) өлтіру; 2) *перен.* тыю, сөндіру.

УМЕРЩВЛЯ′ТЬСЯ *несов.* 1) өлтірілу; 2) *перен.* тыйылу, сөндірілу.

УМЕРЯ′ТЬ *несов. см.* **умерить**.

УМЕРЯ′ТЬСЯ *несов.* азайтылу, шарықтау, шамаландырылу, бәсеңдетілу.

УМЕСТИ′ТЬ, мещу *сов.* сыйыстыру, сыйғызу, орналастыру.

УМЕСТИ′ТЬСЯ сыйысу, сыйысып отыру, орналасу.

УМЕ́СТНОСТЬ лайықтылығы, келісімділігі.

УМЕ́СТНЫЙ, тен орынды, келісімді, ұнамды; **уместно** *нар.*

УМЕ́ТЬ, умею *несов.* білу, істей білу, қолынан келу.

УМЕЩА́ТЬ *несов. см.* **уместить.**

УМЕЩА́ТЬСЯ *см.* **уместиться.**

УМЕ́ЮЧИ *нар.* жөнін біліп, қолынан келіп.

УМИЛЕ́НИЕ мейрі түсу, жібу, елжіреу, балқу.

УМИЛЕ́ННЫЙ, лён балқыған, мейрімі түсіп көңілі жібіген, елжіреген; **умилённо** *нар.*

УМИЛИ́ТЬ, лю *сов. см.* **умилять.**

УМИЛИ́ТЬСЯ мейрімдену, бойы балқу; көңілі, жүрегі елжіреу.

УМИ́ЛЬНОСТЬ жұмсақтық, жылы шырайлық, мүләйімділік, мейірімділік; жағынушылық.

УМИ́ЛЬНЫЙ, лен жылы шырайлы, мүләйім, мейірімді; жарамсақ, жағымпаз; **умильно** *нар.*

УМИЛЯ́ТЬ *несов.* рахымын түсіру, мейірімдендіру.

УМИЛЯ́ТЬСЯ *см.* **умилиться.**

УМИНА́ТЬ *несов. см.* **умять.**

УМИНА́ТЬСЯ *см.* **умяться.**

УМИРА́НИЕ өлу.

УМИРА́ТЬ *несов.* өлу, құру.

УМИРОТВОРЕ́НИЕ татуласу, жарасу, келісу; тыныштану.

УМИРОТВОРИ́ТЬ, рю *сов.* тыныштандыру, келістіру, татуластыру.

УМИРОТВОРИ́ТЬСЯ татуласу, келісу, тыныштану.

УМИРОТВОРЯ́ТЬ *несов. см.* **умиротворить.**

УМИРОТВОРЯ́ТЬСЯ *см.* **умиротвориться.**

У́МНЕНЬКИЙ *уменьш.* ақылды ғана.

УМНЕ́ТЬ *несов.* ақыл ену, ес кіру, ақылды болу.

У́МНИК, *ж.* **умница** ақылды, зейінді, зерек.

У́МНИЧАТЬ ақылдысыну.

УМНОЖА́ТЬ *несов.* көбейту.

УМНОЖА́ТЬСЯ көбейтілу, өсірілу, көбею.

УМНОЖЕ́НИЕ көбейту амалы, көбейту; **таблица умножения** көбейту кестесі.

УМНО́ЖИТЬ, жу *сов. см.* **умножать.**

УМНО́ЖИТЬСЯ көбею, күшею.

У́МНЫЙ, умён ақылды, есті; **умно́** *нар.*

УМОЗАКЛЮЧА́ТЬ *несов.* оймен қорту.

УМОЗАКЛЮЧЕ́НИЕ ой қорыту.

УМОЗАКЛЮЧИ́ТЬ, чу *сов. см.* **умозаключать.**

УМОЗРЕ́НИЕ ойлау, болжау.

УМОЗРИ́ТЕЛЬНЫЙ оймен, ақылмен болжайтын, ақылмен байымдайтын; **умозрительная философия** ақыл, ой қортындысына сүйенген философия.

УМОЛИ́ТЬ, лю *сов.* жалыну, жалбарыну, өтіну.

У́МОЛК: без умолку тынымсыз, тоқтаусыз, тынбастан, тоқтамастан.

УМОЛКА́ТЬ *несов.* басылу, үн шығармау, үні өшу.

УМО́ЛКНУТЬ, ну *сов. см.* **умолкать.**

УМОЛО́Т қызылдаған астық, бастырып алған астық.

УМОЛЧА́НИЕ *см.* **умолчать.**

УМОЛЧА́ТЬ, чу *сов.* үндемеу (білеқ тұрып жорта айтпау), жасыру.

УМОЛЯ́ТЬ *несов.* жалыну, жалбарыну.

УМОНАСТРОЕ́НИЕ ақыл шабыты.

УМОПОМЕША́ТЕЛЬСТВО ақылынан адасу, ақылдан жазу, естен айрылу.

УМОПОМРАЧЕ́НИЕ ақылға зақым келу.

УМО́РА күлкілі, ішек-сілесі қататын нәрсе.

УМОРИ́ТЕЛЬНЫЙ, лен шек-сілесін қатыратын (күлкі); **уморительно** *нар.*

УМОРИ́ТЬ, рю *сов.* әлсірету, қатты қыйнау; шаршату, қыру; шек—сілесі қатқанша күлдіру.

УМОРИ́ТЬСЯ тыйтығы құру, қыйналу.

УМОТА́ТЬ *сов.* (простореч.) орау, шырмау.

УМОТА́ТЬСЯ (простореч.) оралу, шырмалу.

У́МСТВЕННЫЙ ақылы, оймен істелетін; у. **труд** ой еңбегі; **умственно** *нар.*

У́МСТВОВАНИЕ ойлау, терең ойлау, ақылға салу.

У́МСТВОВАТЬ, ствую *несов.* 1) ойлау, ақылға салу; 2) құрғақ хиялға салыну, дерегі жоқ негізсіз ойға берілу.

УМУДРИ́ТЬ, рю *сов.* ақылдандыру, езгілендіру, парасаттандыру.

УМУДРИ́ТЬСЯ ақылы жету, езгі болу, ебін, қыбын табу; **умудрился-таки достать билеты** не қылса да ебін тауып билет алды.

УМУДРЯ́ТЬСЯ *см.* **умудриться.**

УМЧА́ТЬ, чу *сов.* зулатып әкету, пәрменмен шабу.

УМЧА́ТЬСЯ қатты шауып, кету, желдей есіп жөнелу; *перен.* зырлап өтіп кету, біту; **умчались юные годы** жастық шақ зырлап өтіп кетті.

УМЫВА́ЛЬНИК құман, бет-қол жуғыш.

УМЫВА́ЛЬНЫЙ жуынатын; **умывальная комната** жуынатын бөлме.

УМЫВА́НИЕ жуу, жуыну.

УМЫВА́ТЬ *несов.*, **умыть,** мою *сов.* жуу; **умыть ребенка** баланы жуу; *перен.* **у. руки** бас тарту.

УМЫВА́ТЬСЯ *несов.* жуыну, бетқолын жуыну.

УМЫКА́НИЕ (этногр.) қалыңдығын (келіншегін) алып қашу.

УМЫКА́ТЬ *несов.* алып қашу.

У́МЫСЕЛ, сла мысл қастық ой.

УМЫ́ТЬ *см.* **умывать.**

УМЫ́ТЬСЯ *см.* умываться.

УМЫ́ШЛЕННЫЙ әдейі, қасақана, жорта; **умышленно** *нар.*

УМЯГЧА́ТЬ *несов. см.* **умягчить.**

УМЯГЧА́ТЬСЯ *см.* **умягчиться.**

УМЯГЧЕ́НИЕ жұмсату, жұмсару.

УМЯГЧИ́ТЬ, чу *сов.* жұмсату, жұмсарту.

УМЯГЧИ́ТЬСЯ жұмсау, жұмсару.

УМЯ́КНУТЬ, ну *сов.* жұмсап кету, жұмсару.

УМЯ́ТЫЙ езілген, жаншылған, уқаланған.

УМЯ́ТЬ, умну *сов.* уқалау, езу, таптау, тығыздау.

УМЯ́ТЬСЯ қатты езілу, қатты жаншылу, қысылу.

УНАВА́ЖИВАТЬ *несов.* көң төгу, жерді көңмен өңдеу (тыңайту).

УНАВА́ЖИВАТЬСЯ көң төгілу, көңмен өңделу, тыңайтылу.

УНАВО́ЖИВАТЬСЯ *см.* **унаваживаться.**

УНАВО́ЗИТЬ *сов.* көң төгіп өңдеу, тыңайту (жерді).

УНАСЛЕ́ДОВАТЬ, дую *сов.* мұралану, мейрақор болу.

УНДИ́НА су перісі.

УНЕСТИ́, су *сов. см.* **уносить.**

УНЕСТИ́СЬ шауып ала жөнелу; жылдам жүгіріп кету; жоқ болып кету.

УНИА́Т, *ж.* **униатка** (церк., истор.) уния жолын қуушы, жақтаушы.

УНИВЕРМА́Г (универсальный магазин) универмаг (универсалдық магазин).

УНИВЕРСАЛИ́ЗМ универсализм, әр жақты білімділік, әр жақтан хабардарлық, әр жақты білімі болу.

УНИВЕРСИТЕ́Т университет (жоғарғы дәрежелі оқу орны).

УНИЖА́ТЬ *несов.* хорлау, кеміту, қадірін түсіру, төмендету.

УНИЖА́ТЬСЯ кемітілу, қадірі түсу, өзін кемсіту.

УНИЖЕ́НИЕ кеміту, кемсіну, қорлау, кемшілік, қорлық.

УНИЗА́ТЬ, нижу *сов. см.* **унизывать.**

УНИЗИ́ТЕЛЬНЫЙ, лен қорлайтын, жәбірлейтін.

УНИ́ЗИТЬ, нижу, низишь *сов. см.* **унижать.**

УНИ́ЗИТЬСЯ кемшілік көру, жәбірлену, қорлық көру.

УНИ́ЗЫВАТЬ *несов.* тізіп мәнерлеп тастау.

УНИ́ЗЫВАТЬСЯ тізіліп мәнерлену, әшекейлену.

У́НИК *см.* **уникум.**

У́НИКУМ өте сирек ұшырайтын, кездесе бермейтін (зат).

УНИМА́ТЬ *несов.* тоқтату, жұбату, тыныштандыру, тыю.

УНИМА́ТЬСЯ басылу, тоқталу, басеңдеу, жайлану.

УНИО́Н унион (одақ, бірлестік).

УНИСО́Н (муз.) бір дауысты, бір үнді, әндестік, дауыс қосу.

УНИТА́РНЫЙ унитарлы, бірлескен, біріккен.

УНИФИКА́ЦИЯ унификациялау (біріктіру, бір қалыпқа, бір ізге түсіру).

УНИФИЦИ́РОВАТЬ, рую *сов.* унификация жасау, бір қалыпқа, бір ізге түсіру.

УНИФИЦИ́РОВАТЬСЯ унификациялану; бір қалыпқа, бір түрге түсу.

УНИЧТОЖА́ТЬ *несов.* құрту, жою, қыру, бітіру.

УНИЧТОЖА́ТЬСЯ құртылу, жойылу, қырылу.

УНИЧТОЖЕ́НИЕ жою, қыру, құрту.

УНИЧТО́ЖИТЬ, жу *сов. см.* уничтожать.

УНИЧТО́ЖИТЬСЯ *см.* уничтожаться.

У́НИЯ уния бірлестік, одақ.

УНОСИ́ТЬ, ношу *несов.* алып кету, арызып кету.

УНОСИ́ТЬСЯ *см.* унестись.

У́НТЕР *см.* **унтер-офицер.**

У́НТЕР-ОФИЦЕ́Р унтер-офицер (ескі армияда төмен дәрежелі офицерлік шен).

У́НЦИЯ унция (истор.) (аптекарлық салмақ — 29,86 г).

УНЫВА́ТЬ *несов.* уайымдау, қайғылану, мұңаю, жабығу.

УНЫ́ЛЫЙ, уныл мұңды, қайғылы, уайымды; **уныло** *нар.*

УНЫ́НИЕ қайғы, хасрет, мұң, уайым.

УНЯ́ТЫЙ 1) жуасытылған, тыныштандырылған; 2) *перен.* тыю салынған.

УНЯ́ТЬ, уйму *сов. см.* унимать.

УНЯ́ТЬСЯ жуасу, тыныштану, момақандану.

УПА́ВШИЙ құлаған, құлап түскен.

УПА́Д: до упаду сіле құрығанша.

УПА́ДОК, дка кер кету, еңсесі түсу, төмендеу, құлдырап төмендеу; **у. сил** әлі құру, күші кем; **у. духа** рухы түсу.

УПА́ДОЧНИК түңілген, тауы қайтқан, торыққан.

УПА́ДОЧНИЧЕСТВО торығушылық, түңілушілік, еңсесі түсушілік.

УПА́ДОЧНОСТЬ торыққандық, түңілгендік.

УПА́ДОЧНЫЙ торыққан, еңсесі түскен, жігері құм болған.

УПАКОВА́ТЬ, кую *сов.* орау, буып-түю, байлау (жүкті).

УПАКОВА́ТЬСЯ буылу, оралу, түйілу.

УПАКО́ВКА орау, буу, байлау (жүкті).

УПАКО́ВЩИК, *ж.* упаковщица затты буып түюші (кісі).

УПАКО́ВЫВАТЬ *несов. см.* упаковать.

УПАКО́ВЫВАТЬСЯ *см.* упаковаться.

УПА́РИВАТЬ *несов. см.* упарить.

УПА́РИВАТЬСЯ *см.* упариться.

УПА́РИТЬ, рю *сов.* жұмсату, жібіту; қыйнап, шаршатып терлету; бусандыру (ат).

УПА́РИТЬСЯ қыйналу; шаршап терлеп — тепшу; бусану.

УПАСТЬ, паду *сов.* құлап түсу, жығылу; *перен.* **цены упали** баға кемді; ✦ **у. духом** рухы түсу.

УПЕРЕ́ТЬ, упру *сов.* 1) тіреп қою, сүйеп қою; 2) ұрлау; **у. глаза в кого-нибудь** біреуге қадала қарау.

УПЕРЕ́ТЬСЯ *см.* упираться.

УПИВА́ТЬСЯ *несов.* 1) арақты мас болғанша ішу; 2) қызыққа бату, рахаттану.

УПИРА́ТЬ *несов.* 1) сүйеу, тіреп қою; 2) *перен.* қасарысу.

УПИРА́ТЬСЯ 1) таяну, тірену; 2) табан тіреу, ерегесу, қарысу.

УПИСА́ТЬ, пишу *сов.* 1) сыйыстырып жазу (бір жолға, бір бетке); 2) жеп қою.

УПИСА́ТЬСЯ сыйыстырып жазу.

УПИ́СЫВАТЬ *несов. см.* уписать.

УПИ́СЫВАТЬСЯ *см.* **уписаться.**

УПИ́ТАННОСТЬ семіздігі.

УПИ́ТАННЫЙ, тан семіз, күйлі.

УПИ́ТЬСЯ, пьюсь *сов.* сусындау, қану.

УПИХА́ТЬ *сов.* тығып, тықпалап сыйғызу, сыйыстыру.

УПИ́ХИВАТЬ *несов. см.* **упихать.**

УПИ́ХИВАТЬСЯ тығылу, кіргізілу, сұғылу.

УПИХНУ́ТЬ, ну *сов. см.* **упихать.**

УПЛА́ТА төлеу; **у. в рассрочку** бөліп-бөліп төлеу.

УПЛАТИ́ТЬ, плачу *сов.* төлеу, төлеп құтылу.

УПЛА́ЧИВАТЬ *несов. см.* **уплатить.**

УПЛЕСТИ́, плету *сов.* өру, өріп қаптау, тығыз өру (шашты).

УПЛЕСТИ́СЬ ілбіп, жылжып, ақырындап кетіп қалу.

УПЛЕТА́ТЬ *несов. см.* **уплести.**

УПЛЕТА́ТЬСЯ *см.* **уплестись.**

УПЛОТНЕ́НИЕ тығыздау, сығылыстыру, қатайту; **у. рабочего времени** жұмыс уақытын толық пайдалану.

УПЛОТНИ́ТЬ, ню *сов. см.* **уплотнение.**

УПЛОТНИ́ТЬСЯ тығыздалу, тарылу, қатаю, жиілену.

УПЛОТНЯ́ТЬ *несов. см.* **уплотнить.**

УПЛОТНЯ́ТЬСЯ *см.* **уплотниться.**

УПЛЫВА́ТЬ *несов.* жүзіп кету, жағадан жүзіп кету; *перен.* алысқа кету, өту (уақыт, өмір); жұмсалып біту (ақша); **не мало времени уплыло с тех пор** сонан бері көп уақыт өтіп кетті.

УПЛЫ́ТЬ, плыву *сов. см.* **уплывать.**

УПОВА́НИЕ (устар.) үміт, сенім; үміт ету; бел байлау.

УПОВА́ТЬ *несов.* (устар.) үміт қылу, сену; бел байлау.

УПОДО́БИТЬ, блю *сов.* ұқсату (біреуге, яки бір затқа).

УПОДО́БИТЬСЯ ұқсау.

УПОДОБЛЕ́НИЕ ұқсату, ұсау (бір нәрсеге).

УПОДОБЛЯ́ТЬ *несов. см.* **уподобить.**

УПОДОБЛЯ́ТЬСЯ *см.* **уподобиться.**

УПОЕ́НИЕ шаттану, рахаттану.

УПОЕ́ННЫЙ, ён қанықтырылған; рахаттандырылған.

УПОИ́ТЕЛЬНОСТЬ қанықтыратындық; шаттандыратындық; рахаттанарлық, қызығарлық.

УПОИ́ТЕЛЬНЫЙ, лен шаттандыратын; рахаттандыратын; қызықтыратын; өте жақсы, артық зейнетті; **упоительно** *нар.*

УПОИ́ТЬ, упою *сов.* 1) қанғанша ішкізу, мас болғанша ішкізу; 2) шаттандыру, рахаттандыру, қызықтыру.

УПОКОЕ́НИЕ (устар.) тыныштандыру, тыныштық беру; тыныштану, тыныштық алу.

УПОКО́ИТЬ, кою *сов.* (устар.) тыныштандыру, тыныштық беру.

УПОКО́ИТЬСЯ 1) тыныштану, тыныштық алу; 2) жаны жай табу (өлген, көмілген адам т.)

УПОКО́Й *см.* **упокоение.**

УПОЛЗА́ТЬ *несов.* жылжып кету, жорғалап кетіп қалу, еңбектеп кетіп қалу.

УПОЛЗТИ́, зу *сов. см.* **уползать.**

УПОЛНОМА́ЧИВАТЬСЯ *см.* **уполномочиваться.**

УПОЛНОМО́ЧЕННЫЙ уәкіл, уәкілдік алған (кісі).

УПОЛНОМО́ЧИВАТЬ *несов.* уәкідік беру.

УПОЛНОМО́ЧИВАТЬСЯ уәкілдік беріп жіберілу.

УПОЛНОМО́ЧИЕ уәкілдік.

УПОЛНОМО́ЧИТЬ, чу *сов. см.* **уполномочивать.**

УПОЛО́ВНИК ұзын сапты шөміш, ожау.

УПОМИНА́НИЕ еске салу, еске түсіру, ескеру.

УПОМИНА́ТЬ *несов.* есіне салу, қатеріне түсіру.

УПОМИНА́ТЬСЯ есіне түсу; ескерілу; айтыла кетілу.

УПО́МНИТЬ, ню *сов.* есінде сақталу, ұмытпау.

УПОМЯ́НУТЫЙ көрсетілген, айтылған.

УПОМЯНУ́ТЬ, ну *сов. см.* **упоминать.**

УПО́Р 1) қарсылық, қарсы тұру; 2) таяныш, тірек; **стрелять в у.** тіреп тұрып ату.

УПО́РНЫЙ, рен қажымас, қажырлы, тайсалмайтын, қарыспа;

упорно *нар.* тіресіп, қарысып, қайсарланып.

УПО́РСТВО қайраттылық, тайсалмау, қарысу.

УПО́РСТВОВАТЬ, ствую *несов.* қайсарысу, тайсалмау, бетінен қайтпау.

УПОРХНУ́ТЬ, ну *сов.* 1) пыр етіп ұшу, пыр етіп ұшып кету; 2) *перен.* жылдам, шапшаң кету, қашып кету.

УПОРЯ́ДОЧЕНИЕ тәртіпке салу, ретке салу.

УПОРЯ́ДОЧИВАТЬ *несов. см.* упорядочить.

УПОРЯ́ДОЧИВАТЬСЯ тәртіпке түсу, белгілі тәртіппен істеу.

УПОРЯ́ДОЧИТЬ, чу *сов.* ретке салу, түзеу, орындау, жөнге келтіру.

УПОРЯ́ДОЧИТЬСЯ *см.* упорядочиваться.

УПОТРЕБИ́ТЕЛЬНЫЙ, лен тұтынылатын, тұтынатын, қолданылатын.

УПОТРЕБИ́ТЬ, блю *сов.* тұтыну, қолдану, жарату.

УПОТРЕБЛЕ́НИЕ қолдану, жарату, тұтыну, пайдалану.

УПОТРЕБЛЯ́ТЬ *несов. см.* употребить.

УПОТРЕБЛЯ́ТЬСЯ пайдаланылу, тұтынылу, қолданылу.

УПО́ТЧЕВАТЬ, чую *сов.* сыйлау, тойғанынша жегізу.

УПРА́ВА басқарма, басқару мекемесі; **городская у.** (истор.) қаланы басқару мекемесі.

УПРАВДО́М (управляющий домом) үй басқарушы.

УПРАВИ́ТЕЛЬ, *ж.* **управительница** (истор.) басқарушы, мекеме бастығы.

УПРА́ВИТЬ, влю *сов. к* управлять.

УПРА́ВИТЬСЯ қолынан келу, басқара алу, тәртіпке салу.

УПРАВЛЕ́НИЕ 1) басқару, басқарма; 2) меңгеру, бағындыру.

УПРАВЛЯ́ТЬ *несов.* басқару, меңгеру; **у. автомобилем** автомобильді жүргізу; **у. хозяйством** шаруашылықты басқару.

УПРАВЛЯ́ТЬСЯ әлінен келу, қолынан келу, болдыра алу, басқара алу, тәртіпке келтіру.

УПРАВЛЯ́ЮЩИЙ *род. п.* щего, *сущ.* бастық, басқарушы; **управделами (у. делами)** іс басқарушы.

УПРАЖНЕ́НИЕ жаттығу.

УПРАЖНЯ́ТЬ *несов.* үйрету, баулау, жаттықтыру.

УПРАЖНЯ́ТЬСЯ үйрену, жаттығу.

УПРАЗДНЕ́НИЕ жою, бітіру, жабу, тарату.

УПРАЗДНИ́ТЬСЯ таралу, босатылу, жойылу.

УПРАЗДНЯ́ТЬ *несов. см.* упразднить.

УПРАЗДНЯ́ТЬСЯ *см.* упраздниться.

УПРА́ШИВАТЬ *несов.* жалыну, өтіну, сұрану.

УПРЁК кіна, ұрсу, сөгу.

УПРЕКА́ТЬ *несов.* сөгу, кіналау, ұрсу, айыптау.

УПРЕКНУ́ТЬ, ну *сов. см.* упрекать.

УПРЕ́ТЬ *сов.* 1) елжіреп пісу; 2) пысынап терлеу.

УПРОСИ́ТЬ, прошу *сов.* сұрау, жалынып көндіру; **насилу его упросили** оны әрең көндірдік.

УПРОСТИ́ТЬ, прощу *сов. см.* упрощать.

УПРОСТИ́ТЬСЯ жеңілдену, оңайлану.

УПРОЧЕ́НИЕ нығайту, беркіту, тыянақты ету.

УПРО́ЧИВАТЬ *несов. см.* упрочить.

УПРО́ЧИВАТЬСЯ *см.* упрочиться.

УПРО́ЧИТЬ, чу *сов.* нығайту, тұрақты, жыйнақты, орнықты ету, бекіту.

УПРО́ЧИТЬСЯ баяңды, тыянақты болу, бекуу.

УПРОЩА́ТЬ *несов.* жеңілдету, оңайлату.

УПРОЩА́ТЬСЯ *см.* упроститься.

УПРОЩЕ́НИЕ жеңілдету, оңайлату, жабайы, жай.

УПРУ́ГИЙ, руг серпінді, сығылмалы; **упругое тело** серпінді зат (дене).

УПРУ́ГОСТЬ серпімділік сығылмалылық.

УПРЯ́ЖКА 1) жегулі ат, арба; 2) жегу әбзелдері (қамыт доға т. б.); 3) жегуге керекті жабдық.

УПРЯЖНО́Й *прил. к* **упряжь**; **упряжная лошадь** жегілетін ат, арбаның аты.

У́ПРЯЖЬ *ж.* жегу әбзелдері.

УПРЯ́МЕЦ, мца, *ж.* **упрямица** қыйсық, қыңыр, қырсық кісі.

УПРЯ́МИТЬСЯ, млюсь *сов.* қыйсайып көнбеу, қыңыраю, қасару.

УПРЯ́МСТВО қыйсықтық, қасарыштық, қыңырлық.

УПРЯ́МСТВОВАТЬ, ствую *несов.* қарысу, қыңыраю, қасару.

УПРЯ́МЫЙ, упрям қырсық, қарыспа, қыңыр; **упрямо** *нар.*

УПРЯ́ТАТЬ, прячу *сов.* тығу, жасыру.

УПРЯ́ТАТЬСЯ тығылу, жасырыну.

УПРЯ́ЧЬ, прягу, пряжёшь *сов.* жегу (атты).

УПУСКА́ТЬ *несов.* қолдан шығарып алу, айырылып қалу; **у. из виду** көз жазып қалу, ұмытып кету, ойынан шығару.

УПУСКА́ТЬСЯ қолдан шығып кету, айырылып қалу, көз жазып қалу, естен шығарып алу.

УПУСТИ́ТЬ, пущу *сов. см.* **упускать.**

УПУ́ТАТЬ *сов.* шырмап, орап байлап тастау.

УПУ́ТЫВАТЬ *несов. см.* **упутать.**

УПУ́ТЫВАТЬСЯ оралу, шырмалу, байлану.

УПУЩЕ́НИЕ байқамай қалу, естен шығу, орындалмай қалу.

УРА́ *междом.* ура! (ұран, ұрандау).

УРАВНЕ́НИЕ 1) теңістеу; 2) теңдестіру, теңдеу.

УРА́ВНИВАТЬ теңістеу, бірдейлеу.

УРА́ВНИВАТЬСЯ теңелу, бірдейлену, теңдесу.

УРАВНИ́ЛОВКА теңдейлік (жұмыс сапасына, санына қарамай, бірдей бағалау).

УРАВНИ́ТЕЛЬНЫЙ теңейтін, барабарлайтын, бірдей қылатын.

УРАВНОВЕ́СИТЬ, вешу *сов.* теңгеру (ауырлығын), тең өлшеу.

УРАВНОВЕ́СИТЬСЯ тең өлшенілу, теңгерілу.

УРАВНОВЕ́ШЕННОСТЬ өзін-өзі ұстай алатындық, салмақтылық (мінез-құлқы).

УРАВНОВЕ́ШЕННЫЙ, шен 1) тең өлшенген, теңгерілген; 2) өзін ұстай білетін, салмақты (адам).

УРАВНОВЕ́ШИВАТЬ *несов. см.* **уравновесить.**

УРАВНОВЕ́ШИВАТЬСЯ *см.* **уравновеситься.**

УРАВНЯ́ТЬ *сов. см.* **уравнивать.**

УРАВНЯ́ТЬСЯ *см.* **уравниваться.**

УРАГА́Н қатты дауыл.

УРАГА́ННЫЙ *прил.* **к ураган**; *перен.* **у. огонь** бората оқ жаудыру.

УРАЗУМЕ́ТЬ *сов.* ақгару, жете түсіну.

УРА́Н, уранный уран (металл).

УРА́НОВЫЙ уранан істелген.

УРБАНИЗА́ЦИЯ урбанизация (капиталистік елдерде қалалардың ірі маңызды ордаға айналушылығы).

УРБАНИ́ЗМ урбанизм (ірі қалаларды ғана өсіре беруді көксейтін буржуазиялық ағым).

УРВА́ТЬ, ву *сов.* жұлып алу; *перен.* уақыт табу.

УРВА́ТЬСЯ ептеп уақыт табу.

УРЕГУЛИ́РОВАТЬ, рую *сов.* реттеу, жөнге салу, тәртіптеу.

УРЕГУЛИ́РОВАТЬСЯ реттелу, жөнделу, жөнге салыну.

УРЕ́ЗАТЬ, режу *сов.* кесіп кішірейту, қысқарту; *перен.* кемітү, азайту.

УРЕЗА́ТЬ *несов. см.* **уре́зать.**

УРЕ́ЗАТЬСЯ *см.* **уре́зываться.**

УРЕ́ЗКА кесу, қысқарту, азайту.

УРЕ́ЗНИК етікшінің пышағы.

УРЕЗО́НИВАТЬ *несов.* дәлелдеп сендіру, түсіндіру.

УРЕЗО́НИВАТЬСЯ сену, көну, түсіну.

УРЕЗО́НИТЬ, ню *сов. см.* **урезонивать.**

УРЕ́ЗЫВАТЬ *несов.* кесіп кемі-ту, қысқарту, азайту.

УРЕ́ЗЫВАТЬСЯ 1) кесіліп кемітілу, қысқартылу; 2) *перен.* кемітілу, азайтылу.

УРЕМА́ и **урёма** (обл.) өзен алабында өсетін уақ ағаштар.

УРЕМИ́Я (мед.) уремия (қан сию ауруы).

УРМА́Н орман.

У́РНА урна 1) өлік сүйегінің күлін салатын жәшік; 2) сайлау жәшігі (жасырын дауыс үшін); қоқыр-соқыр салатын ыдыс.

У́РОВЕНЬ, вня *м.* 1) ватерпас тегістікті өлшейтін құрал; 2) **у. воды** су беті деңгейі; 3) дәреже саты; **у. знаний** білім дәрежесі; **довоенный у.** соғысқа дейінгі дәрежесі, күйі.

УРОВНЯ́ТЬ *сов.* тегістеу, бірдейлеу.

УРОВНЯ́ТЬСЯ тегістелу, бірдей болу.

УРО́Д 1) жарым-жан, мүгедек; 2) жаман көрікті, келбетсіз.

УРО́ДЕЦ, дца *см.* **урод.**

УРОДИ́ТЬ, рожу, родишь *сов.* 1) өнім беру, шығым беру (егін, жеміс); 2) тудыру.

УРОДИ́ТЬСЯ 1) өну, шығу (егін); 2) туу, өсу (бала).

УРО́ДЛИВОСТЬ зағыптық, жарым-жандық, мүгедектік.

УРО́ДЛИВЫЙ, **лив** жарымжан, мүгедек, сұмпайы; **уродливо** *нар.*

УРО́ДОВАТЬ, дую *несов.* 1) мүшесіне зақым келтіру, мүгедек қылу; 2) сыйқын бұзу, ажарын кетіру.

УРО́ДОВАТЬСЯ 1) жарымжандану, мүгедектену; 2) сыйықсыздану, келбетсіздену.

УРО́ДСТВО *см.* **уродливость.**

УРОЖА́Й түсім, өнім (егін, жеміс); **у. хлеба** егіннің өнімі.

УРОЖА́ЙНОСТЬ шығымдылық, өнімділік.

УРОЖА́ЙНЫЙ егін, бітік шығымды.

УРОЖДЁННАЯ 1) туған, туылған; 2) тумысына қарай.

УРОЖДЁННЫЙ 1) енген, шыққан; 2) туысына қарай.

УРОЖЕ́НЕЦ, нца, *ж.* **уроженка** туған, туған жері; **у. Москвы** Москвада тұған.

УРО́К сабақ; **у. истории** тарих сабағы; **пусть это будет для вас у.** осы сізге сабақ болсын.

УРО́ЛОГ (мед.) уролог, жыныс мүшелерінің ауруларын қарайтын маман, дәргер.

УРОЛО́ГИЯ (мед.) урология (жыныс мүшелері ауруларын зерттейтін ғылым).

УРО́Н зор шығын, үлкен зиян, қаза, апат.

УРОНИ́ТЬ, ню *сов.* түсіріп алу, құлатып алу; *перен.* айту, сөйлеу.

УРОТРОПИ́Н (хим. и мед.) уротропин (порошок тәрізді үрпіге дезенфекция жасайтын зат).

УРО́ЧИЩЕ мекен, орын, учаске.

УРО́ЧНЫЙ *прил. к* **урок**; **урочное время** сабақ мезгілі, жұмыс мезгілі; **урочное положение** жұмыс уақытын белгілейтін ереже.

УРЧА́НИЕ қорылдау, бырылдау, ырылдау, құрқылдау.

УРЧА́ТЬ *несов.* сыбдырлау, сырылдау, қорылдау, ырылдау.

УРЫВА́ТЬСЯ *см.* **урваться.**

УРЮ́К өрік.

УРЯ́ДНИК (истор.) урядник (патшалы Ресейде полиция шені).

УСА́ДЕБНЫЙ *прил. к* **усадьба**; **у. участок** қорық жер.

УСАДИ́ТЬ, сажу *сов. см.* **усаживать.**

УСА́ДЬБА қора-қопсы, үй айналасы, бау-бақша.

УСА́ЖИВАТЬ *несов.* отырғызу, егу.

УСА́ЖИВАТЬСЯ отыру, жайғасып отырысу.

УСА́ТЫЙ мұртты.

УСА́Ч 1) қаяз (балық); 2) ұзын мұртты кісі; 3) қоңыздың бір түрі.

УСВА́ИВАТЬ үйрену, көңілге тоқу, сіңіру; **у. знания** білімді көңілге тоқу; **у. обычай** салт, әдеттерді үйреніп алу; **у. пищу** асты сіңіру.

УСВА́ИВАТЬСЯ көңілге тоқылу, сіңу.

УСВОЕ́НИЕ үйрену, көңілге тоқу, сіңіру.

УСВО́ИТЬ, ою *сов. см.* **усваивать.**

УСВОЯ́ЕМОСТЬ түсінуге, ұғынуға оңай көңілге тоқылуы; сіңімділік.

УСВОЯ́ЕМЫЙ көңілге тоқылатын, сіңірілетін.

УСЕ́ИВАТЬ *несов. см.* усеять.

УСЕКА́ТЬ *несов.* кесіп алу, кесіп қысқартып тастау.

УСЕКА́ТЬСЯ кесілу, кесіліп қысқартылу.

УСЕ́РДИЕ ынта.

УСЕ́РДНЫЙ, деи ынталы; усердно *нар.*

УСЕ́РДСТВОВАТЬ, ствую *несов.* ынталану.

УСЕ́СТЬСЯ, уся́дусь *сов. см.* **усаживаться.**

УСЕЧЕ́НИЕ кесіп алу, қыйып, тіліп алу.

УСЕЧЁННЫЙ кесіп алынған, қыйық; **усечённая призма** (геом.) қыйық призма.

УСЕ́ЧЬ, усеку *сов. см.* усекать.

УСЕ́ЯТЬ, усею *сов.* шашыратып себу, қаптатып шашу, үстінен шашып себу.

УСЕ́ЯТЬСЯ шашылу.

УСИДЕ́ТЬ, усижу *сов.* отыруға төзу, шыдап отыру.

УСИ́ДЧИВОСТЬ ерінбей істеушілік, еңбек сүйгіштік, шыдамдылық, табандылық (отырып істейтін жұмыстардан).

УСИ́ДЧИВЫЙ, чив еңбек сүйгіш, ерінбейтін, түзімді; **усидчиво** *нар.*

У́СИКИ, ов *мн., ед.* усик *м.* усақ жәндіктердің мурты.

УСИЛЕ́НИЕ күшейту, нығайту, күшею, нығаю; **у. ветра** желдің күшеюі.

УСИ́ЛЕННЫЙ күшейтілген, үлкейтілген; **усиленное питание** күшті тамақ; усиленно *нар.*

УСИ́ЛИВАТЬ *несов.* күшейту, нығайту, арттыру.

УСИ́ЛИВАТЬСЯ күшею, нығаю, арта беру.

УСИ́ЛИЕ күш салу, тырысу.

УСИЛИ́ТЕЛЬ *м.* нығайтқыш, күшейткіш; **у. звуков** дауысты күшейткіш.

УСИ́ЛИТЬ, лю *сов.* күшейту, нығайту; **у. работу** жұмысты күшейту.

УСИ́ЛИТЬСЯ күшею; **движение усилилось** қозғалыс күшейді; **усилилась болезнь** ауру ұлғайды.

УСКАКА́ТЬ, качу *сов.* шауып кету.

УСКА́ЛЬЗЫВАТЬ *несов. см.* ускользать.

УСКОЛЬЗА́ТЬ *несов.* сырғанап кету, тайып кету, жылжып кету.

УСКОЛЬЗНУ́ТЬ *сов. см.* ускользать.

УСКОРЕ́НИЕ жылдамдату, тездету, шапшаңдату, үдеме.

УСКОРИ́ТЕЛЬНЫЙ шапшаңдататын, тездететін, жылдамдататын.

УСКО́РИТЬ, рю *сов.* жылдамдату, тездету, асықтыру, шапшаңдату.

УСКО́РИТЬСЯ тез, жылдам, шапшаң болу.

УСКОРЯ́ТЬ *несов. см.* **ускорить.**

УСКОРЯ́ТЬСЯ *см.* **ускориться.**

УСЛА́ВЛИВАТЬСЯ *см.* **условливаться.**

УСЛА́ДА рахат, тәтті.

УСЛАДИ́ТЕЛЬНЫЙ, лен рахаттандыратын; зауықтандыратын, әсерлендіретін, жанын жай таптыратын.

УСЛАДИ́ТЬ, лажу, ладишь *сов.* рахаттандыру, жанын жай таптыру, зауықтандыру.

УСЛАДИ́ТЬСЯ *см.* **услаждаться.**

УСЛАЖДА́ТЬ *несов. см.* **усладить.**

УСЛАЖДА́ТЬСЯ рахаттану, жаны жай табу, зауықтану.

УСЛА́ТЬ, ушлю *сов.* жұмсау, жіберу.

УСЛЕДИ́ТЬ, лежу, ледишь *сов.* аңду, бақылау.

УСЛЕ́ЖИВАТЬ *несов. см.* **уследить.**

УСЛО́ВИЕ келісім, шарт, уәде, серт; **условия уговора** келісім шарттары; **условия жизни** тұрмыс жағдайы; **у. задачи** есептің шарты; **при прочих равных условиях** басқа шарттары бірдей болған жағдайда.

УСЛО́ВИТЬСЯ, влюсь, вишься *сов.* уәделесу, шарттасу, келісу.

УСЛО́ВЛИВАТЬСЯ *несов. см.* условиться.

УСЛО́ВНОСТЬ шарттылық, сөз байласқандық.

УСЛО́ВНЫЙ: **условное наказание** шартты жаза; **условное наклонение** (грам.) шартты рай; **условно** *нар.*

УСЛОЖНЕ́НИЕ қыйындалу, күрделену.

УСЛОЖНЕ́ННЫЙ қыйындатылған.

УСЛОЖНИ́ТЬ, ню *сов.* қыйындату.

УСЛОЖНИ́ТЬСЯ қыйындатылу.

УСЛОЖНЯ́ТЬ *несов. см.* усложнить.

УСЛОЖНЯ́ТЬСЯ *см.* усложниться.

УСЛУ́ГА қызмет, жәрдем, қолғабыс; ✦ **к вашим услугам** айтқаныңызды орындауға дайынмын; **у. за услугу** біреудің істегенін істеп қайыру; **оказать услугу** жәрдем ету, көмектесу.

УСЛУЖЕ́НИЕ қызмет сіңіру, жалдану.

УСЛУ́ЖИВАТЬ *несов.* қызмет сіңіру, жәрдем ету, болысу.

УСЛУЖИ́ТЬ, жу *сов. см.* услуживать.

УСЛУ́ЖЛИВОСТЬ қол қабыс тигізушілік, жәрдем еткіштік.

УСЛУ́ЖЛИВЫЙ, лив жәрдем еткіш, болысқыш; **услужливо** *нар.*

УСЛЫХА́ТЬ, слышу *сов. см.* услышать.

УСЛЫ́ШАТЬ, слышу *сов.* есіту, хабарлану; сезу.

УСМА́ТРИВАТЬ *несов.* 1) көріп алу, бағу, бақылау, күзету; 2) анығын білу, тағайындау.

УСМА́ТРИВАТЬСЯ 1) көрінү, бақылану; 2) көрініп қалу, көзге түсіп қалу.

УСМЕХА́ТЬСЯ *несов.* сықақ қылу, келемеждеу.

УСМЕХНУ́ТЬСЯ, нусь *сов.* күлкі ету, келемеждеу, сықақтау.

УСМЕ́ШКА күлімсіреу, жымыю.

УСМИРЕ́НИЕ жуасыту, басу, тоқтату, тыю; **у. мятежа** бүлікті басу.

УСМИРЕ́ТЬ *сов.* (устар.) *см.* усмириться.

УСМИРИ́ТЕЛЬ, *ж.* усмирительница жұмсатушы, жуасытушы.

УСМИРИ́ТЬ, рю *сов.* жуасыту, басу, тыныштандыру.

УСМИРИ́ТЬСЯ *сов.* жуасу, басылу, тыныштану.

УСМИРЯ́ТЬ *несов. см.* усмирить.

УСМИРЯ́ТЬСЯ *см.* усмириться.

УСМОТРЕ́НИЕ қарау; **на его у.** оның қарауына, шешуіне.

УСМОТРЕ́ТЬ, рю *сов. см.* усматривать.

УСНАСТИ́ТЬ, снащу *сов.* әдемілеу, безендіру.

УСНАЩА́ТЬ *несов. см.* уснастить.

УСНАЩА́ТЬСЯ безену, әдемілену.

УСНУ́ТЬ, ну *сов.* қалғып кету, ұйқтап кету; ✦ **у. навеки или вечным сном** өлу, қаза табу.

УСО́БИЦА (устар.) өз ара араздық, керілдесу.

УСОВЕРШЕ́НСТВОВАНИЕ жетілдіру, жетілу, жақсару, кемеліне келтіру.

УСОВЕРШЕ́НСТВОВАННОСТЬ кемеліне келгендік, жетіскендік, толғандық.

УСОВЕРШЕ́НСТВОВАННЫЙ, вован кемеліне келген, жетіскен, толған.

УСОВЕРШЕ́НСТВОВАТЬ, ствую *сов.* кемеліне келтіру, жетістіріп толықтыру, білімін толықтыру.

УСОВЕРШЕ́НСТВОВАТЬСЯ кемеліне келу, жетісу, толығу.

УСО́ВЕСТИТЬ, вещу *сов.* ұялту, ұялтып жөнге салу.

УСО́Л тұздау.

УСОЛИ́ТЬ, лю *сов.* тұздау.

УСОЛИ́ТЬСЯ тұздалу.

УСОМНИ́ТЬСЯ и усумни́ться, мнюсь *сов.* дүдәмалану, шектену, шүбалану.

УСО́ПШИЙ *род. п.* ого, *сущ.* (устар.) өлген, марқұм, өлі, өлік.

УСО́ХНУТЬ, ну *сов. см.* усыхать.

УСПЕВА́ЕМОСТЬ оқушылардың үлгіру дәрежесі.

УСПЕВА́ТЬ *несов.,* **успеть** *сов.* үлгіру, жетісу, уақытынан қалмай үлгіру; **успел написать** жазып үлгірді.

УСПЕВА́ЮЩИЙ *род. п.* его, *сущ.*

үлгіруші, уақытынан қалдырмай бітіруші; **у. ученик** сабақты жақсы оқыйтын шәкірт.

УСПЕ́ТЬ *сов. см.* **успевать.**

УСПЕ́Х табыс, жетістік; **у. в работе** жұмысында табысты болу; **книга имела большой у.** кітап жұртқа ұнамды болды; **ученик имеет хорошие успехи** оқушы оқыйды.

УСПЕ́ШНОСТЬ табыстылық, жетіскендік.

УСПЕ́ШНЫЙ, шен табысты жетісу, алғыр; **успешно** *нар.*

УСПОКА́ИВАТЬ *несов.*, **успокоить** *сов.* жұбату, тыныштандыру, жайландыру.

УСПОКА́ИВАТЬСЯ, успоко́иться 1) жұбану, жайлану, тыну; **успокойтесь, дети!** тыныштаныңдар балалар! 2) бәсеңдету; 3) бағыну, жуасу, тыйылу.

УСПОКА́ИВАЮЩИЙ: успокаивающие средства тыншытатын, ауырғанын қойғызатын шара (дәрі).

УСПОКОЕ́НИЕ тыныштандыру, тыныштану, жайлану, жайландыру, жұбату, жұбану.

УСПОКОИ́ТЕЛЬНЫЙ, лен тыныштандырғыш, жайландырғыш; **успокоительно** *нар.*

УСПОКО́ИТЬ *сов. см.* **успокаивать.**

УСПОКО́ИТЬСЯ *см.* **успокаиваться.**

УСТА́, уст *мн.* (устар.) ауыз; **из уст в у.** біреуден біреуге, бірденбірге.

УСТА́В устав жол-жоба; **у. партии** партияның уставы; **примерный у.** үлгілі устав.

УСТАВА́ТЬ, таю *несов.* шаршау, қалжырау, болдыру.

УСТА́ВИТЬ, влю *сов.* орналастырып қою, толтырып қою; ✦ **у. глаза** қарау, тесіле қарау.

УСТА́ВИТЬСЯ 1) орналасу, сыйысу; 2) үңіле қарау, көз айырмай қарау.

УСТАВЛЯ́ТЬ *несов. см.* **уставить.**

УСТАВЛЯ́ТЬСЯ *см.* **уставиться.**

УСТА́ИВАТЬСЯ *несов.* тұндырылу, тыну.

УСТА́ЛОСТЬ шаршау, болдыру.

УСТА́ЛЫЙ шаршаған, қалжыраған; **устало** *нар.*

У́СТАЛЬ *ж.* шаршау, қалжырау; **без устали** шаршамай шалықпай; **он не знает устали** ол шаршауды білмейді.

УСТАНА́ВЛИВАТЬ *несов. см.* **установить.**

УСТАНА́ВЛИВАТЬСЯ *см.* **установиться.**

УСТАНОВИ́ТЬ, влю *сов.* к **устанавливать** и **установлять;** 1) анықтау; 2) орнату; **у. машину** машинаны құру; **у. порядок** тәртіп орнату; 3) белгілеу; **у. плату** ақы белгілеу; 4) тағайындау; **у. основные принципы** негізгі принциптерін белгілеу; **у. определенный взнос** белгілеу жарна тағайындау.

УСТАНОВИ́ТЬСЯ күшіне келу, нығайтылу, орнатылу, туу (тыныштық); бір қалыпқа келу; **зима установилась** қыс түсті.

УСТАНО́ВКА 1) орын-орнына қою; 2) **силовая у.** күш машинасы құрылысы (механизм); 3) бағдар; **иметь установку на что-либо** бір нәрсеге бет түзеу, бет бұру; **политическая у.** саясы бағдар.

УСТАНОВЛЕ́НИЕ 1) анықтау, орналастыру, құру; 2) белгілеу, айқындау.

УСТАНО́ВЛЕННЫЙ анықталған, белгіленген, бекілген.

УСТАНОВЛЯ́ТЬ *несов.* к **установить** *см.* **устанавливать.**

УСТАНОВЛЯ́ТЬСЯ *см.* **установиться.**

УСТАНО́ВОЧНЫЙ қою, орнату, керекті; жобалық, нұсқалық.

УСТАРЕ́ЛЫЙ көнерген, ескірген, тозған, істен шыққан; **у. взгляд** ескіліктi көз қарас.

УСТАРЕ́ТЬ *сов.* 1) қартаю; 2) өте ескіру, тозу.

УСТА́ТЬ, стану *сов.* шаршау, болдыру, қалжырау.

УСТЕЛИ́ТЬ, лю *сов. см.* **устлать.**

УСТЕЛИ́ТЬСЯ төселу, жайылу.

УСТЕРЕ́ЧЬ, регу *сов.* сақтау, сақтап алып қалу.

УСТЕРЕ́ЧЬСЯ сақтанып қалу, сақтану, қорғану.

УСТИЛА́ТЬ *несов.* төсеу, жаю.

УСТИЛА́ТЬСЯ төселу, жайылу.

УСТЛА́ТЬ, стелю *сов. см.* **устилать.**

У́СТНЫЙ ауызша сөзбен, ауызекі; **устное приказание** ауыз-екі бұйрық; **устно** *нар.*

УСТО́Й 1) бағана, тіреу; 2) *перен.* негізгі басы; 3) сүт бетінің қаймағы.

УСТО́ЙЧИВОСТЬ орнықтылық, беріктік, мықтылық, тұрақтылық; **у. цен** бағаның тұрақтылығы.

УСТО́ЙЧИВЫЙ, чив орнықты, берік, тұрақты; *перен.* сенімді, табанды; **устойчиво** *нар.*

УСТОЯ́ТЬ, стою *сов.* тура алу, шыдау, төтеп беру; **у. против кого, чего-либо** қарсы тұра алу; **у. на ногах** аяғын басып тұра алу, жығылмау.

УСТОЯ́ТЬСЯ *сов. см.* **устаиваться.**

УСТРА́ИВАТЬ *несов.* орналастыру, жайғастыру.

УСТРА́ИВАТЬСЯ *см.* **устроиться.**

УСТРАНЕ́НИЕ 1) алып тастау, шетке итеру; жою; 2) болдырмау (кемшілікті); қызметтен алу.

УСТРАНИ́ТЬ, ню *сов.* алып тастау; тайдыру, жою, шеттету; **у. с дороги** жолдан алып тастау; **у. недостатки** кемшіліктерді жою.

УСТРАНИ́ТЬСЯ шеттеу, тысқары болу, аулақ жүру, бас алып қашу.

УСТРАНЯ́ТЬ *несов. см.* **устранить.**

УСТРАНЯ́ТЬСЯ *см.* **устраниться.**

УСТРАША́ТЬ *несов.* қорқыту, шошыту.

УСТРАША́ТЬСЯ *несов.* қорқу, зәресі кету, шошу.

УСТРАШЕ́НИЕ қорқыту, үрейлену, зәресін алу, шошыту.

УСТРАШИ́ТЬ, шу *сов.* қорқыту, үркіту, зәресін алу, үрейін ұшыру.

УСТРАШИ́ТЬСЯ *см.* **устрашаться.**

УСТРЕМИ́ТЬ, млю, мишь *сов.* аудару, қою (ат қою); **у. взоры** назарын салу, көз жіберу.

УСТРЕМИ́ТЬСЯ *сов.* қозғалу, ұмтылу.

УСТРЕМЛЕ́НИЕ ұмтылу, талаптану; мақсат, ниет, тілек.

УСТРЕМЛЕ́ННОСТЬ бағыт, беталыс.

УСТРЕМЛЁННЫЙ, лён ұмтылған; көз жіберілген.

УСТРЕМЛЯ́ТЬ *несов. см.* **устремить.**

УСТРЕМЛЯ́ТЬСЯ *см.* **устремиться.**

У́СТРИЦА устрица (теңіз жәндігі).

УСТРОИ́ТЕЛЬ, *ж.* **устроительница** жасаушы, істеуші, түзеуші, жөндеуші.

УСТРО́ИТЬ *сов. см.* **устраивать.**

УСТРО́ИТЬСЯ жайғасу, орналасу, тұрмыс жөндеу.

УСТРО́ЙСТВО құру, жасау (мыс. үйді); тәртіпке келтіру; **у. машины** машинаның құрылысы.

УСТУ́П, тұмсық, шығып тұрған жері.

УСТУПА́ТЬ *несов. см.* **уступить.**

УСТУПИ́ТЬ, плю *сов.* беру, қию; көңілін қайтармау; бағасын түсіру, бағаны кеміту; **у. дорогу** жол беру; **он уступил мне книгу** ол маған кітабын берді.

УСТУ́ПКА көну, жол беру, бағаны кеміту.

УСТУ́ПЧИВОСТЬ көнгіштік.

УСТУ́ПЧИВЫЙ көнгіш; **у. человек** көнгіш адам.

УСТЫДИ́ТЬ, стыжу *сов.* ұялту.

УСТЫДИ́ТЬСЯ ұялу, қысылу; **у. своих поступков** өз қылығынан ұялу.

У́СТЬЕ 1) саға (өзен); 2) шығатын есік, ауыз; **у. шахты** шахтаның ауызы.

У́СТЬИЦЕ *уменьш.* 1) саға (өзеннің); 2) (бот.) жапрақтың саңлауы.

УСУГУБИ́ТЬ, блю, бишь *сов.* ұлғайту, тереңдету, күшейту.

УСУГУБИ́ТЬСЯ ұлғаю, тереңдеу, күшею.

УСУГУБЛЯ́ТЬ *несов. см.* **усугубить.**

УСУГУБЛЯ́ТЬСЯ *см.* **усугубиться.**

УСУМНИ́ТЬСЯ *см.* **усомниться.**

УСУША́ТЬ *несов. см.* **усушить.**

УСУША́ТЬСЯ *см.* **усушиться.**

УСУШИ′ТЬ, шу *сов.* кептіру, құрғату.

УСУШИ′ТЬСЯ кебу, құрғау.

УСУ′ШКА 1) құрғату, кептіру; 2) кеуіп кему.

УСЫ′, усов *мн., ед.* ус мұрт.

УСЫЛА′ТЬ *несов.* жіберу.

УСЫЛА′ТЬСЯ алысқа жіберілу.

УСЫНОВИ′ТЬ, влю *сов.* бала етіп алу.

УСЫНОВЛЕ′НИЕ асырап алу, бала етіп алу; **у. сироты** жетім баланы өз баласы қылып алу.

УСЫНОВЛЯ′ТЬ *несов. см.* **усыновить.**

УСЫНОВЛЯ′ТЬСЯ біреуге бала болу.

УСЫПА′ЛЬНИЦА бейіт (аталас кісілердің өлігін қоятын көр).

УСЫПА′ТЬ, плю *сов.* себу, шашу; *перен.* **у. путь цветами** жолға гүл шашып тастау; **у. путь песком** жолға құм төгіп тастау; **лицо, усыпанное веснушками** бетін безеу қаптаған.

УСЫ′ПАТЬСЯ *несов.* себілу, шашылу, көп себілу.

УСЫПИ′ТЕЛЬНЫЙ, лен 1) ұйқытайтын, ұйқысыратын; 2) *перен.* жалықтырып шаршататын, ұйқы келтіретін; **у. порошок** ұйқытатып тастайтын дәрі.

УСЫПИ′ТЬ, плю *сов.* 1) ұйқытату, елту; 2) нашарландыру; 3) өлтіру.

УСЫПЛЕ′НИЕ елтіру; ұйқытату.

УСЫПЛЯ′ТЬ *несов. см.* **усыпить.**

УСЫХА′ТЬ *несов.* кебу, кеуіп азаю, кему.

У′СЬКАТЬ *несов.* итті айтақтау, өшіктіру.

УТА′ИВАТЬ *несов. см.* **утаить.**

УТА′ИВАТЬСЯ жасырыну, тығылу.

УТАИ′ТЬ, утаю *сов.* жасыру, тығып сақтау.

УТА′ЙКА жасыру, тығып қою.

УТА′ПТЫВАТЬ *несов.* таптау, нығыздау (аяқпен).

УТА′ПТЫВАТЬСЯ тапталу, нығыздалу, жаншылу.

УТА′СКИВАТЬ *несов. см.* **утащить.**

УТА′ЧКА қыйып қысқарту, жіңішкерту.

УТАЩИ′ТЬ, щу *сов.*; а. ып кету, алып қашу, ұрлап кету.

УТАЩИ′ТЬСЯ әрең кету, сүйреті ліп кету.

У′ТВАРЬ *собир. ж.* ыдыс-аяқ, әбзел-мүлік; **домашняя у.** үй-іші әбзелі.

УТВЕРДИ′ТЕЛЬНЫЙ, лен растайтын, анықтайтын, бекітетін; **утвердительно** *нар.*

УТВЕРДИ′ТЬ, ржу *сов. см.* **утверждать.**

УТВЕРДИ′ТЬСЯ бекітілу, нығайтылу.

УТВЕРЖДА′ТЬ *несов.* бекіту, нығайту; **у. соглашение** келісімді бекіту **клятвенно у.** ант ішіп нандыру.

УТВЕРЖДА′ТЬСЯ бекітілу.

УТВЕРЖДЕ′НИЕ бекіту, нығыту, айтуы, ойы; **у. в должности** орынға қою; **у. государственного бюджета** мемлекеттік бюджетті бекіту.

УТЕКА′ТЬ *несов.* 1) ағып кету, ағып біту; 2) *перен.* қашу, кетіп қалу, қашып құтылу; жоқ болу, жоғалу, өту; **много времени утекло** көп уақыт өтіп кетті.

УТЁНОК *уменьш.* үйрек балапаны.

УТЕПЛЕ′НИЕ жылыту.

УТЕПЛИ′ТЬ, лю *сов.* жылыту жағу.

УТЕПЛЯ′ТЬ *несов. см.* **утеплить.**

УТЕПЛЯ′ТЬСЯ *несов. см.* **утеплять.**

УТЕРЕ′ТЬ, утру *сов. см.* **утирать.**

УТЕРЕ′ТЬСЯ сүрту, сүртіну.

УТЕРПЕ′ТЬ, плю *сов.* (чаще употр. с отриц.) шыдау.

УТЕ′РЯ жоғалған нәрсе, жоғалу.

УТЕ′РЯННЫЙ жоғалған.

УТЕРЯ′ТЬ *сов.* жоғалту.

УТЁС жартас, құз.

УТЁСИСТЫЙ жартасты, құзды.

УТЕСНЕ′НИЕ тарылту, тығыздау жәбірлеу, қысу.

УТЕСНИ′ТЬ, ню *сов.* тығыздау тарылту; ысыру, қысу.

УТЕСНИ′ТЬСЯ тығыздалу, қысылу, сыйысу.

УТЕСНЯ′ТЬ *несов. см.* **утеснить.**

УТЕСНЯ′ТЬСЯ *см.* **утесниться.**

УТЕ′ХА рахат, кәйіп, зауық.

УТЕ′ЧКА ағып кему; **у. нефти** мұнайдың ағып кемуі.

УТЕ′ЧЬ, теку *сов. см.* **утекать.**

УТЕША′ТЬ *несов.* жұбату, тыныштыту, көңілдендіру, қуанту.

УТЕША′ТЬСЯ тыныштану, жұбану, көңілдену.

УТЕШЕ′НИЕ жұбату, көңілдендіру, жұбану, көңілдену, зауық.

УТЕШИ′ТЕЛЬ, *ж.* **утешительница** жұбатушы, көңілдендіруші.

УТЕШИ′ТЕЛЬНЫЙ, **лен** жұбатқыш, көңілдендіргіш, зауықты, көңілдендіретін; **утешительно** *нар.*

УТЕ′ШИТЬ, шу *сов. см.* **утешать.**

УТЕ′ШИТЬСЯ *см.* **утешаться.**

УТИЛИЗА′ТОР утилизатор: 1) пайдаға жаратушы, іске асырушы; 2) ескі-құсқы заттар заводының жұмыскері.

УТИЛИЗА′ЦИЯ утилизация (пайдаға жарату).

УТИЛИЗИ′РОВАННЫЙ пайдаға жараған, іске асырылған.

УТИЛИЗИ′РОВАТЬ, рую *сов. и несов.* пайдаға жарату, іске асыру.

УТИЛИЗИ′РОВАТЬСЯ пайдаға жаратылу, іске асырылу.

УТИЛИТАРИ′ЗМ утилитаризм: 1) буржуазиялық этикалық оқуы; 2) пайдакүнемдік.

УТИЛИТАРИ′СТ утилитаризмді жақтаушы пайда күнемшіл.

УТИЛИТА′РНЫЙ 1) пайдалы; пайдакүнем; 2) практикалық мәні бар.

УТИ′ЛЬ *собир. м.* утиль ескі-құсқы.

УТИЛЬСЫРЬЁ *см.* **утиль.**

УТИЛЬЦЕ′Х ескі-құсқыдан заттар істеп шығаратын цех.

УТИ′НЫЙ *прил. к* **утка**; **у. пух** үйрек мамығы.

УТИРА′ТЬ *несов.* сүрту, сүртіп құрғату.

УТИРА′ТЬСЯ *см.* **утереться.**

УТИ′СКИВАТЬ *несов.* тығыздап салу.

УТИ′СКИВАТЬСЯ тығыздап салыну.

УТИХА′ТЬ *несов.* басылу, тыныштану, жайлану; **ветер утих** жел басылды.

УТИ′ХНУТЬ, ну *сов. см.* **утихать.**

УТИХОМИ′РИТЬ, рю *сов.* тыныштандыру, басу, жуасыту.

УТИХОМИ′РИТЬСЯ тыныштану, басылу, жуасу.

У′ТКА[1] үйрек; **дикая у.** жабайы үйрек.

У′ТКА[2] көптірме, өтірік, жалған хабар.

УТКА′ТЬ, ку *сов.* кестелеп тігу.

УТКНУ′ТЬ, ну *сов.* сұғу, тығу.

УТКНУ′ТЬСЯ қадала қарау, тіре-лу; **у. в книгу** кітапқа қадалу (тесіле оқу).

УТКОНО′С (зоол.) үйрек тұмсық (үйрекке ұқсас жәнтік).

У′ТЛЫЙ ескірген, тесілген, тозған, шіріген; **утлая лодка** ескі қайық.

УТО′К, **утка** арқау, арқау жіп, (тоқу жұмысында).

УТОЛЕ′НИЕ: **у. жажды** сусының қандыру.

УТОЛИ′ТЬ, лю *сов. см.* **утоление.**

УТОЛО′ЧЬ, лку *сов.* түйіп уату, уақтау.

УТОЛО′ЧЬСЯ *сов.* түйіліп уатылу, үгітілу.

УТОЛСТИ′ТЬ, лщу *сов.* жуандау, қалыңдау.

УТОЛСТИ′ТЬСЯ жуандану, қалыңдану.

УТОЛЩА′ТЬ *несов. см.* **утолстить.**

УТОЛЩА′ТЬСЯ *см.* **утолститься.**

УТОЛЩЕ′НИЕ 1) жуандау, қалыңдау; 2) жуандаған жері.

УТОЛЩЁННЫЙ жуандаған, қалыңдатылған.

УТОЛЯ′ТЬ *несов. см.* **утолить.**

УТОМИ′ТЕЛЬНЫЙ, **лен** жалықтыратын, зеріктіретін, қажытатын, шаршататын; **у. разговор** жалықтыратын әңгіме; **утомительно** *нар.*

УТОМИ′ТЬ, млю *сов.* шаршату, әлсіретту, зеріктіру.

УТОМИ′ТЬСЯ болдыру, шаршау, қажу, зерігу.

УТОМЛЕ′НИЕ шаршау, болдыру, қажу, әлсіреу.

УТОМЛЁННЫЙ болдырған, қажыған, әлсіреген.

УТОМЛЯ′ЕМОСТЬ шаршау, болдыру, зерігу, қажу.

УТОМЛЯ′ТЬ *несов. см.* **утомить.**

УТОМЛЯ́ТЬСЯ шаршау, болдыру.

УТОНУ́ТЬ *сов. к* **тонуть** *и к* **утопать** *в 1 знач.* суға кету, бату.

УТОНЧА́ТЬ *несов.* 1) жіңішкерту, жұқарту; 2) *перен.* нәзік.

УТОНЧА́ТЬСЯ *см.* **утончиться.**

УТОНЧЕ́ННОСТЬ жіңішкелік, жұқалық, нәзіктік.

УТОНЧЁННЫЙ, чён жұқа, жіңішке, нәзік; **утончённо** *нар.*

УТОНЧИ́ТЬ, чу *сов.* 1) жіңішкерту; 2) *перен.* нәзік ету.

УТОНЧИ́ТЬСЯ жіңішкеру, жұқару, нәзіктену.

УТОПА́ТЬ *несов.* (о судне) бату, шому, сүңгу, қарық болу; **у. в богатстве** байлыққа бату; **у. в роскоши** дүниеге қарық болу; **у. в крови** қанға бату.

УТОПА́ЮЩИЙ суға батып бара жатқан адам.

УТОПИ́ЗМ утопизм (құрғақ хиял).

УТОПИ́СТ утопист (қиялға салынған кісі, утопиялық социализмді жақтаушы).

УТОПИ́ТЬ, плю *сов.* 1) батырып жіберу, сүңгітіп жіберу, суға кетіру; 2) *перен.* су түбіне жіберу.

УТОПИ́ТЬСЯ суға кетіп өлу.

УТОПИ́ЧЕСКИЙ, утопичный болмайтын, орындалмайтын, хияли.

УТО́ПИЯ утопия (орындалмайтын бос хыял).

УТО́ПЛЕННИК, *ж.* **утопленница** суға кеткен адам.

УТОПТА́ТЬ, пчу *сов.* таптау, нығыздау, жаншу, жаныштау, езу.

УТО́Р ағаш ыдыстың түбіне салынған кертік.

УТО́РИТЬ, рю *сов.* қобылау, керту; **у. боченок** күбі шелекті қобылау.

У́ТОЧКА *уменьш.* үйрек.

УТОЧНЕ́НИЕ анықтау, жөндеу.

УТОЧНЁННЫЙ анықталған.

УТОЧНИ́ТЬ, ню *сов.* анықтау, анығына жету.

УТОЧНИ́ТЬСЯ анықталу.

УТОЧНЯ́ТЬ *несов. см.* **уточнить.**

УТОЧНЯ́ТЬСЯ анықталу.

УТРА́ИВАТЬ *несов.* үш еселеу, үш есе көбейту.

УТРА́ИВАТЬСЯ үш есе көбейтілу.

УТРАМБОВА́ТЬ, бую *сов.* таптау, түйгіштеу, нығыздау (жолды, көпірді).

УТРАМБОВА́ТЬСЯ тапталу, түйгіштелу, нығыздалу.

УТРАМБО́ВКА *см.* **утрамбовать.**

УТРАМБО́ВЫВАТЬ *несов. см.* **утрамбовать.**

УТРАМБО́ВЫВАТЬСЯ *см.* **утрамбоваться.**

УТРА́ТА шығындау, шығындану; қазаға ұшырау; **у. отца** әкесі өлген.

УТРА́ТИТЬ, трачу *сов. см.* **утрачивать.**

УТРА́ТИТЬСЯ жоғалу, шығындану, жойылу.

УТРА́ЧИВАТЬ *несов.* жоғалу, жоғалту, шығындандыру, айрылу, жою.

УТРА́ЧИВАТЬСЯ *см.* **утратиться.**

У́ТРЕННИЙ ертең, ертегілілік, таңертеңгі; **у. гудок** ертеңгіліккі гудок; **утренние холода** ертеңгі салқын; **утреннее молоко** ертеңгі сауған сүт.

У́ТРЕННИК ертеңгі ызғар; **детский у.** балалардың ертеңгі ойын-сауығы.

У́ТРЕНЯ *см.* **заутреня.**

У́ТРЕЧКО *уменьш.* таңсәрі, таңертең.

У́ТРЕЧКОМ *нар.* ертеңмен, таң алагеуімде.

УТРИ́РОВАТЬ, ирую *сов. и несов.* теріс бұрмалау; асыра сілтеу; көпіртіп айту, асыра үлкейту.

УТРИ́РОВАТЬСЯ теріс бұрмалану, асыра үлкейтілу, көпірте айтылу.

УТРИРО́ВКА теріс бұрмалау, өте асырып айту.

У́ТРО таңертең, ерте; **в восемь часов утра** ертеңгі сағат сегізде; **с утра** ертеден.

УТРО́БА құрсақ, қарын; **в утробе матери** шешесінің құрсағында.

УТРО́БНЫЙ *прил. к* **утроба; утробная жизнь ребенка** баланың құрсақта жатқандағы өмірі.

УТРОЕ́НИЕ үш еселеу, үш рет көбейту.

УТРО́ИТЬ, рою *сов.* үш есе көбейту, үш есе өсіру, үш еселеу.

У́ТРОМ *нар.* ертемен, таңертең-

УТРУДИ́ТЬ, тружу *сов.* беймазалау, уақыт алу, уақытын бөлу.

УТРУЖДА́ТЬ *несов. см.* **утрудить.**

УТРУЖДЕ́НИЕ *см.* **утрудить.**

УТРУ́СКА шашылып, төгіліп азаю, кему.

УТРЯСА́ТЬ *несов. см.* **утрясти.**

УТРЯСА́ТЬСЯ шашылып кемуі, азаю.

УТРЯСТИ́, су *сов.* 1) сілкіп кемітy; 2) сілкіп шаршату, қалжырату; 3) *перен.* мәмлесіру, жөнге келтіру.

УТРЯСТИ́СЬ 1) сілкіп ныгыздалу; 2) *перен.* реттелу, жөнделу, дұрысталу.

УТУЧНИ́ТЬ, ню *сов.* тыңайту, тыңдандыру, құнарландыру.

УТУЧНИ́ТЬСЯ өңделу, тыңаю, тыңдану (жер); семіру.

УТУЧНЯ́ТЬСЯ *несов. см.* **утучниться.**

УТУШИ́ТЬ[1], шу *сов.* 1) сөндіру, өшіру (отты); 2) *перен.* басу, тоқтату; у. **гнев** ашуын басу.

УТУШИ́ТЬ[2], шу *сов.* сүрлеу.

УТУШИ́ТЬСЯ сүрлену.

УТЫ́КАТЬ, тычу и аю *сов.* қағу, қадау, тығындау.

УТЮ́Г үтік (өтек).

УТЮ́ЖИТЬ, жу *несов.* өтектеу (үтіктеу).

УТЮ́ЖИТЬСЯ өтектелу (үтіктелу).

УТЮ́ЖКА өтектеу, (үтіктеу).

УТЯЖЕЛИ́ТЬ, лю *сов.* ауырландыру, салмақтандыру.

УТЯЖЕЛИ́ТЬСЯ ауырлану, салмақтану.

УТЯ́ТИНА үйрек еті.

УФ *междом.* уһ; **уф, устал!** уһ! шаршадым.

УХ *междом.* уһ, аһ.

УХА́ балық сорпасы.

УХА́Б оқап, шұңқыр (жол үстіндегі қазылып қалған жер).

УХА́БИНА үлкен оқап, шұқыр (жолда).

УХА́БИСТЫЙ, **бист** оқапты, шұңқырлы; **ухабистая дорога** оқапты жол, шұңқырлы жол.

УХА́ЖИВАНИЕ бағу, күту, көңілін аулау.

УХА́ЖИВАТЬ *несов.* бағу, күту.

У́ХАНЬЕ аһлау, әупілдеу (күш қосып).

У́ХАРСТВО кекірейгендік, кекшігендік.

У́ХАРЬ *м.* батыл адам.

У́ХАТЬ *несов.* күрс ету, дүңк ету, әупілдеу; (бірлесіп күш қосып).

У́ХАТЬСЯ *см.* **ухнуться.**

УХВА́Т қыпсырма көсеу.

УХВАТИ́ТЬ, хвачу *сов. см.* **ухватывать.**

УХВАТИ́ТЬСЯ 1) ілігу, ұстап алу, шап етіп ұстау; **падая, я ухватился за край лодки** қуалап бара жатып қайықтың ернеуінен ұстап алдым; 2) *перен.* арқа сүйеу, жәрдем табу; у. **за случай** бір іске жабыса кету.

УХВА́ТКА әрекет, шапшандық, ептілік.

УХВА́ТЛИВЫЙ, **лив** амалшыл, шапшаң, епті, айлакер.

УХВА́ТЫВАТЬ *несов.* ұстап алу; *перен.* тез түсіну, ұғып алу.

УХВА́ТЫВАТЬСЯ *см.* **ухватиться.**

УХИТРИ́ТЬСЯ, рюсь *сов. см.* **ухитряться.**

УХИТРЯ́ТЬСЯ шеберлікпен істеу, айласын табу, ақылы жету.

УХИЩРЕ́НИЕ айла, құлық, жылпостық.

УХИЩРЁННЫЙ айлалы, қу, жылпос.

УХИЩРЯ́ТЬСЯ құлық істеу, жылпостық істеу.

УХЛО́ПАТЬ *сов.* сарып ету, жұмсау; **я ухлопал много денег** мен көп ақша жұмсадым.

УХЛО́ПЫВАТЬ *несов. см.* **ухлопать.**

УХМЫЛЬНУ́ТЬСЯ, нусь *сов.* жымыйып күлу, күлімсіреу, езу тарту.

УХМЫЛЯ́ТЬСЯ *несов. см.* **ухмыльнуться.**

У́ХНУТЬ *сов. см.* **ухать.**

У́ХНУТЬСЯ шаншыла құлау, күмп етіп құлау.

У́ХО, *мн.* **уши**, ей құлақ; **тугой на у.** құлағы шала еститін (кісі); **в одно у. вошло, в другое вышло** бір құлақ тан кіріп, екіншісінен шығып кетті; **шептать на у.** құлаққа сыбырлау.

УХОВЁРТКА (зоол.) айыркүйрық.

УХО́Д 1) кетіп қалу; 2) күтім, бағу; **у. за больными** ауруларды күту, бағу, қарау; **у. за детьми** балаларды бағу, күту.

УХОДИ́ТЬ, хожу *несов.* шығу, кету; **у. в нору** ініне кіріп кету; **время уходит** уақыт өтеді.

УХОДИ́ТЬСЯ басылу; тынышталу; көну.

УХОРОНИ́ТЬСЯ, нюсь *сов.* жасырыну; құтылу.

УХУДША́ТЬ *несов.* төмендету, нашарлату.

УХУДША́ТЬСЯ *см.* **ухудшиться.**

УХУДШЕ́НИЕ төмендеу, нашарлату, нашарлау, әлсіздендіру, әлсіздену.

УХУ́ДШИТЬ, шу *сов. см.* **ухудшать.**

УХУ́ДШИТЬСЯ нашарлану, төмендеу, әлсіздену.

УЦЕЛЕ́ТЬ *сов.* аман қалу, бүтін қалу; **сарай уцелел от пожара** сарай өрттен аман қалды.

УЦЕ́НИВАТЬ *несов. см.* **уценить.**

УЦЕ́НИВАТЬСЯ бағасы кемтілу, төмен түсу, төмендеу.

УЦЕНИ́ТЬ, ню *сов.* бағаны кемітту, төмен түсіру, төмендету.

УЦЕПИ́ТЬСЯ, плюсь, пишься *сов.* жабысу, ілігу, айрылмау; **у. обеими руками** екі колымен жармасу.

УЦЕПЛЯ́ТЬСЯ *несов.* к **уцепиться.**

УЧА́СТВОВАТЬ, ствую *несов.* қатысу, ішінде болу; **у. в голосовании** дауыс беруге қатысу; **участвую в горе вашем** қайғыңызға ортақпын.

УЧА́СТВУЮЩИЙ и **участвующая** *род. п.* его и ей қатысушы, ішінде болушы.

УЧА́СТИЕ қатысу, қатыс; **у. в общественной работе** қоғам жұмысына қатысы.

УЧАСТИ́ТЬ, чащу *сов.* жыйы ету, жылдамдану.

УЧАСТИ́ТЬСЯ жыйылану, жылдамдану.

УЧАСТКО́ВЫЙ учаскелік.

УЧА́СТЛИВЫЙ, лив мейірімді, жұмсақ, көнілді; **участливо** *нар.*

УЧА́СТНИК, *ж.* **участница** қатысушы, бірігуші.

УЧА́СТОК, тка учаска, учаске алап; саласы, тармағы.

У́ЧАСТЬ *ж.* тағдыр, жазмыш, нәсіп.

УЧАЩА́ТЬ *несов.* жиілету, жиілендіру, қайталай беру.

УЧАЩА́ТЬСЯ жиілену, қайталай беру.

УЧАЩЁННЫЙ жиіленген, шапшаңданған; **у. пульс** жиі соққан тамыр.

УЧА́ЩИЙ и **учащая** *род. п.* его и ей оқытушы.

УЧА́ЩИЙСЯ и **учащаяся** *род. п.* щегося и щейся, *сущ.* оқушы.

УЧЁБА оқу, үйрену, білім алу.

УЧЕ́БНИК оқу кітабы, оқу құралы.

УЧЕ́БНЫЙ *прил. к* **учеба; учебная работа** оқу жұмысы; **у. год** оқу жылы.

УЧЕ́НИЕ оқу, үйрену, оқыту, үйрету.

УЧЕНИ́К, *ж.* **ученица** оқушы-шәкірт.

УЧЕНИ́ЧЕСКИЙ оқушынікі; **ученическая жизнь** оқушының, оқушылық (шәкірттік) тұрмысы.
